

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

МАРДАН САПАРБАЕВ ИНСТИТУТЫ

Жанибекова Гулнар Ордабековна



ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ



Дәріс жинағы

ШЫМКЕНТ, 2020 жыл

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МАРДАН САПАРБАЕВ ИНСТИТУТЫ

Жанибекова Гулнар Ордабековна

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ

Дәріс жинағы

ШЫМКЕНТ, 2020 ЖЫЛ

ӘӨЖ 378.147: 377.2

ББК 74.48.73

«Инклюзивті білім беру» пәнінен дәріс жинағы. Жанибекова Г.О.
Шымкент, 2020ж., Мардан Сапарбаев институты, _98_бет.

«БВ010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының студенттеріне арналған дәріс жинағы «Инклюзивті білім беру» пәнінен дәріс сабақтарды ұйымдастыру мен өткізуде көмекші құрал ретінде пайдаланылады. Дәріс жинағы пәннің оқу жоспары мен бағдарламасының талаптарына сәйкес құрастырылған, дәріс сабақтарға қажетті барлық мәліметтер қамтылған.

Пікір беруші: PhD докторы Сахива Ф.А.

Пікір беруші: п.ғ.к. Мунашова Ж.Б.

«Инклюзивті білім беру» пәні бойынша дәріс жинағы «Гуманитарлық пәндер» кафедрасының мәжілісінде талқыланған.

Хаттама № 8 «16» 03. 2020ж.

Әдістемелік нұсқау Мардан Сапарбаев институтының Оқу-әдістемелік кеңесінде қарастырылған.

Хаттама № 4 «25» 03.2020ж.

© Мардан Сапарбаев институты, 2020.

Мазмұны

1. Глоссарий.....	6
2. Кіріспе.....	10
3. 1-дәріс Инклюзивті білім беру туралы түсінік.....	11
4. 2-дәріс Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтың кәсіби құзіреттілігі туралы түсінік.....	23
5. 3-дәріс Сенсорлық бұзылысы бар балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосу.....	28
6. 4-дәріс Тірек- қимыл аппараты зақымдалған балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосу.....	37
7. 5-дәріс Зияты зақымдалған балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосу.....	43
8. 6-дәріс Эмоционалды –ерік сферасы зақымдалған балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосу.....	52
9. 7-дәріс Жалпы білім беру мектептерінде мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.....	58
10. 8-дәріс Мүмкіндігі шектеулі балалармен, олардың ата-аналарымен, оқушылармен жүргізілетін жұмыстар.....	69
11. 9-дәріс Білім берудегі инклюзивті үрдісті басқару.....	73
12. 10-дәріс Инклюзивті тәжірибедегі педагогикалық техника.....	79
13. Тест тапсырмалары.....	85

Глоссарий

Абстракциялау - затты, құбылысты немесе әлдебір процессті зерттеуде, зерттеушінің қандай да бір белгілерден басқа, процесстің осы орайдағы өзіне қызықты тұстары мен белгілеріне баса назар аударуы.

Адаптация - жеке тұлғаның әлеуметтік ортаның жағдайына қарай бейімделуі және одан туатын нәтиже; ыңғайлану, икемделу.

Акалькулия – бас миының сол жақ жарты шарындағы қарақұс аумағының ошақтық қабынуы немесе дамымауы нәтижесінде пайда болатын есептеу, санау қабілеттерінің бұзылуы.

Амблиопия (грекше *amblius*-төмендеу, *әлсіреу*+*ops*, *opos*-көз) - көру қабілетінің төмендеуі.

Аменция (латынша *amentia*-нақұрыстық, алаңғасарлық) - нақұрыстық, алаңғасарлық, ақылсыздық.

Анамнез (гректің *anamnesis* – еске түсіру деген сөзінен алынған) – жеке реабилитациялық бағдарламалар арқылы емдеу жолдарын белгілеу немесе диагноз қою мақсатындағы аурудың өтуі, қоршаған ортасы туралы толық мәліметтердің жинақталған бірлігі.

Аномальді балалар - психикалық және физикалық даму мөлшерінен (нормадан) ауытқыған балалар.

Асфиксия - туылу кезіндегі ұрыққа оттегінің жетіспеушілігі

Астения (гректің *asthenia* - әлсіздік деген сөзінен) – ұзақ уақытқа созылатын ақыл-ой және физикалық қозғалысқа түсу кезіндегі шектен тыс қажу, шаршаумен сипатталатын әлсіздік жағдайы.

Аутизм («ішкі өмірді игеріп алу» болып саналады) симптомдар тобымен анықталады, оның өзі адамның, қоғамның ортасында, сферасында байқалып отырады, үш жас шамасына жеткенше білінеді.

Ауыр кемістік - мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес білім беру қолжетімді болмайтын және оқыту мүмкіндіктері өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын, қоршаған дүние туралы қарапайым білімдерді және қарапайым еңбек дағдыларын немесе аясы тар кәсіби даярлықты меңгерумен шектелетін дәрежедегі психикалық және дене кемістігі.

Аутотренинг - (аутогенді жаттығулар) кеңейтілген кәсіптік-психотерапиялық әдісі, арнайы жаттығулардың жиынтығы, оның өзі мінез-құлықты өзін-өзі ретке келтіруші және өзіндік сенімге немесе иланғыштыққа негізделуі мүмкін.

Әлеуметтік стереотип - танымдардың төтенше тұрақты жиынтық жеке тұлғалық өмірлік тәжірибесі бағытында қалыптасқан әлеуметтік объектідегі көп түрлі ақпараттар көзі негізіндегі немесе жағдайдағы

яғни сол жерде адам ойланбай ақ өзінің мінез - құлқын басшылыққа ала біледі.

Әдіснама (методология) - (грек тіліндегі *methodos* - зерттеу және тану жолдары, *logos* - түсінік, ілім) - теориялық және практикалық жұмыстарды, сондай-ақ осы жүйе туралы ілімді құру және ұйымдастыру принциптері мен әдістерінің жүйесі.

Дефектология - аномальді балалардың психо-физиологиялық дамуындағы ерекшеліктерді зерттеумен және оларды оқыту мен тәрбиелеудің заңдылықтарымен айналысатын педагогика ғылымының бір саласы.

Дезадаптация - организмнің тіршілік ету жағдайына, ең бірінші әлеуметтік ортаның жағдайына бейімделуін бұзу.

Дене кемістігі - ағзасы дамуының және жұмыс істеуінің ұзақ уақыт бойы әлеуметтік, медициналық, педагогикалық түзеу арқылы қолдауды қажет ететіндей созылмалы бұзылуы.

Жеке адам (индивид) - адам табиғаттың ерекше бір жаратылысы, биологиялық түрдің өкілі, өзіндік сипаттар кіргізуші.

Жақын уақыттағы даму аймағы - баланың дәл қазір меңгере алмағанымен, үлкен адамның көмегімен, қатысуымен меңгере алатын тапсырманың ерекше қиын диапазоны. Бұл ұғымды Л.С. Выготский ұсынған.

Интерриоризация - сыртқы іс-әрекеттердің ішкі іс-әрекеттерге өту процесі.

Компенсация (латын тілінен аударғанда *Compensatio* организмдегі бұзылған немесе кемшіліктері бар функцияларды теңестіру, алмастыру дегенді білдіреді. Бұл туа пайда болған немесе жүре пайда болған аномалиялардың әсерінен организмнің қалыптасуын анықтайтын күрделі процесс.

Кемтар бала (балалар) - белгіленген тәртіппен расталған, туа біткен, тұқым қуалаған, жүре пайда болған аурулардан немесе жарақаттардың салдарынан тіршілік етуі шектелген, дене және психикалық кемістігі бар он сегіз жасқа дейінгі балалар.

Парез (гректің. *paresis* - әлсіреу деген мағынасын береді) - сәйкес қимылдық иннервацияның бұзылуынан белсенді қозғалыстардың амплитудасы мен күшінің азаюы.

Түзету - ақыл-ойы және дене дамуында кемістігі бар тұлғаның ақауын түзету, емдеу, азайтуға мүмкін болса жоюға бағытталған педагогикалық шаралар немесе құралдар жүйесі.

Шеберлік - жеке бір баланың белгілі бір сыныптың тапсырмасын орындау жолдары, оларды тез және дәл атқаруға мүмкіндік беретін практикалық және теориялық іс-әрекеттерге дайындығы; ол жаттығулар арқылы қалыптасады, жетіле келе дағдыға айналады.

Коррекция (латын тілінен аударғанда correctio түзету) дамудағы психофизикалық кемшіліктерді түзетуге бағытталады. Коррекциялау терминін қолданған кезде, жеке кемшіліктерді (көру, есту) түзету деп қабылдағандай, аномальды баланың жеке тұлға ретіндегі қалыптасуына біртұтас әсер ету арқылы оларды оқыту мен тәрбиелеу кезінде жетістіктерге жетуді мақсат етіледі.

Күрделі кемістік - екі немесе одан да көп дене және психикалық кемістігінің ұштасуы.

Логопедия - тілдің кемістігі және одан арылу жолдары туралы ғылым.

Микроцефалия - туа пайда болған мидың салмағының кішкене болуымен сипатталатын ми дамуының бұзылысы.

Миелинизация - бұл процесстің барысында миелин (май заттары) импульстарды беру және нейрондар арасындағы байланысты іске асыру жылдамдығын күшейте отырып, аксондарды изолятор секілді бүркейді

Оқыту әдісі - дидактикалық міндеттерге жетуге бағытталған өзара байланысқан ұстаз бен оқушы балалардың жұмыс тәсілдерінің жүйесі.

Оқытуды жекешелендіру (индивидуализациялау) - оқушылардың жеке бастарының ерекшеліктерін есепке ала отырып, оқу процесін ұйымдастыру, ол әр оқушының барлық мүмкіндігін жүзеге асыру үшін тиімді жағдай туғызады.

Олигофренопедагогика - дамуы артта қалған балаларға арналған педагогика саласы.

Педагогикалық рефлексия - басқан қадамдарға талдау жасау, алынған нәтижені бағалау, оларды қойылған мақсатпен салыстыру.

Педагогикалық техника - ұстаздардың шәкірттерінің белсенділігін ынталандыру мақсатында қолданатын әртүрлі шеберліктері мен ықпалды әдіс - тәсілдері.

Психикалық кемістік - адамның психикасы дамуының және жұмыс істеуінің уақытша немесе тұрақты кемістігі, соның ішінде: сенсорлық бұзылыстардың салдары; сөйлеу бұзылыстары; эмоция-еркі жағынан бұзылыстары; ми зақымдануының салдары; ақыл-ой дамуының бұзылыстары, соның ішінде ақыл-ой жағынан кенжелеп қалу; психикалық дамуының тежелуі және осыған байланысты оқып-үйренудегі өзіндік қиындықтар.

Психиканың пренаталдық дамуы - тұқым қуалаушылықпен, сондай-ақ құрсақтағы ортаның ықпал етуімен анықталатын психиканың туғанға дейінгі дамуы.

Постнатальдық өмір - баланың туғаннан кейінгі өмірі.

Реабилитация дамудағы кемшілікті және оқыту мен тәрбиелеуді қалпына келтіру мен жеңілдету бағытындағы медициналық құралдардың көмегімен

жүзеге асады. Реабилитациялау процесінде аурудың әсерінен болған кемшіліктер компенсацияланады.

Рефлексия - адамның өзін-өзі: ішкі психикалық жақтарды, өзінің ерекшеліктері мен ішкі күйін, жан-дүниесін тани білуі, өзін басқалардың қалай қабылдайтынын сезініп, жүріс-тұрысын басқалардың ықтимал реакцияларын есепке ала отырып құру.

Түзету - ақыл-ойы және дене дамуында кемістігі бар тұлғаның ақауын түзету, емдеу, азайтуға мүмкін болса жоюға бағытталған педагогикалық шаралар немесе құралдар жүйесі

Тифлопедагогика - соқырлар мен нашар көретіндер педагогикасы

Этиология (гректің *aitia* - себеп, *logos* – оқу деген сөзінен алынған) – аурудың патологиялық жағдайларын зерттеумен айналысатын ғылым.

Эмоциялар - адамға әсер етуші құбылыстар мен ситуациялардың маңызын уайымдау формасында көрінетін психикалық көріністер. Эмоциялар адамның айналадағы дүниеге қарым-қатынасынан, талап-тілектерінің қанағаттандырылуы мен қанағаттандырылмауы туралы уайымдарынан көрінеді.

Эмпатия - басқа адамдардың психикалық жағдайын түсіне білу.

Кіріспе

Гуманизацияның қоғамдағы қажетті шарты - инклюзивті білім беру болып табылады.

Инклюзивті білім беру барлық балалар әртүрлі оқытуды қажет ететін тұлға болып табылады деген ұстанымға бағытталған әдіснаманы дамытуға ұмтылады. Білім беруде түрлі қажеттіліктерді қанағаттандыратын үйрету мен сабақ беру тәсілінің ұтымдысын өңдеп шығаруға инклюзивті білім беру бар күшін салуда. Егер оқыту тиімдірек болса, онда ол бүкіл балаларға оңтайлы жағдайлар туындар еді.

Қазақстанда инклюзивті білім берудің алғашқы қадамдары жасалып жатыр. Инклюзивті білім беру жүйесін дамыту 2011-2020 жылдардағы ҚР Мемлекеттік білім беру бағдарламасының басым бағытының бірі. Мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алуы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген.

Олай болса, инклюзия – кез-келген тұлғалардың білім беру ұйымдарында білім алуын қамтамасыз ететін, бүкіл оқушылардың баламалы мақсаттары қойылған оқу үрдісін қалыптастыратын, әр оқушыны қолдауға, мейлінше әлеуетін ашуға арналған түрлі кедергілерді жоюға бағытталған үрдіс.

Пәннің негізгі мақсаты – инклюзивті білім берудің қағидаларымен және философиялық, әдіснамалық негіздері туралы түсініктерін қатыптастыру, инклюзивті білім берудің құқықтық-нормативтік қамтамасыздандыруда кездесіп отырған кедергілерін жою, ерекше қажеттіліктері бар балалардың психологиялық-педагогикалық қолдауға байланысты заманауи моделдері туралы түсініктері мен инклюзивті тәжірибе аймағында ұйымдастыру мен басқару құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Пәннің негізгі міндеттері:

1. Студенттерге инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық базаларымен және философиялық, әдіснамалық негіздерін ұғындыру,
2. Инклюзивті тәжірибені ұйымдастыру мен жобалау аумағында студенттердің кәсіби құзыреттіліктерінің деңгейін көтеру,
3. Инклюзивті тәжірибе жағдайында білім беру ұйымдарының әдістемелік, басқару жұмыстарымен таныстыру
4. Инклюзивті білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету моделдері туралы түсініктер қалыптастыру,
5. Инклюзивті білім беру ұйымдарындағы білім беру процесіндегі мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу ерекшеліктерін ұғындыру.
6. Мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беруге біріктіру туралы ғылыми-практикалық көзқарастарын қарастыру;

7. Курс бойынша теориялық және практикалық материалдарды қабылдау және түсінуге қажетті негізгі ұғымдық аппаратын меңгерту.

1-дәріс. Инклюзивті білім беру туралы түсінік

Жоспар:

1. Инклюзивті білім беру мақсаты мен принциптері
2. Инклюзивті білім берудің негізгі міндеттері
3. Шетелдердегі инклюзивті білім беру мәселелері

1.Инклюзивті білім беру мақсаты мен принциптері

Әр бала үшін ең алғаш мектепке бару ең жауапты да қиын кезең. Ал мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін бұл кезең әлдеқайда эмоциялық жағынан да, психологиялық жағынан да ауыр болады. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі инклюзивті білім беру қағидаларына бет бұрды. Бұл арнайы қажеттілігі бар балалар үшін мектептерде, мекемелерде жағдай туғызып, оларды жалпы білім беру жүйесіне қосу. Әрбір бала, мүмкіндігінше қажетті деңгейде білім алуы тиісті. *Инклюзив* - сөзі латын тілінен аударғанда «өзімді қосқанда» ал, ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді.

Инклюзивті білім берудің мақсаты: Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен бірге білім беру. Яғни адамның жынысына, дініне, шығу тегіне қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болып табылады. Инклюзивті білім беру- мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы.

Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері:

- Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктермен анықталады;
- Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті;
- Әрбір адам қарым қатынасқа құқылы;
- Барлық адам бір-біріне қажет;
- Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады;
- Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді;
- Әрбір оқушы үшін жетістікке жету-өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру;
- Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету,

сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Тәжірбие көрсеткеніндей қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалады, өйткені қалыптасқан жүйе мұндай балалардың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: **инклюзивтік білім беру дегеніміз** - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді.

2. Инклюзивті білім берудің негізгі міндеттері

Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді. Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал.

Атап айтқанда: жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы. Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік

бағдарламасында» көрсетілді. Осы бағдарлама төңірегінде инклюзивті білім беруді жетілдіру мәселелері қарастырылып, 2015 жылға мына *міндеттерді* шешу көзделген:

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары жасалады;
- мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді;
- түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады;
- мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленеді.

Мемлекеттік бағдарлама негізінде 2020 жылға қарай мектептерде мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жабдықтау арқылы «кедергісіз аймақтар» құруы жоспарланған. 3030 мектепте мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға және тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалу міндеті (мектептерде педагог-дефектологтардың, балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің, арнайы жеке техникалық және компенсаторлық құралдардың болуы) алға қойылған. Үйде білім алатын мүгедек балалар жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, компьютерлік техникамен қамтамасыз ету сияқты істері жүзеге асырылмақшы. Осылайша мемлекетіміз мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғау, олардың қоғамға етене араласуына, оларды оңалту, жұмысқа орналастыру және жаңа жұмыс орындарын құру, білім алу, оқыту, қайта мамандандыруда қолдан келгенше жағдай жасамақшы. Саламан Декларациясына сәйкес инклюзивті білім беру саясатының міндеттері мынадай:

- Әрбір бала білім алуға құқылы және оны алуға тиіс.
- Әрбір баланың дара қабілеттері, қызығушылықтары, қажеттіліктері және оқуға деген мұқтаждықтары болады.
- Білім беру жүйесіне оң өзгерістер, яғни осы мұқтаждықтарды қанағаттандыру мақсатына орай өзгерту.

Осыған орай, инклюзивті білім берудің негізгі 8 принципі туындайды. Яғни ол мына принциптер:

- 1.Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.

6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді. 7.Әрбір оқушы үшін жетістік кежету өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.

8. Жан- жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклюзивті оқыту- оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым ісәрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Сонымен қоса, инклюзивті оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ. Әр бала үшін ең алғаш мектепке бару ең жауапты да қиын кезең. Ал мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін бұл кезең әлдеқайда эмоциялық жағынан да, психологиялық жағынан да ауыр болады. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі инклюзивті білім беру қағидаларына бет бұрды. Бұл арнайы қажеттілігі бар балалар үшін мектептерде, мекемелерде жағдай туғызып, оларды жалпы білім беру жүйесіне қосу. Әрбір бала, мүмкіндігінше қажетті деңгейде білім алуы тиісті. *Инклюзивті оқыту* – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Тәжірбие көрсеткеніндей қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалады, өйткені қалыптасқан жүйе мұндай балалардың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады.

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына

қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді.

Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді. Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал. Атап айтқанда: жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы.

3. Шетелдердегі инклюзивті білім беру мәселелері

XX ғасырдың аяғында көптеген дамыған әлем елдерінде (АҚШ, Ұлыбритания, Швеция, Германия, Скандинавия елдерінде) мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуды дамытуда алдыңғы орында тұрған инклюзивті білім беру болды. Жалпы білім беру үрдісіне енгізілген балаларға оқуды жеңілдететін қосымша арнайы жағдай, көмек, қолдау қарастырылады. Әрбір елде интеграциялаудың өзіндік үлгісі іске асырылуда, бұл білім беруде интеграциялаудың жан-жақты үлгісін құрудың мүмкін еместігін көрсетуде. Инклюзивті білім беруді іске асырып жатқан елдерде айқындалған басым бағыт жалпы мектептік білім беру саласында қарастырып отырған категориядағы балаларды жалпы білім беру үрдісіне міндетті түрде енгізуді көздейді.

Ресейдегі инклюзивті білім беру. 1991 жылдың күзінен бастап Ресейде «Мүмкіндігі шектеулі балаларды интеграциялау» жобасын іске асыру басталды. Нәтижесінде 11 аймақта мүмкіндігі шектеулі балаларды интеграциялап оқытудың экспериментальды алаңдары құрылды. Мүмкіндігі шектеулі балалармен педагогтардың жұмыс істеу мақсатында Ресей Федерациясының білім министрлігі педагогикалық жоғарғы оқу орындарының оқу жоспарына 1996ж 1 қыркүйегінен бастап «Арнайы (коррекциялық) педагогиканың

негіздері», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиясының негіздері» деген курстарды енгізді. Ресей Федерациясының білім және ғылым министрлігінің айтуы бойынша 2008-2009 жылдары инклюзивті білім беру үлгісі экспериментальды түрде көптеген білім беру мекемелеріне енгізілген. Ресейде мүгедек балаларды оқытудың инклюзивті білім беруден басқа да нұсқалары бар: арнайы мектептер мен интернаттар; коррекциялық мектептер; «Интернат-үйлер»; үйден оқыту; қашықтықтан оқыту.

Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді.

Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді. Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал. Атап айтқанда: жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы. *Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады*, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді. Осы бағдарлама төңірегінде инклюзивті білім беруді жетілдіру мәселелері қарастырылып, 2015 жылға мына міндеттерді шешу көзделген:

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары жасалады;
- мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді;
- түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады;
- мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленеді.

Америка Құрама Штаттарында мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту. АҚШтың мүмкіндігі балаларды оқытудағы қазіргі саясаты жалпы және арнайы оқытуды біріктіру ұсыныстарынан тұрады. Бұл біріктірулерде 3 негізгі жолдар бар: «негізгі бағыт», «жалпы білім инициативасы», «енгізу». Бұл арнайы білім беру алаңында үлкен дау-дамай тудыруда. «Негізгі бағыт» мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту негізгі мектептерде оқытуды көздейді.

Бұл балалар қоғамға араласуы керек болғандықтан, оларды әлеуметтік және білім беру қызметтеріне қосу керек деп есептейді. «Жалпы білім беру инициативасы» - бұл АҚШ-тың білім департаментінің арнайы білім беру бөлімінің ұсынысы. Жалпы білім беру инициативасы дамуында ауытқуы бар оқушыларға білім беру шарттарына фундаментальды өзгеріс енгізуді ұсына отырып, «негізгі бағыттан» ары қарай дами түскен. Кейбір дефектологтар мен негізгі мектептің басшылары жалпы білім беру инициативасын мақұлдаса, кейбір дефектологтар мен негізгі мектептің мұғалімдері ауытқуы бар балаларға жалпы білім беру инициативасының әсер ету мүмкіндіктерін түсіну үшін қосымша сынақтар мен зерттеулер қажет дейді.

«Енгізу» моделі балаларды ауытқу түріне және көріну деңгейіне тәуелсіз тұрған жері бойынша жалпы білім беру үрдісіне енгізуді көздейді. Осындай балаларға мамандар тобы жеке оқыту бағдарламасын құрады, сол бойынша оқушының жетістігі бағаланады. Қазіргі кезде АҚШ-та 1990 жылы қабылданған, «ауытқулары бар тұлғалар үшін білім беру акты» деп аталатын заң жұмыс істеуде. Бұл халықтық білім беру жүйесінде бала оқуына қажет тегін білім береді. Ата-анасы баласының оқу мүмкіндігі туралы қорытынды талап ете алады, ол бала дамуындағы ауытқуының бар немесе жоқтығына негіздемеден тұрады. Заң тек арнайы білім алуға ғана емес қосымша қызмет түріне де құқық береді. Арнайы білім беруді Швецияда ұйымдастыру. Бұл елде ерекше қажеттілікке мұқтаж балалар қарапайым сыныптарға орналастырылған және олар онда қажетті қолдау алуда (сыныпта арнайы педагогтың немесе ассистенттің көмегі және көмекші арнаулы құралдарды қолдану). Есту, көру қабілеттері бұзылған, ойлауында қалушылық бар балалар ауытқулары бойынша бөлінген арнайы мектептерде білім алады, олар мұнда 21-23 жасқа дейін оқи алады. Арнайы мектептер қазір жалпы білім беретін мектептегі сыныптарға кірістірілген балаларды қолдау ресурстарының орталығы болып табылады. Ойлауы артта қалған балаларға арналған арнайы мектептер жалпы білім беретін мектептердің ғимараттарына сыныптарды біріктіру жолымен орналасқан.

Арнайы білім беруді Францияда ұйымдастыру. Франциядағы арнайы білім беру жалпы білім беретін мектептерге дамуында жетпіспеушіліктері бар балалардың санын неғұрлым көбейтуге бағытталған. Дамуында ауытқулары бар балаларды жалпы білім беру үрдісіне енгізу 4 нұсқада орындалуда:

1. Бала қарапайым мектеп бағдарламасы бойынша оқиды, бірақ мектепте немесе одан тыс уақытта оған қосымша қызмет көрсетіледі: емдеу шаралары, тәрбиелеу жұмыстары т.б. Мысалы, тірек-қимыл қызметі бұзылған бала қарапайым сыныпта оқи отырып, сол мектепте немесе жақында орналасқан адаптациялық орталыққа барады.

2. Бала қарапайым мектеп бағдарламасы бойынша оқиды, қосымша күтім алады және қосымша арнайы бағдарлама бойынша қиды. Мысалы, көруі бұзылған бала қарапайым сыныпта оқи отырып, сабақ дайындауға көмек, мұғалімнен қосымша сабақ алады, кеңістікте бағдарлау бойынша сабақтарға қатысады.

3. Бала мектептегі негізгі уақытта арнайы сыныпта, арнайы бағдарлама бойынша оқиды (әдетте психикалық дамында кешігушілік бар балалар). Уақытының басқа бөлігінде қарапайым бағдарлама бойынша өз жасындағы оқушылармен дайындалады.

4. Бала тек арнайы бағдарлама бойынша арнайы сыныпқа барады (әдетте ойлау қабілеті бұзылған балалар). Соған қарамастан ол мектеп өміріне қатысады: біріккен таңғы ас, тәрбие шараларына біріккен қатысу, спорттық және басқа да іс-шараларға қатысу.

Арнайы білім беруді Италияда ұйымдастыру. Өткен ғасырдың 70 жылдарынан бастап арнайы мектептердің арнайы сыныптары оқушыларының үлкен бөлігі жалпы білім беру жүйесіне енгізіле бастады. Бүгінгі күні арнайы қажеттілігі бар балалардың 99 пайызы жалпы білім беретін мектептерде оқиды. Қарапайым сыныпта қолдаушы мұғалімнен арнайы көмек алу үшін дамуында ауытқуы бар бала ретінде тіркелуі керек. Тіркеу тек ата-анасының келісімімен және тек 1 жылға жасалады, мерзім біткеннен кейін арнайы көмекті ұзарту немесе бас тарту туралы шешім шығарылады. Бірақ, Италиядағы арнайы қажеттілігі бар оқушыларды жалпы білім беру ортасына енгізуді дамыту бірнеше мәселелерді шешуді қажет етеді. Көптеген мұғалімдер интеграцияны жоққа шығармайды, тек сынып өміріне енгізуде бірнеше қиындықтар кездесуде. Олар дамуында ауытқуы бар балаларды оқытуда жауапкершілікті қолдаушы мұғалімге артуды ұсынады.

Италиядағы білім берудегі интеграциялау қиындықтары бірнеше себептерге байланысты. Интеграциялау үрдісі аймақтың қажеттіліктеріне зерттеу жұмыстарынсыз, қажетті мамандар бар-жоқтығы анықталмастан басталды. Жалпы білім беретін мұғалімдерді оқыту шектеулі ғана болды. 1 ай ішінде арнайы сабақтар ұтымды нәтижелер бермеді, көптеген мұғалімдер тіптен оқытылмады. Қолдаушы мұғалімдер мен сынып мұғалімдерінің бірлесуі қиындықтар туғызды. Үлкен қиындықтарды ойлау қабілетінің дамуында ауытқуы бар балалардың жалпы білім беру үрдісіне енгізілуінен туындады. Көптеген мамандар мұндай балаларға арнаулы сыныптар ашу керек деп санайды. Алайда, бұл ұсыныс Италияда қаралмай отыр, ол тағы да өзін «төмендету» ретінде көрсеткен арнайы білім беру жүйесін құруға әкеледі деп қауіптенеді.

Италиядағы интеграциялауды кең тұрғыда қарағанда бұл мәселеде мақсатқа жетті деп есептеуге болады. Бірақ, бұл сұрақ бойынша жүйелі орталықтанған өңделген көрсеткіштердің жеткіліксіздігінен білім берудегі интеграциялау үрдісінің нәтижелері жөнінде өте аз белгілі. Бұл тәжірибелерден көретініміз шет елдерде инклюзивті білім беру мәселесі біздің елге қарағанда едәуір жолға қойылған. Бұл елдерде инклюзивті білім беру XX ғасырдың 70 жылдарынан басталған, ал біздің елде екінші мыңжылдықтың басында ғана қолға алына бастады. Европа елерін алатын болсақ, инклюзивті білім беру көптеген мәселелерді шешкен. Бұл елдерде мүгедек балаларға жалпы білім беретін мектептерде қосымша көмек жолдары ұсынылған. Біздің елде мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпыға білім беру ортасына қарай бейімдеу 2002 жылдан басталды. Сол жылы Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғаш рет «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық тәрбиелеу туралы заңды қабылдады». Осы заң аясында жарымжан балаларға ерте бастан білім беру мәселесіне мән берілген. Оларды білім беру, әлеуметтік, медициналық тұрғыда қамтамасыз ету қарастырылған. Ең бастысы, аталмыш заңда инклюзивті білім берудің негізгі принциптері айқындалды. Қазақстан 2008 жылы БҰҰ-ның «Мүгедектердің құқықтары туралы» конвенциясына қол қойып, барлық мүмкіндігі шектеулі жандарға жағдай жасауға міндеттенген. Осы мәселені талқылаған халықаралық конференциялар, түрлі семинарлар ұйымдастырылуда. Сондықтан мемлекеттік «Білім беруді дамытудың 2011-2020» жылдарға арналаған бағдарламасына бірінші рет инклюзивті білім беруді дамыту қосылды. Бұл бағдарламада Инклюзивті білім жүйесін дамытудың мына мәселері көрсетілген: 2015 жылға қарай аталған міндетті шешу үшін:

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары;

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді, түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады;

- мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленеді;

- 2020 жылға қарай мектептерде мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жарақтандыру арқылы «кедергісіз аймақтар» құрылады;

- 2030 мектепте мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға және тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалады (мектептерде

педагогдефектологтардың, балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің, арнайы жеке техникалық және компенсаторлық құралдардың болуы);

•Үйде білім алатын мүгедек балалар жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, компьютерлік техникамен және компьютерлік қамтамасыз ету жинақтарымен қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасында, орта білім жүйесінің ағымдағы жай-күйіне жасалған талдау бойынша «соңғы жылдары мүмкіндіктері шектеулі балалар санының өскен, 2005 жылы олардың саны 124 мыңды құраса, 2010 жылы 149 мыңнан асты. Олардың 41,4%-ы ғана арнайы білім беру бағдарламаларымен қамтылғандығын көрсетті. Аталған категория балаларын оқыту 35 арнайы балабақшада, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының 228 арнайы топтарында, республика бойынша 101 коррекциялық мектепте және жалпы білім беретін мектептердің 1096 арнайы сыныптарында жүзеге асады». Бұл дегеніміз өз білім беру жүйемізде мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмысты ұйымдастырудың өз жолын құруымыз керек деген сөз. Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. XX ғасырдың аяғында көптеген дамыған әлем елдерінде (АҚШ, Ұлыбритания, Швеция, Германия, Скандинавия елдерінде) мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуды дамытуда алдыңғы орында тұрған инклюзивті білім беру болды. Жалпы білім беру үрдісіне енгізілген балаларға оқуды жеңілдететін қосымша арнайы жағдай, көмек, қолдау қарастырылады. Әрбір елде интеграциялаудың өзіндік үлгісі іске асырылуда, бұл білім беруде интеграциялаудың жан-жақты үлгісін құрудың мүмкін еместігін көрсетуде. Инклюзивті білім беруді іске асырып жатқан елдерде айқындалған басым бағыт жалпы мектептік білім беру саласында қарастырып отырған категориядағы балаларды жалпы білім беру үрдісіне міндетті түрде енгізуді көздейді. Ресейдегі инклюзивті білім беру. 1991 жылдың күзінен бастап Ресейде «Мүмкіндігі шектеулі балаларды интеграциялау» жобасын іске асыру басталды. Нәтижесінде 11 аймақта мүмкіндігі шектеулі балаларды интеграциялап оқытудың экспериментальды алаңдары құрылды. Мүмкіндігі шектеулі балалармен педагогтардың жұмыс істеу мақсатында Ресей Федерациясының білім министрлігі педагогикалық жоғарғы оқу орындарының оқу жоспарына 1996ж 1 қыркүйегінен бастап «Арнайы (коррекциялық) педагогиканың негіздері», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиясының негіздері» деген курстарды енгізді. Ресей Федерациясының білім және ғылым министрлігінің айтуы бойынша 2008-2009 жылдары инклюзивті білім беру үлгісі экспериментальды түрде көптеген білім

беру мекемелеріне енгізілген. Ресейде мүгедек балаларды оқытудың инклюзивті білім беруден басқа да нұсқалары бар: арнайы мектептер мен интернаттар; коррекциялық мектептер; «Интернат-үйлер»; үйден оқыту; қашықтықтан оқыту. Америка Құрама Штаттарында мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту. АҚШтың мүмкіндігі балаларды оқытудағы қазіргі саясаты жалпы және арнайы оқытуды біріктіру ұсыныстарынан тұрады. Бұл біріктірулерде 3 негізгі жолдар бар: «негізгі бағыт», «жалпы білім инициативасы», «енгізу». Бұл арнайы білім беру алаңында үлкен дау-дамай тудыруда.

«Негізгі бағыт» мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту негізгі мектептерде оқытуды көздейді. Бұл балалар қоғамға араласуы керек болғандықтан, оларды әлеуметтік және білім беру қызметтеріне қосу керек деп есептейді. «Жалпы білім беру инициативасы»-бұл АҚШ-тың білім департаментінің арнайы білім беру бөлімінің ұсынысы. Жалпы білім беру инициативасы дамуында ауытқуы бар оқушыларға білім беру шарттарына фундаментальды өзгеріс енгізуді ұсына отырып, «негізгі бағыттан» ары қарай дами түскен. Кейбір дефектологтар мен негізгі мектептің басшылары жалпы білім беру инициативасын мақұлдаса, кейбір дефектологтар мен негізгі мектептің мұғалімдері ауытқуы бар балаларға жалпы білім беру инициативасының әсер ету мүмкіндіктерін түсіну үшін қосымша сынақтар мен зерттеулер қажет дейді. «Енгізу» моделі балаларды ауытқу түріне және көріну деңгейіне тәуелсіз тұрған жері бойынша жалпы білім беру үрдісіне енгізуді көздейді. Осындай балаларға мамандар тобы жеке оқыту бағдарламасын құрады, сол бойынша оқушының жетістігі бағаланады. Қазіргі кезде АҚШ-та 1990 жылы қабылданған, «ауытқулары бар тұлғалар үшін білім беру акты» деп аталатын заң жұмыс істеуде. Бұл халықтық білім беру жүйесінде бала оқуына қажет тегін білім береді. Ата-анасы баласының оқу мүмкіндігі туралы қорытынды талап ете алады, ол бала дамуындағы ауытқуының бар немесе жоқтығына негіздемеден тұрады. Заң тек арайы білім алуға ғана емес қосымша қызмет түріне де құқық береді.

Арнайы білім беруді Швецияда ұйымдастыру. Бұл елде ерекше қажеттілікке мұқтаж балалар қарапайым сыныптарға орналастырылған және олар онда қажетті қолдау алуда (сыныпта арнайы педагогтың немесе ассистенттің көмегі және көмекші арнаулы құралдарды қолдану). Есту, көру қабілеттері бұзылған, ойлауында қалушылық бар балалар ауытқулары бойынша бөлінген арнайы мектептерде білім алады, олар мұнда 21-23 жасқа дейін оқи алады. Арнайы мектептер қазір жалпы білім беретін мектептегі сыныптарға кірістірілген балаларды қолдау ресурстарының орталығы болып табылады. Ойлауы артта қалған балаларға арналған арнайы мектептер жалпы білім беретін мектептердің ғимараттарына сыныптарды біріктіру жолымен орналасқан.

Арнайы білім беруді Францияда ұйымдастыру. Франциядағы арнайы білім беру жалпы білім беретін мектептерге дамуында жетпіспеушіліктері бар балалардың санын неғұрлым көбейтуге бағытталған.

Бақылау сұрақтары:

1. Инклюзивті білім беруді қалай түсінесің?
2. Инклюзивті білім берудің негізгі міндеттері қандай?
3. Инклюзивті білім берудің ерекшелігі бар?
4. Инклюзивті білім берудің мазмұны, құрылымы, қайшылығы және қисынын дәлелдеңіз?
5. Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде қай жылдан бастау алады?
6. Шетелдегі инклюзивті білім берудің деңгейі
7. Ресейдегі инклюзивті білім беру
8. Америка Құрама Штаттарында мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту
9. Арнайы білім беруді Швецияда ұйымдастыру
10. Арнайы білім беруді Францияда ұйымдастыру
11. Арнайы білім беруді Италияда ұйымдастыру

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Инклюзивтік білім беру жағдайында 8 санат бойынша ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балалардың оқытуын ұйымдастыру. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 64 б.

2. Ерекше оқыту қажеттіліктеріне қарай қысқа мерзімдік, орташа мерзімдік және ұзақ мерзімдік негізде оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 80 б.

3. З.Ү.Адилышинова, А.М.Сугуралиева. Инклюзивті оқыту. (Дәрістер жинағы). Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2017.- 93 бет.

4. К.Жарықбаев. Инклюзивті білім берудің мазмұны қандай? // Мектептегі психология, 2010, №5,18-20 б.

5. Мангутова Б.Б. Мүмкіндігі шектеулі адамдар және олардың сипаттамасы. // Психология, социология, дефектология, 2009, №4, 23-26 б.

2-дәріс. Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтың кәсіби құзыреттілігі туралы түсінік

Жоспар:

1. Педагогтердің құзыреттілігіне қойылатын талаптар
2. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларды психологиялық-педагогтік қолдау

1. Педагогтердің құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар сапалы білім алуға құқығы бар. «Егер баланың әлеуетті даму аймағына бағдарланған операциялы қойылған мақсаттар оқушы алған білім нәтижелеріне сәйкес келсе, онда ол сапалы болып танылады». Яғни, ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылармен күнделікті жұмыс істейтін мұғалім тек педагогика мен әдістеме саласында ғана емес, жас ерекшелігі мен педагогикалық психология туралы, оқушы әрекетін бақылай алу, оның жақын арадағы даму аймағын анықтау біліміне ие болуы керек. Осы орайда, педагогқа оқушылармен кері байланысты орнатуға мүмкіндік беретін интербелсенді оқыту әдістері көмектеседі. Инклюзивті, яғни шеттемейтін білім беру идеяларын жүзеге асыру үшін педагог арнайы кәсіби құзыреттіліктерге ие болуы/меңгеруі тиіс. Ямбург Е.А., Забрамная С.Д. келесілерді жатқызады:

1. Әр түрлі балаларды, олардың шынайы оқу мүмкіндіктеріне, тәртіп ерекшеліктеріне, психикалық және денсаулығының жағдайына тәуелсіз қабылдауға дайын болу.
2. Дарынды, қалыпты, дамуында ерекшеліктері бар кез келген балаға көмек көрсету кәсіби ұстанымы...
3. Педагогикалық бақылау жүргізу іскерлігі...
4. Бақылау барысында балалардың даму ерекшеліктерімен байланысты әр түрлі қиындықтарды анықтау қабілеті...
5. Педагогикалық тәсілдермен балаға атаулы көмек көрсету қабілеті...
6. Психологиялық-педагогикалық консилиум жұмысы аясында басқа мамандармен өзара әрекеттесуге дайын болу...
7. Мамандардың құжаттарын түсіне білу...
8. Басқа мамандармен баланы дамытудың жеке бағдарламасын жасай алу іскерлігі...
9. Түзете-дамыту жұмысының арнайы әдістерін меңгеру...
10. Баланың даму динамикасын қадағалау іскерлігі...
11. Балалар ұжымында қабылданбай жүргендерді қорғай алу біліктілігі.
12. Ұжымда балалар арасындағы қарым-қатынасты реттеу қабілеті.

13. Бала дамуы мен оны оқыту процесінде туындайтын қиындықтарды шешуде ата-анамен өзара әрекеттесе алу іскерлігі.

2. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларды психологиялық-педагогтік қолдау

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларды психологиялық-педагогтік қолдауды арнайы жоғары білімі бар мамандар (психолог, логопед, мұғалім-дефектолог) жүзеге асыру керек. Есту қабілеті бұзылған оқушылармен арнайы түзету сабақтарын сурдопедагог, көру қабілеті бұзылған оқушылармен – тифлопедагог, сөйлеу тілінің күрделі бұзылыстары бар оқушылармен – логопед, психикалық дамуы тежелген және ақыл-ой кемістігі бар оқушылармен – олигофренопедагог, тірек-қозғалыс аппараты бұзылған оқушылармен ЕДШ нұсқаушысы жүргізуі тиіс. Барлық санаттағы оқушылар логопед пен арнайы психологтың көмегін қажет етеді. Жалпы білім беретін мектептегі ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы сыныптарда сол сыныптың бағыты бойынша жоғары дефектологиялық білімі бар педагогтар және де курстық даярлықтан өткен тәжірибелі мұғалімдер жұмыс істеуі керек. Білім беру ұйымдарының басшылары мен педагогикалық қызметкерлерін аттестаттауды жүргізуде педагогтардың арнайы білімі ерекше есепке алынуы қажет. Арнайы сыныптар мен ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар қосылған жалпы сыныптың педагогтары өздерінің кәсіби деңгейін үнемі жетілдіруге міндетті. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мұғалімнен өзінің кәсіби біліктілігі мен шеберлігін арттыра отырып, бір-бірімен байланысты салалардың білімін тез меңгеруді талап етеді. Себебі, ерекше білім беруге қажеттіліктерді қанағаттандыру мамандардың пәнаралық өзара әрекеттестігін қарастырады. Педагогикалық міндеттерді айқын түсіну мұғалімге балалардағы қиындықтарды ғана емес, сондай-ақ өзінің кәсіби ісіндегі қиындықтарды нақты анықтауға мүмкіндік береді. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқытатын педагог бастамашыл, қайратты, ізгі ниетті және әдепті болуы керек. Оған қазіргі замандағы адамның, оның ішінде өмірлік әрекеті шектелген адамның рөлін гуманистік бағалау тән. Педагогтің практикалық әрекеті денсаулық жағдайына кері әсер ететін кәсіби зияндылығы бар мамандықтар қатарына жатады. Осыған байланысты, денсаулығында ауытқуы бар адамдар үшін берілген еңбек түрінің кері көрсеткіштері бар. Арнайы педагогтың еңбегі көру, есту, жүйке, жүрек-қан тамыр және иммундық жүйелердің денсаулық жағдайына жоғары талаптар қояды

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқытуды жалпы білім беру жүйесінде ұйымдастырудың соңғы мақсаты жоғары сапалы білім және барлығын оқытуға ыңғайлы жағдайлар болуы тиіс. Күтілетін нәтижелерге жету инклюзивті білім берудің үш тең дәрежелі құраушысын: білім беруді ары қарай

дамытуға қажетті ойлау векторларын көрсететін инклюзивті мәдениет, инклюзивті тәжірибе, инклюзивті саясатты дамытумен қамтамасыз етіледі. «Инклюзивті мәдениет» құраушысы мектептегі өзгерістердің негізі болып саналады. Ол мектеп қауымдастығын құруды және инклюзивті құндылықтарды қабылдауды қарастырады. Инклюзивті білім беру сүйенетін құндылықтар қатарына жатады:

- әрбір бала – тұлға;
- барлығы оқи алады – оқытылмайтын бала жоқ;
- әрбір баланың өзіне тән ерекшеліктері, қызығушылықтары, қабілеттері мен оқудағы қажеттіліктері бар;
- кез келген түрдегі шеттетуге тыйым салу;
- қоғам өміріне қатысу әр адамның құқығы;
- бір біріне төзімділік: бірге, бір әлемде бір бірімен тұруға дайын болу; адамдарды барлық кемістіктерімен қабылдау;
- «алуан түрлілік үндестігі» ретінде түсінілетін толеранттылық бағытында тәрбиелеу».

Мектепте инклюзивті мәдениетті дамыту әрекеттестік идеясын қолдайтын, білім беру процесінің барлық қатысушыларының дамуын ынталандыратын қауіпсіз, төзімді қауымдастықты; әрбіреудің құндылығы ортақ жетістіктің негізі болып табылатын қауымдастықты құруға ықпал етеді. Бұл кезде мектепті дамыту тұрақты және үздіксіз процесс болады. Инклюзивті мәдениетті дамытуға мұқият ойластырылған төменгі және жоғары сынып оқушыларымен жүргізілетін сабақтар жүйесі, жалпы мектептік іс-шаралар, мерекелер, спорттық жарыстар, әлеуметтік серіктестердің (арнайы мектеп педагогтары мен оқушылары) белсенді қатысуымен концерттер ықпал етеді. Жүргізілетін барлық сабақтар мен іс-шаралар ерекше білім беруге қажеттілігі және мүгедектігі бар оқушыларға деген толерантты қарым-қатынасты қалыптастыруға бағытталу керек. Инклюзивті саясатты дамыту барлығына арналған мектепті дамытуды, оқушылар мүмкіндіктерінің әр түрлілігін қолдауды қарастырады. Оқушылардың білім берудегі алуан түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға, оқытудағы барынша мүмкін нәтижелерге жетуге бағытталған кез келген әрекеттер қолдау болып саналады. Қолдаудың барлық түрлері ортақ жүйеге біріктіріледі. Қолдау жүйесін тұрақты дамыту үшін инклюзивтілік қағидаларының тұрғысынан мектепті дамыту концепциясын жасап, пәнаралық мамандар командасының әрекетін анықтайтын локальді нормативті актілерді қабылдау, сондай-ақ мектептің ұйымдастыру құжаттарына өзгерістер енгізу қажет. Инклюзивті саясаттың маңызды құраушысы білім беруде инклюзивті тәсілдемені қолдау бойынша ақпараттық шараны жүргізу болып табылады.

Ол:

- барлық оқушылар мен педагогтардың тең құндылығын мойындау;
- мектеп өмірінің барлық аспектілеріне бүкіл оқушылардың қатысу деңгейін арттыру;
- оқушылардың әр түрлі қажеттіліктеріне сәйкес келетін оқыту әдістерін қолдану;
- мектеп өміріне барлық оқушылардың толыққанды қатысу жолындағы сараптау және еңсеру;
- тек бір топтың ғана емес, мектептің барлық оқушылардың жағдайын жақсартуға бағытталған өзгерістерді жүргізу;
- оқушылар арасындағы айырмашылықтар – бұл педагогикалық процесті жақсартуға ықпал ететін ресурстар екенін түсіну;
- білім берудегі инклюзия – бұл қоғамға ендіру аспектілерінің бірі екенін мойындау арқылы жүзеге асырылады.

Инклюзивті тәжірибені дамыту оқыту процесін басқару мен ресурстарды жинақтауды қарастырады. Сабақтарда оқушылардың біркелкі емес мүмкіндіктері ескеріледі, өз біліміндегі белсенділік, өзінің практикалық және өмірлік тәжірибесін қолдану марапатталады. Білім беру ортасын бейімдеу қарастырылады. Оған:

- білім беру ресурстарына физикалық қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- педагогтарды даярлау;
- оқушыларға қажеттіліктеріне сәйкес жеке және қосымша көмек көрсету;
- жеке бағдарламалар бойынша оқуға мүмкіндік беру;
- жеке бағдарламалармен оқитын оқушыларды аттестаттау және бағалаудың рәсімдері мен қағидаларын өзгерту жатады.

Білім беру ортасын бейімдеу ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларды оқыту жолындағы кедергілерді жеңу үшін білім беруді басқару органдары тарапынан маңызды шешімдер қабылдауды талап етеді. Мектеп әкімшілігінде мектепті инклюзия бағытында дамыту жоғарыда аталған барлық үш құраушыда іске асырылуы керектігі туралы нақты түсінік болуы қажет.

Бақылау сұрақтары:

1. Барлық санаттағы оқушыларға логопед пен арнайы психологтың көмегі қандай?
2. Инклюзивті білім беру сүйенетін құндылықтар қандай?
3. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларды оқыту жолындағы кедергілер
4. Инклюзивті саясатты дамыту

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Инклюзивтік білім беру жағдайында 8 санат бойынша ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балалардың оқытуын ұйымдастыру. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 64 б.
2. Ерекше оқыту қажеттіліктеріне қарай қысқа мерзімдік, орташа мерзімдік және ұзақ мерзімдік негізде оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 80 б.
3. З.Ү.Адилъшинова, А.М.Сугуралиева. Инклюзивті оқыту. (Дәрістер жинағы). Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2017.- 93 бет.
4. К.Жарықбаев. Инклюзивті білім берудің мазмұны қандай? // Мектептегі психология, 2010, №5,18-20 б.
5. Мангутова Б.Б. Мүмкіндігі шектеулі адамдар және олардың сипаттамасы. // Психология, социология, дефектология, 2009, №4, 23-26 б.
6. <http://www.stat.kz/digital/Pages/default.aspx>

3-дәріс. Сенсорлық бұзылысы бар балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосу

Жоспар:

1. Естімейтін, нашар еститін, кейіннен естімей қалған оқушыларды оқытуды ұйымдастыру
2. Көрмейтін және нашар көретін балаларды оқытуды ұйымдастыру

1. Естімейтін, нашар еститін, кейіннен естімей қалған оқушыларды оқытуды ұйымдастыру

Естімейтін (саңырау) балалардың ерекшелігі. Саңыраулықта есту аппараты бөлігінің дыбысты қабылдау қызметі бұзылады, негізгі сөйлеу жиілігі 80-85 дБ-ден төмен емес орташа қабылдау шегінде аудиометрдің үнді қабылдауы көбінесе 125- 4000 Гц арасында өзгеріп отырады. Бұл есту күйі арнайы апаратсыз баланың сөзді қабылдауына мүмкіндік бермейді. Естімеуі немесе нашар естуі баланы ең маңызды ақпарат көзінен айырады, әсіресе егер ол ерте жаста естуден айырылса сөйлеу және психикалық дамуының тежелуіне әкеледі. Психофизикалық дамуында артта қалушылықты көрсету дәрежесі әр түрлі себептерге, есту қабілетінің нашарлау уақыты мен ауырлығына байланысты болады. Есту қабілеті ерте бұзылса және ауыр болса баланың психологиясы және сөйлеу тілі тежелуі айқын. Сөйлеу тілінің дамымауы есту қабілеті нашар балалардың психологиялық процестерінің дамуына теріс әсер етеді, олардың танымдық қызметінің өзгеруіне алып келеді. Қазіргі уақытта сурдопедагогикада жалпы білім беру деңгейінде естімейтіндердің еститіндермен тең дәрежеде оқуына мүмкіндік беретін, есту қабілетінің бұзылу салдарын жеңілдететін арнайы тәсілдер әзірленген. Тілдің лексикалық қорын, оның грамматикалық заңдылықтарын меңгеру, қарым-қатынас құралы ретінде тілді меңгеру естімейтін әлемдегі өмірдің әлеуметтік проблемаларын кеңінен шешуге мүмкіндік береді. Белгілі болғандай, оқу-танымдық қызмет есту қабілеті тұрақты бұзылған балаларға даму мүмкіндіктерін береді. Ол естімейтіндердің танымдық қызығушылығын және зияткерлік қабілеттерін дамытады, оқуға әлеуметтік себептерін қалыптастырады. Меңгерген ғылыми білімі, жалпы оқу және арнайы біліктілігі балалардың ой-өрісін кеңейтеді, жан-жақты дамуы үшін жағдай жасайды. Қалыптасқан ауызекі сөйлеу және психикалық процестерді дамыту, толығымен естімейтіндердің білім деңгейін жетілдіруге ықпал етеді, негізгі орта білім беруді қамтамасыз етеді. Барлық жоғарыда аталған естімейтін балаларды дамыту ерекшеліктері, және оларды еститіндермен тең білім алу құқықтарын қамтамасыз ету қажеттілігі арнайы әзірлемелердің маңыздылығын анықтайды. Оқытудың әрбір кезеңіндегі нақты психологиялық-педагогикалық міндеттерді нақты шешуге мүмкіндік беретін

жағдайлар естімейтіндерді бейімдеуге және әлеуметтік оңалтуға мүмкіндік туғызады. Нашар еститін балалардың ерекшеліктері Нашар еститін балалардың естімейтін балалардан айырмашылығы қалдық есту мүмкіндігін оқу процесінде қоршаған ортаны тану және адамдармен қарым-қатынаста жеткілікті деңгейде тиімді пайдалануы мүмкін. Есту қабілеті жоғалған бірақ сөйлеу тілі сақталған, кейіннен естімей қалған балалардың да артықшылықтарын атап кету керек. Осы балалардың сөйлеу қабілетінің сақталу дәрежесі бірқатар төмендегі факторларға әсер етеді: естімеуі басталған уақыт, баланың өсуі мен даму ерекшеліктері, қалдық есту қабілетінің деңгейі, баланың ауызша сөйлеуін дамыту жұмысының сапасы. Дамудың кейінгі кезінде пайда болған естімей қалу, егер балада оқу және жазу дағдылары қалыптасқан болса, айтарлықтай түрде сөздік қорын бұза алмайды. Нашар еститін балалар 75 дБ аспайтын сөйлеу жиілігінің аймағында (500-ден 2000 Гц) есту қабілетінің төмендеу дәрежесінің тәуелділігіне қарай дыбысты ажыратады. Сөзді нашар еститіндердің дамымаған және бұрмаланған сөздік қорының жұтаңдығы байқалады, сөздердің лексикалық мағынасы дұрыс меңгерілмеген, грамматикалық құрылымдарды дұрыс емес, мысалы: әртүрлі санаттарды араластырған, олардың мәнін дұрыс түсінбеу және соның салдары ретінде өз сөзінде оларды дұрыс пайдалана алмауы. Нашар еститіндердің ішінара естуі сөйлеуді қалыптастыруға мүмкіндік туғызады, бірақ сөйлеу қоры және сөзді түсінуі бұрмаланған. Соның салдарынан сөйлемдерді өзгеше қабылдайды және бұрмаланған түсінік пен ұғымдар қалыптасуы мүмкін. Сөзді түсінуі және қабылдауы өзінше көрініс береді, бала ұғымдарды бірыңғай біріктіре қабылдай алмайды, көп жағдайда қоршаған орта туралы жаңсақ пікір қалыптасады. Бұл танымдық іс-әрекетте көрініс табады: салыстыру, талдау, жинақтау әрекеттері ерекшеленіп тұрады. Сөздік қорының аздығы, баланың сөзді бұрмалау сипаты, естуді қабылдауы бұзылғанда қалыптасады, танымдық қызметінің дамуы барысында өзіндік ерекшелігі болады. Естуі ішінара бұзылған баланың даму ерекшелігінің биологиялық (естудің физикалық ақауы) себептері әлеуметтік зардаптарға алып келеді (қарым-қатынастың бұзылуына, психологиясының қалыптасуында ауытқуға әкеліп соқтырады). Осының салдарынан пайда болған көріністер функционалдық сипат береді (сөйлеудің дамымай қалуы, ойлау ерекшеліктері, есте сақтауы, зейіні, қабылдауы, көзқарасы). Сондықтан, кемшіліктердің дамуына тосқауыл қою, өзінің табиғаты жағынан тұлғаға тұтастай әсер ететін әлеуметтік жолдарды және арнайы құралдарды, ұйымдастырылған оқыту жағдайын талап етеді. Арнайы ұйымдастырылған педагогикалық түзету процесі кейін естімей қалған және нашар еститін оқушыны тұлғалық жанжақты қалыптастыруға бағытталған. Арнайы оқыту нәтижесінде оларда ойлау, сөзді есте сақтау қабілеті, сөйлеу тілі дамиды,

компенсаторлық және потенциалдық мүмкіндіктері кеңейетін қажетті жағдай жасалады. Есту қабілеті бұзылған балаларды арнайы оқыту жағдайлары МЖБС талаптарына сәйкес естімейтін және нашар еститін оқушылар оқу материалын меңгеру үшін арнайы жағдай жасалуы мүмкін және онда арнайы сыныпта саралап оқыту арқасында нақты оқу құралдарын, арнайы оқу жоспарлары мен бағдарламаларды қолдану, оқыту уақытын арттыру, мүмкіндігі болады. Арнайы сынып жағдайында естімейтін және нашар еститін балалар негізгі орта білім беру деңгейінде білім алады. Қысқартылған білім беру бағдарламаларын пайдалануда білім алушылардың танымдық мүмкіндіктерінің деңгейі жас ерекшелік нормаларынан төмен болуы мүмкін. Есту қабілеті бұзылған балаларды оқыту ұзақтығы бастауыш және негізгі мектепте - 11 жыл: - «0» (дайындық сыныбы), - бастауыш деңгейі (1-4 сынып), - 1-ші негізгі деңгей (5-7 сынып), - 2-ші негізгі деңгей (8-10 саты). Нашар еститін және кейін естімей қалған балалардың оқыту ұзақтығы: - бастауыш деңгейі – 0 – 4 сынып, - негізгі деңгей – 5 – 10 сынып, Естімейтін және нашар еститіндер оқушылар оқуын жалпы білім беретін мектептің 10-11-сыныптарында немесе кәсіптік колледждерде, жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік білім беруді арнайы мектептің кешкі бөлімде 11-12 сыныптарында жалғастыра алады. Оқытудың барлық кезінде деңгейге бөліп оқыту қарастырылады және ол естімейтін және нашар еститін балалардың жас ерекшелігінің психофизикалық мүмкіндіктеріне байланысты, сол арқылы әр оқу пәндерінің әр түрлі деңгейіндегі арнайы мазмұнын және өз кезегінде дәстүрлі түрлі қатынасты анықтайды. Сонымен қатар білім беру сабақтастығы және үздіксіздігі қағидаттарына негізделген базалық білім тұтастығын қамтамасыз етеді және біртіндеп пропедевтикалық оқу пәндерінен жүйеге көшеді (арнайы бағдарламалармен оқытудан жалпы білім беретін мектептің оқыту бағдарламаларымен оқытуға көшу). Саралап оқытудың қажеттілігі сөйлеуді дамыту ерекшеліктеріне және есту қабілеті бұзылған оқушылардың танымдық қызметіне негізделген. Бастауыш мектепте оқытудың мазмұны қалдық есту қабілетін дамытуға, сөйлеу тілін қалыптастыруға, сөздік қорын байытуға және оқушылардың танымдық қызметін дамытуға бағытталған. Бастауыш мектепті оқуы аяқталғаннан кейін ауызша сөйлеуді меңгерген кезде сөзді қабылдау және айтуда шағын кемшіліктері бар оқушы, мектепаралық логопедтің немесе психологиялық- педагогикалық түзету сияқты арнайы педагогикалық қолдауды сақтай отырып кәдімгі сыныпқа ауыстырыла алады. Аз сөйлейтін және сөзді айтуда елеулі кемшіліктері бар оқушылар, жалпы орта мектептің арнайы сыныбында оқуын жалғастырады. Арнайы оқу -әдістемелік қамтамасыз ету.

Есту қабілеті нашар балаларға арнайы сыныпта білім беру түзету компоненті бар арнайы типтік оқу жоспарына сәйкес жүргізіледі. Оқыту төмендегідей жүзеге асырылады:

а) естімейтін оқушылардың "0" (дайындық) және 1-7-сыныптарда – арнайы бағдарламалар бойынша, 8-11 сыныптарда жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқиды, білім беру мазмұны оқудың ұзақтығы 1 жылға артуына байланысты қайта бөлінеді және білім алушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып бағдарлама бейімделеді.

б) нашар еститін және кейіннен естімей қалған балалар «0» (дайындық) және 1-4 сыныптарда арнайы бағдарламалар бойынша, 5-11 сыныптарда жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша, білім беру мазмұны оқудың ұзақтығы 1 жылға артуына байланысты қайта бөлінеді және білім алушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып бағдарлама бейімделеді. Арнайы бағдарламалар мазмұнында жалпы білім беретін пәндер бойынша оқушылардың естуінің төмендігі және сөйлеу қабілеті дамымай қалғандығын ескерген. Ол коррекциялық бағытта сипатталады және есту түйсігін дамытуды, тілдік дағдыларды практикалық қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Есту қабілеті бұзылған балаларға білім беру мазмұнын анықтау кезінде білім алушыға жалпы білім беру және тәрбиелеудің, сондай-ақ арнайы білім берудің міндеттері есептеледі. Оқытудың негізгі міндеттері мен принциптерінде балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып айқындалған және есту қабілеті бұзылуы салдарын тиімді меңгеруге қажетті педагогикалық жағдайды құру, оқыту процесінде түзету-алмастыру (компенсаторлық мүмкіндіктерін қосу) базасын қамтамасыз ету қарастырылған. Естуді қабылдауды дамытуға арнайы еріннен оқу, дыбысты айту жұмысы, есту- көру негіздерін қалыптастыру ықпал етеді, оқушылардың ауызша сөйлеуін жетілдіруге және түйсіну дағдыларын қалыптастыруға, әр түрлі сөзге жатпайтын дыбыстар шығаруын, музыканы қабылдауына назар аударылады.

Білім алудың ерекше қажеттілігін қанағаттандыру Түзете-дамытушылық жұмыс бүкіл педагогикалық процесті қамтиды және балалардың оқу материалын меңгеруін қамтамасыз етеді. Есту қабілеті бұзылған балаларды оқытудағы түзету жұмысының бағыттары ақпараттар мен білімдерін талдауға ерекше жағдайлар жасау, әлеуметтік байланыстар мен балалардың қажеттіліктерін, пәнаралық байланыстар мен танымдық қызығушылықтарын дамыту, арнайы оқыту әдістерін таңдау, арнайы түзету пәндері арқылы жүзеге асырылады. Есту қабілеті, көру, интеллект, сөйлеулерінде қатты бұзылулары, ақылесі, тірек-қимыл жүйесінің патологиясы бар балаларға арналған - арнайы сыныптар бұзылушылық түрлері бойынша саралануы тиіс. Оларда контингенттердің болуына қарай, сонымен қатар ата-аналардың ниеттеріне

байланысты балаларды оқыту үшін арнайы сыныптар ашылады. Бұл жағдайда барлық сабақтан тыс іс-шаралар (үйірмелер, факультативтер, спорттық, тәрбиелік), қалыпты сынып оқушыларымен бірлесе отырып жүзеге асырылады. Түзету курстары және жалпы білім беретін пәндердің құрамдас түзету бөлігі есебінен есту қабілеті бұзылған оқушыларға МЖМБС талаптарына сәйкес білім беру мүмкіндігі бар. Барлық жалпы білім беретін пәндер мен түзету курстарының бағыттары:

- түйсініп қабылдау (сенсорлық – перцептивті) белсенділігін ынталандыру (есту-көру және естуді қоса алғанда барлық қабылдау түрлерін дамыту);

- айналадағы заттарды түрліше сезіну түйсігін (түрлі модальді), соның ішінде дыбыстарды сезінудің көптүрлілігі ұғымын дамыту;

- қимыл-қозғалысын дамыту (моторикасын), шынайы нысандарды зерттеу тәсілдері мен олардың кескіні мен модельдерін жасау;

- дыбыс күшейткіш құралдарды тұрақты қолдана отырып, кең ауқымда коммуникативті практиканы дамыту үшін жағдай жасау ;

- әлеуметтік қажеттіліктерін жандандыру, дербес және түрлі бірлестікте жұмыс жасау біліктіліктерін дамыту; - әртүрлі сөйлеу түрін қолдану мүмкіндігін және қажеттілігін дамыту (есту-көру, сөйлеуді естіп қабылдауы, ауызша, жазбаша , ауызша-дактильді сөйлеу түрін қолдану);

- өз іс-әрекетін жоспарлау және жобалау дағдыларын дамыту (практикалық және сөйлеу); - қарым-қатынасқа арналған қажетті және жалпыға ортақ сөйлеудің білім құралын жасау арқылы, оның ішінде, терминологиялық сөздік және базалық лексика-грамматикалық құрылым арқылы қайталап өту;

- танымдық үдерістерін және эмоциональды-еріктік аймағын кеңейту.

Есту қабілеті бұзылған балаларды оқытуға қолданылатын әдістемелер бірнеше қосымша жүйелерден тұрады:сөйлеуді қалыптастыру әдістемесі және мектептегі білім беруде тілге үйретуді пән ретінде оқыту, ғылым негіздерін оқыту әдістемесі, естіп қабылдауды қолдануды дамыту әдістемесі.

2. Көрмейтін және нашар көретін балаларды оқытуды ұйымдастыру

Көрмейтін және нашар көретін балалардың ерекшеліктері Көрмейтін (зағиптар) деп көру көмегі арқылы зат формасының сұлбасы мен жарықты сезінуді қабылдау мүмкіндігі толықтай жоқ балалар есептеледі. Мұндай екі көзінен толық айрылу (тотальді) болып саналады. Бұлардың қатарына көру аймағы 10% көретіндер де жатады. Медициналық зағиптықтан практикалық зағиптықты ажырата білу қажет, жарықты сезгіштігі немесе қалдық көруі бар, жарықты, заттардың сұлбасын, түстерін қабылдай алуы, қалғандары медициналық зағиптыққа жатады. Практикалық зағиптық (қалдық көруі бар) кәдімгі түзету құралдарын (көзілдірік) қолдануда көру ұшқырлығы жарықты сезінуі 0,05 сипатталады. Тотальді көрмейтіндер қалдық көруі бар (нашар

көретіндер) Брайл жүйесі бойынша жазатын және оқитын балалар. Қалдық көруі кеңістікте бағдарлауға және дыбысты естуі арқылы қабылдауға көмек береді. Нашар көретін балалар, орталық көру көзі жақсы көретін, түзету арқылы жіті көретін (көзілдірік, байланыс линзалар) 0,05-ден 0,3-ке дейін, сонымен қатар, өте жіті көретін бірақ көру қызметінің басқа бұзылулары бар балалар (көру аймағының кішіреюі, бірінші, екінші - глаукома, көру жүйкелерінің аяқталмаған атрофиясы, пигменттік көздің тор қабығының бүлінуі, тор қабықтың ажырауы және т.б.). арнайы жағдайда оқытуды қажет етеді. Балалардың біраз бөлігінің көруінің бұзылуын көру нашарлығы және қылилық құрайды. Аталған категориялардағы балаларды оқыту арнайы сыныпта және кәдімгі сыныптарда да ұйымдастырыла беруі мүмкін. Зағип және нашар көретін балалардың даму процесі көретін балалар сияқты бір заңдылыққа бағынады. Алайда, көруден айрылу немесе қалдық көруі бар балаларды дамытудың кейбір ерекшелігін ескеруді талап етеді. Олар заттар мен құбылыстарды көзбен шолу сипатындағы - жарықты, түсті т.б. бақылау мен қабылдаудың қиындығын сезінеді. Оларда кеңістік белгілерін, орналасуын, бағытталуын, қашықтығын, көлемін, нәрсенің бедерін т.б. бағалауда үлкен қиындық келтіреді. Мұның барлығы зағип балалардың сезу тәжірибесін азайтады, яғни кеңістікте бағдарлауын әсіресе қозғалыс барысын қиындатады, сенсорлық және интеллектуальдық қызметінің үйлесімді дамуы бұзылады. Алайда, зағип балаларда қоршаған ортаны тануға негізделген қызмет жасайтын есту және сезу рецепторы сақталады. Естуді еріксіз пайдаланатын зағип балалар айналасындағы адамдармен қарым-қатынас барысында ауызша байланыстырып сөйлеуді үйренеді. Сөйлеу арқылы олар ақиқат шындығы, адамдардың іс-әрекеті мен амалы т.б. туралы ақпарат алады. Зағиптардың естуіне қарағанда сезімі нашар, сылбыр дамыған. Қоршаған ортадағы заттарды өз бетімен дұрыс бақылау әдістерін қолдана алмайды. Тәжірибе көрсетіп жүргендей, мектепке келген оқушылар сезгіштік қабілеті мен қолының ұсақ моторикасының дамуының төмен деңгейін байқатады. Бұл өз кезегінде, олардың жалпы психофизикалық дамуына қарсы әсер етеді, яғни қоршаған шынайы ақиқатпен дербес танысуына және Брайл жүйесі бойынша оқып және жазып үйренуін тежейді. Нашар көретін балалардың көруінің төмендеуі танымдық іс-әрекетіне кері әсер етеді, қабылдау процесінде көзбен шолуының тарлығы, нақтылығының төмендеуі байқалады. Нашар көретін балалардың көру елестері нақты емес, бұрмаланып қалыптасқан. Оларда үнемі кеңістікте бағдарлауының қиындығын байқауға болады. Көру жұмыстары барысында оларды дамыту мен сақтау шаралары болмаса олардың жылдам шаршайтынын көрсетеді және көруінің нашарлауына әкеледі. Көруден шаршауы ақыл-ойы мен физикалық жұмыс жасау қабілетінің төмендеуіне әкеліп соғады. Жалпы білім

беретін мектептерде аталған санаттың оқушыларын оқыту барысында олардың жұмыс жасау қарқыны қалыпты көретін балалардан артта қалады. Бұл олардың үлгермеуіне немесе өз мүмкіндігінен төмен үлгерімге әкеледі. Нашар көретін балалар мұндай жағдайда ашуланшақ, ұжымнан тысқары, негативизмін көрсетеді, бұл мектептегі бейімсіздігінің бір көрінісі болып табылады. Қалыпты көретіндер тәрізді нашар көретіндердің есту қабілеттері негізгі қабылдау талдаушы болып қала береді. Осыған байланысты нашар көретіндерді көзін сақтауға мүмкіндік беретін, көріп қабылдауын жеңілдететін, шаршауын болдырмайтын ерекше жағдайда жүзеге асырылуы қажет. Нашар көретін балалар үшін арнайы көрнекі құралдар, анық сызылған сызықтарымен дәптерлер, артық бөлшектерсіз суреттер, ірі әріптермен жазылған кітаптар қажет. Зағип және нашар көретін балалардың сенсорлық тәжірибесі процесін қалыптастыруда олардың танымдық іс-әрекетін, тұлға болып қалыптасуының өзіндік ерекшелігі бар: арнайы психологтікпедагогикалық түзету құралдарын, физикалық дамуын түзететін емдеу-дене шынықтыру шараларын пайдалануды талап етеді. Зағип және нашар көретін балалар үшін дұрыс ұйымдастырылған жүйе, мазмұн, әдістеме және оқыту, тәрбиелеу жағдайлары олардың дамуындағы кемшін тұстарының маңызды өтем құралы болып табылады. Көру қабілеті бұзылған балаларды арнайы оқыту жағдайы Дамуында басқа бұзылуы жоқ зағип және нашар көретін балалар МЖБС талаптарына сәйкес арнайы оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша жалпы білім беретін мектептерде білім алады. Көру қабілеті бұзылған балалар жалпы білім беретін мектептердің арнайы немесе жалпы сыныптарында оқи алады(психологтік-педагогикалық мамандардың түзету қолдауымен және қамқор педагогикалық тәртіптемеде). Ақыл-ой кемістігі бар зағип және нашар көретін балаларды оқыту арнайы оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады, алайда, көруінде кемістігі бар балаларға арналған қосымша түзету бөліктері қарастырылуы қажет. Психикалық дамуы тежелген зағип және нашар көретін балаларды оқыту психикалық дамуы тежелген балаларды оқыту талаптарына сәйкес жүргізіледі алайда, көруінде кемістігі бар балаларға арналған қосымша түзету сабақтары қарастырылуы қажет. Ауыр ауру түрлерімен ауыратын зағип балаларды дәргерлердің ұсынымдамасын есеріп ПМПК бекітуі бойынша дербес бағдарламамен оқушылар ұжымымен ішінара кіріктіріліп үйде оқыту ұйымдастырылады. Кіріктірілу деңгейі және оның формасы оқушының денсаулығына қарай анықталады.Дербес үйде оқыту мектеп жағдайында арнайы мамандардың, техникалық және отбасылық жағдайға байланысты жүзеге асады. Көру қабілеті бұзылған оқушылардың арнайы сынып жағдайындағы мектептегі білім беру ұзақтығы: а) зағип оқушылар: - бастауыш білім беру деңгейі – 0 (дайындық), 1-4 сыныптар; - негізгі орта білім беру

деңгейі – 5-10 сыныптар; - жалпы орта білім беру деңгейі – 11-12 сыныптар. б) нашар көретін балалар: - бастауыш білім беру деңгейі – 0 (дайындық), 1-4 сыныптар; - негізгі орта білім беру деңгейі – 5-10 сыныптар; - жалпы орта білім беру деңгейі – 11-12 сыныптар. Әрбір білім беру деңгейінде білім алушыларды жалпы сыныптарға ауыстыру мүмкіндігі бар. в) Күрделі бұзылуы бар зағип және нашар көретін балаларды (Психикалық дамуы тежелген, ақыл-ой кемістігі) арнайы оқу жоспары мен бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады. Арнайы оқу-әдістемелік қамтамасыз ету Зағип және нашар көретін оқушыларды оқыту түзету кешендері енгізілген арнайы Типтік оқу бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады. Оқушылар жалпы білім беретін бағдарламалармен және түзету кезенді бағдарламалармен оқытылады. Жалпы білім беретін бағдарламаларға білім алушылардың даму ерекшелігіне байланысты өзгеріс енгізіледі (бейнелеу өнері, сызу, деншынықтыру, еңбек). Негізгі орта білім беру деңгейіндегі жалпы білім беретін бағдарламаның мазмұны оқудың 1 жылға ұзартылуына байланысты қайта бөлінеді, оқушылардың ерекшелігін ескере отырып өңделеді. Зағип оқушылар үшін оқу процесінде жалпы білім беретін мектептерде жаппай қолданатын Брайлдің рельефті-нүкте шрифтiсiмен басылып шыққан оқулықтар, оқу құралдары және әдебиеттер қолданылады. Нашар көретін оқушыларды оқыту жалпы білім беретін мектептерде жаппай қолданатын ірі шрифтiмен басылған және арнайы жаңартылған суреттермен, көріп қабылдауға қолжетiмдi оқулықтармен оқытылады. Ерекше білім беру қажеттілігін қағаттандыру Нашар көретін оқушыларға сыныптағы көру жұмыстарына анық сызылған сызықтарымен дәптерлер, оптикалық және техникалық құралдар көмегімен қолайлы жағдай жасалу қажет:

- офтальмологпен тағайындалған көруді түзету құралдары (көзілдірік, жанаспалы линза, лупа, телескоптық көзілдірік);
- табиғи жарықты реттейтін құрылғы (тетік),;
- оқығанда, жазғанда, сурет салғанда сурет көргенде дұрыс отыруын қамтамасыз ететін арнайы бір орынды парталар;
- балаларға арналған қосымша құрылғылар (Брайл жүйесі бойынша жазуға арналған құралдар, оқитын машиналар, Брайл шрифтiсiмен жазылған машинкалар , рельефті суретке арналған «Школьник», оптикалық құралдар – лупа, линзалар, телескоптік құралдар–офтальмологтің ұсынымдамасы бойынша және басқалар);
- тифлотехникалық құралдар (жазуға арналған тифлоқұралдар, электронды құралдар, тактильді және брайлді дисплей, сөйлеу синтездеуші);
- көруді қорғау талаптарына жауап беретін арнайы оқу құралдары (рельефті-көрнекі құралдар, географиялық карталар, схемалар және т.б.);

- аудио-және бейнеаппаратуралар;
- арнайы бағдарламалармен қамтамасыз ететін компьютерлер.

Жалпы білім беретін пәндерді арнайы оқыту әдістемесін қолдану арқылы, түзету кезеңінің пәндері бойынша арнайы сабақтар өткізу, сонымен қатар, техникалық құралдар және арнайы көрнекіліктер пайдаланылып дербес және топтық сабақтар өткізу түзетуге бағытталады. Түзету курстары төмендегідей берілген:

- «Көруді қабылдау және қалдық көруді сақтау және дамыту». Сабақ көру мүшесі ауруының сипатына, көру қызметінің негізгі жағдайына, жалпы психикалық дамуына, көру қабылдауының қалыптасу деңгейіне байланысты толымдалатын топта (2-4 адам) өткізіледі. Сабақ ұзақтығы- 30 минуттан артық болмау керек. Сабақ жиілігі – аптасына 2-3 рет. Үздіксіз көру жүктемесі 5-10 минуттан аспау қажет.

Бақылау сұрақтары:

1. Көрмейтін және нашар көретін балалардың ерекшеліктері
2. Естімейтін (саңырау) балалардың ерекшелігі
3. Білім алудың ерекше қажеттілігін қанағаттандыру
4. Психикалық дамуы тежелген зағип және нашар көретін балаларды оқыту
5. Жалпы білім беретін пәндерді арнайы оқыту әдістемесін қолдану арқылы, түзету

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ерекше оқыту қажеттіліктеріне қарай қысқа мерзімдік, орташа мерзімдік және ұзақ мерзімдік негізде оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 80 б.
2. З.Ү.Адилышинова, А.М.Сугуралиева. Инклюзивті оқыту. (Дәрістер жинағы). Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2017.- 93 бет.
3. Рсалдинова А.К., Денисова И.А. Повышения квалификации педагогических педагогических кадров в условиях становления инклюзивного образования в РК. Хабаршы / Арнайы педагогика сериясы, №2(37), 2014 ж.
4. Оразаева Г.С. Включения детей с ОВ в общеобразовательный процесс. Хабаршы / Арнайы педагогика сериясы, №2(37), 2014 ж.
5. Муминова Л.Р. Концепция инклюзивного образования в Узбекистане. Хабаршы / Арнайы педагогика сериясы, №2(37), 2014 ж.
6. Нургалиева У.О. К вопросу об организации службу психологического сопровождения инклюзивного образования. Хабаршы / Арнайы педагогика сериясы, №1(40), 2015 ж.

4-дәріс. Тірек-қимыл аппараты зақымдалған балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосу

Жоспар:

1. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балалардың ерекшеліктері
2. Мектеп оқушысының қимыл-қозғалыстық, сөйлеу және жалпы дамуындағы кемшіліктерді жеңу үшін жекелеген және топтық түзету сабақтарын ұйымдастыру

1.Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балалардың ерекшеліктері

«Тірек-қозғалыс аппаратының бұзылуы» (ТҚАБ) ұғымы жинақтамалық сипатқа ие және өзінің құрамына органикалық орталықты немесе шеткері пайда болған қимыл-қозғалыстық бұзылуды қамтиды. 26 Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балаларды келесі санаттарға бөледі: - балалардың сал ауруы (БСА); - қалпына келген немесе қалдықты кезеңдегі полиомиелиттің салдарынан; - миопатиямен; - туа біткен және жүре пайда болған ақыл-ой кемістігінің және тірекқозғалыс аппаратының бұзылуымен. ТҚАБ балалардың қимыл әрекетінің бұзылуынан басқа интеллектуалды даму кемістігі де байқалуы мүмкін: балалардың 40-50%-ында психикалық дамуының тежелуі болса, барлық балалардың 10%-ға жуығында – түрлі сатыдағы ақыл-ой кемістігі байқалады. Бұл кемістіктер мидың зақымданумен түсіндіріледі, сонымен қатар қозғалыс белсенділігінің шектелуі және дамудың қосымша бұзылуларының нәтижесінде пайда болатын депривацияның (қорқыныш) салдары болып табылады. Психикалық дамудың тежелуі ойлау қызметі қалыптасуының артта қалуында, түрлі психикалық функциялардың біркелкі дамуында, астениялық (ағза әлсіздігі) жағдайлардың айқын байқалуында көрініс табады. ТҚАБ балалардың арасында саны ең көп топты БСА ауыратындар құрайды. Бұндай балалар қимыл-қозғалыс саласы және танымдық әрекеті кемістіктері байланыстарының нәтижесінде оқыту мен тәрбиелеудің арнайы жағдайларын қажет етеді. БСА барысында әдетте, қимыл-қозғалыстың бұзылуы тілдік кемістікпен және жекелеген психикалық функциялардың қалыптасуының тежелуімен сәйкестікте болады. қимыл-қозғалыс және басқа да функциялардың жетіспеушілік деңгейінің айқын байқалуы арасында сәйкестіктің болмайтындығын да атап өту қажет. Даму құрылымы бұзылуының көптүрлілігінің байқалуы, бұл балаларға білім беруді стандарттандыруды қиындықтар тудыратыны сөзсіз. БСА кезінде болатын қимыл-қозғалыстық бұзылулар қол мен аяқтың зақымдануынан байқалады (бұлшық ет тонусының зақымдануы, патологиялық рефлексер, қимыл-қозғалыстың күштеу арқылы болуы, тепетеңдіктің, координацияның, шағын моториканың қалыптаспаушылығы). Қимыл-қозғалыс бұзылуының ауыртпалығы әр түрлі болады: кейбір балалар тік күйде отыра және тұра

алмайды, тек арнайы арбада ғана қозғала алады, көптеген балалардың жүріс мәнері өгеше болады, көпшілігі ортопедиялық арнайы құрылдар – балдақтар, таяқтар және т.б. пайдаланады, сал ауруымен ауыратын балалардың аз ғана бөлігі қосымша құрылғылардың көмегінсіз қозғалу мүмкіндігіне ие. Оң жақ аяқ-қолдары зақымданған ауру балалар, ісәрекетті сол қолымен істеуге мәжбүр, бұл жағдай олардың өзіне-өзі қызмет ету және жазу дағдыларын меңгерулерінде қиындық тудырады. Барлық дерлік балаларда саусақтардың сезімталдығы дамымаған. БСА ауыратын балалардың көпшілігінде сөйлеу дағдыларының кемшілігі байқалады, соның ішінде жиі кездесетін жағдай – тіл күрмелудің (дизартрия) түрлі формалары. Тіл күрмелудің байқалуы әр түрлі: жеңіл (өшірілген) түрінен мүлдем түсініксіз сөйлеуге дейін болуы мүмкін. Ең күрделі жағдайларда анартрия (сөйлей алмау) байқалуы мүмкін. Дыбыстарды айтудың бұзылуы көптеген жағдайда жалпы сөйлеу тілінің дамымауының (ЖСТД) әсерінен қиындайды. Тілдік кемістіктің болуы көптеген жағдайда сөйлесу ықыласын төмендетеді және сөйлесу байланысында қиындықтар тудырады. Балалардың 20-25%-да көру кемістігі бар: қитарланған және шашыранды қылилылық, нистагм, көру кеңістігінің шектелуі. БСА танымдық процестердің қалыптасуы жекелеген психикалық функциялардың тоқтап қалуымен және біркелкі дамымауымен сипатталады. Көптеген балаларда қабылдаудың дамуында, сонымен қатар кеңістіктік және уақыттық елестетудің қалыптасуында қиындықтар байқалады. Барлық балаларда дерлік астения (ағза әлсіздігі) байқалады: жұмысқа қабілеттіліктің төмендігі, барлық психикалық процестердің қалпына келмеуі, қабылдаудың бәсеңдігі, зейін аударудың қиындығы, есте сақтау көлемінің аз болуы. Бұндай балалардың көпшілігінде жоғары психикалық функциялардың даму әлеуетінің бар екендігін атап өту қажет, алайда дене бітімінде кемшіліктері (қимыл-қозғалыс, есту, көру функцияларының бұзылуы), сөйлеу қиындықтары, астениялық көріністің және білім қорының шектеулілігі, әлеуметтік-мәдени депривацияның салдары бұл мүмкіндіктерді жасырып тұрады. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балаларды оқытудың арнайы жағдайлары Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балаларды МЖБС сәйкес жалпы білім берумен, сонымен қатар олардың дене бітімі дамуындағы, танымдық және тілдік әрекеттеріндегі ауытқуларды жеңуді қамтамасыз ету оқытудың негізгі міндеттері болып табылады. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған оқушыларды оқыту жалпы сынып жағдайын да, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептің арнайы сыныбында да жүзеге асырылуы мүмкін. Қажет болған жағдайда үйде оқыту ұйымдастырылуы мүмкін.

Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған оқушыларды арнайы сынып жағдайында мектепте оқытудың ұзақтығы:

- бастауыш білім беру деңгейінде – 0 (даярлық), 1-4 сыныптар;

- негізгі орта білім беру деңгейі – 5-10 сыныптар;
- жалпы орта білім беру деңгейі – 11-12 сыныптар.

Оқыту мерзімінің ұлғайтылуы балалардың психикалық дамуының тежелуімен, сөйлеу және қимыл-қозғалыстың бұзылуының нәтижесінде жазу мен оқуды меңгерудің қиындығымен, түзету-сауықтыру шараларын өткізудің қажеттігімен байланысты болып отыр. Оқу әрекетін нормаға сәйкестендіру және оқытудағы қиындықтарды жеңу барысында арнайы сыныптың оқушысы, оқытудың кез келген сатысында кәдімгі сыныпқа ауыстырылуы мүмкін. Қимыл-қозғалыстың бұзылуымен қатар интеллектуалдық ауытқуы байқалатын бала ақыл-есі кем оқушыларға арналған арнайы сыныптарда оқытылады. *Арнайы оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.* Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған оқушыларды арнайы сынып жағдайында оқыту түзету компонентін қамтитын арнайы Үлгілік оқу жоспарларына, сонымен қатар жалпы білім берудің бағдарламалары мен оқулықтарына жүзеге сәйкес асырылады. Негізгі мектепте оқыту мерзімінің 1 жылға ұлғайтылуына байланысты жалпы білім беру бағдарламаларының мазмұны балалардың ерекшелігін ескере отырып жаңаша бөлістіріледі және бейімделеді. Оқу процесінде оқушылардың қимыл-қозғалыстық және сөйлеу ерекшеліктерін ескеретін арнайы әзірленген дидактикалық материалдарды, АКТ және басқа да материалдарды қолдану қажет. Оқушылардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру Барлық оқу пәндерінде оқытудың түзетушілік бағыттылығы жүзеге асырылады, сонымен қатар дене, танымдық және сөйлеу әрекеті дамуындағы ауытқуларды жеңу мақсатын алға қояды. Оқу процесін ұйымдастыру арнайы әдістер мен тәсілдерді қолдануды, бағдарламаның жекелеген бөлімдері мен тақырыптарын зерделеуге мүмкіндік беретін пропедевтикалық (алдын ала) оқытудың арнайы сабақтарын кіргізуді, сонымен бірге дамудағы ауытқуды түзету бойынша жекелеген және топтық арнайы сабақтар өткізуді қарастырады. Бұндай сабақтарда алынған білімдер мен дағдылар жалпы білім беретін пән сабақтарында бекітіледі. Тірек-қозғалыс аппараты функциялары бұзылған балаларды оқыту емдеу-қалпына келтіру жұмыстары аясында жүзеге асырылады, бұл жұмыстардың құрамына: қимыл-қозғалыстың бұзылуын медициналық түзету, жүйке-психикалық ауытқуды дәрі-дәрмектік емдеу, соматикалық аурулардың алдын алу кіреді. Емдеу іс-шараларын бала дәрігерлері (педиатрлар), психоневрологтар, ортопедтар, емдік дене шынықтыру (ЕДШ) дәрігерлері, физиотерапевтер, орта және кіші медициналық қызметкерлер жүзеге асырады.

2. Мектеп оқушысының қимыл-қозғалыстық, сөйлеу және жалпы дамуындағы кемшіліктерді жеңу үшін жекелеген және топтық түзету сабақтарын ұйымдастыру

Мектеп оқушысының қимыл-қозғалыстық, сөйлеу және жалпы дамуындағы кемшіліктерді жеңу үшін келесі курстар бойынша арнайы оқу жоспарымен қарастырылған жекелеген және топтық түзету сабақтары ұйымдастырылады:

1) массаж, шипалы балшық-сумен емдеу, дәрі-дәрмекпен емдеу аясында ұйымдастырылатын ЕДШ (балалардың қимыл-қозғалысы бұзылуы басымдылығының орнын толтыру мақсатында жекелеген және топтық). Әр оқушыға арналған түзету жұмыстарының жоспарын ЕДШ әдіскері мен дәрігер бірлесе отырып оқу жылына құрастырады. ЕДШ нұсқаушысы әр оқушыға арналған есеп карточкасын жүргізеді, оның ішіне баланың қимылқозғалысы туралы мәліметтер, жұмыстың жалпы жоспары, кезеңді жаттығу кешендері, әр сабақтың өткізілуі және оның нәтижелері жазылады. Әр тоқсанның аяғында түзету жұмысының қорытындысы шығарылады және қол жеткен нәтижелерді ескере отырып жоспарға толықтырулар енгізіледі. Сабақтар ЕДШ бөлмесінде немесе арнайы жабдықталған гимнастика залында өткізіледі. Алынған нәтижелер дене шынықтыру, технология және сабақтан тыс жалпы дене шынықтыру шараларында бекітіледі;

2) сөйлеу кемістігі бар балалар үшін ұйымдастырылатын логопедиялық сабақтар, ең күрделі бұзылулар барысында компьютерлік бағдарламаларды қолдану арқылы жүргізіледі. Логопед баланың мектепте оқыған барлық кезеңінде оның тілінің дамуын бақылап отырады. Ол оқушының мұғалімдерімен және ата-аналарымен тығыз байланыста болады. Логопедиялық сабақтарды өткізу уақытына арналып логопед және психоневролог дәрігердің бірлесіп әзірлеген ортопедиялық тәртіпті қатаң сақтау, логопедтік жұмыстың ерекшелігі болып табылады. Логопед баланың партада дұрыс отыруына, оның аяқ-қолдары жағдайының дұрыс болуына үнемі назар аударуы тиіс. Қажет емес потологиялық қимыл-қозғалыс реакцияларының пайда болуы барысында логопед селқос-белсенді араласу арқылы оларды жеңіп шығуға жағдай жасайды. Түзету логопедиялық сабақтарын өткізу барысында барлық талдама жүйесіне (есту, көру, кинестетикалық) кең тірек қажет. Логопедиялық сабақтарды және ЕДШ сабақтарын күннің бірінші де, екінші жартысында да өткізуге болады;

3) сабақтарда оқу бағдарламасын меңгеруде ауырлық көретін оқушылардың психикалық функцияларының бұзылуын түзетуге арналған жеке және топтық сабақтар. Бұл сабақтар жалпы дамытушылық, сонымен бірге пәнге бағытталған сипатқа ие. Сабақтардың мақсаты – оқушылардың жалпы даму деңгейін көтеру; бұрынғы дамыту мен оқытудағы кемшіліктердің орнын толтыру; жеткіліксіз меңгерілген оқу біліктері мен дағдыларын қалыптастыру бойынша жеке жұмыстар жүргізу; танымдық қабілетінің дамуындағы

ауытқуларды түзету; жана оқу материалын қабылдауға арналған мақсатты-бағытталған дайындық. Оқушының осы немесе басқа топта болуының ұзақтығы айрықша қиыншылықты түзету және тапсырманы сыныппен бірге орындауға дайын болу деңгейімен анықталады. Сондықтан да топтардың құрамы жылжымалы болуы тиіс: бір балаларды сыныппен жұмыс істеу үшін шығару, ал басқаларын жұмыстарды түзетуге арналған топтардың құрамына қосу қажет. Осылайша, оқу жылы барысында бір оқушы түрлі топтардың құрамына кіре алады. Өмірлік іс-әрекеттің арнайы ортасы Мектепке кіру баспалдақтан басталады, бұл тірек-қозалысаппараты бұзылған, бір жерден келесі жерге бару үшін арнайы арба, балдақ, таяқ және басқа да құралдарды қолданатын балалар үшін қатаң немесе алынбайтын кедергі болып табылады. Пандус неғұрлым жазық және жайпақ болуы тиіс, яғни оқушы арбамен өз бетінше көтеріле және түсе алуы тиіс. Пандустың ені – 90 см. кем емес, пандустың ең қажетті ерекшелігі оның екі жағынан орнатылатын қоршағыш бүйірі және тұтқалары болып табылады. Есіктер пандусқа қарама-қарсы жаққа қарай ашылуы немесе кіре беріс қоңыраумен жабдықталуы тиіс. Есік ойығының ені 80 – 85 см. кем болмауы тиіс. Арбамен келген оқушы жоғары қабаттарға көтеріле алуы үшін, лифт қарастырылуы немесе баспалдақтарда арнайы көтергіш құрылғылар орнатылуы қажет. Киім шешетін бөлмеде өтетін орындардан шеткері жерде арнайы орын бөліп, оны тұтқалармен, орындықтармен, сөмкелерді және киімдерді ілуге немесе қоюға арналған сөрелермен және ілгіштермен жабдықтау немесе арнайы бөлме бөлу қажет. Мүгедектер, сонымен бірге арбалы-мүгедектер үшін арнайы дәретхана кабинкасын қарастырған жөн, есіктің ені 900 мм. кем болмауы тиіс, кабинада унитаздың бір жағында арбаны орналастыруға және арбадан унитазға ауысып отыруға болатын бос аудан қарастырылуы тиіс. Кабина тұтқалармен, штангалармен және т.б. арнайы құралдармен жабдықталуы тиіс. Сынып бөлмесіне кіретін есік табалдырықсыз болуы тиіс. Арбадағы бала үшін оқушы орнының ең кем мөлшері (мүгедек арбасының бұрылу есебімен) – 1500 – 1500 мм. Мүгедек арбасын, балдағын, таяғын және т.б. сақтау үшін (егер оқушы арбадан орындыққа ауысып отыратын болса) партаның жанында қосымша кеңістіктің болуын қарастыру қажет. Тақтаның алдында оқушы арбамен немесе балдақпен еркін қозғала алуы үшін, тақтаның жанындағы өту орны бос болғаны дұрыс. Сынып тақтасы төменірек ілінуі тиіс.

Бақылау сұрақтары:

1. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балалардың ерекшеліктері
2. Тірек-қозалыс аппараты бұзылған оқушыларды арнайы сынып жағдайында мектепте оқытудың ұзақтығы

3. Тірек-қозғалыс аппараты функциялары бұзылған балаларды оқыту емдеу

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Инклюзивтік білім беру жағдайында 8 санат бойынша ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балалардың оқытуын ұйымдастыру. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 64 б.

2. Ерекше оқыту қажеттіліктеріне қарай қысқа мерзімдік, орташа мерзімдік және ұзақ мезімдік негізде оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 80 б.

3. З.Ү.Адилъшинова, А.М.Сугуралиева. Инклюзивті оқыту. (Дәрістер жинағы). Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2017.- 93 бет.

4. К.Жарықбаев. Инклюзивті білім берудің мазмұны қандай? // Мектептегі психология, 2010, №5,18-20 б.

5. Мангутова Б.Б. Мүмкіндігі шектеулі адамдар және олардың сипаттамасы. // Психология, социология, дефектология, 2009, №4, 23-26 б.

5-дәріс. Зияты зақымдалған балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосу

Жоспар:

1. Ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқытуды ұйымдастыру
2. Ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды оқыту процесін арнайы педагогикалық басшылыққа алудың психологиялық негізі

1. Ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқытуды ұйымдастыру

Ақыл-ой кемістігі бар балалардың ерекшеліктері. Ақыл-ой кемістігі бар балалардың санатына бас ми қабығының диффузды органикалық зақымдануы салдарынан танымдық іс-әрекетінің және эмоционалдық-ерік өрісінің тұрақты бұзылуы бар балалар жатады. Бұзылыс белгілерінің көрініс беру дәрежесі зақымдалудың ауырлығына, оны таратпау ерекшелігіне, сондай-ақ зақымдалу уақытына байланысты. Ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың ерекшелігі – жоғары психикалық функцияларының, мінез-құлқы мен іс-әрекеттерін реттеуінің бұзылуы болып табылады. Ең алдымен, танымдық процестер зардап шегеді: түйсік, қабылдау, ес, ойлау, қиял, сөйлеу, зейін. Эмоционалдық-ерік өрісінің, моторикасының және жалпы адамның бұзылуы байқалады. 1994 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (АХЖ-10 ДДҰ) қабылдаған жіктеуге сәйкес, ақыл-ой кемістігі зерденің төмендеуінің төрт (негізгі) деңгейін қамтиды: жеңіл (F70), орташа (F71), ауыр (F72) және терең (F73). Мектепте оқыту жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушылар үшін ұйымдастырылады. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балалар санатына танымдық қызметі мен ойлауының күрделі формаларының жетілмеуі жекелеген талдамалардың өрескел бұзылмаған және эмоционалдық-ерік өрісінің салыстырмалы түрде бастапқы сақталған дебильтіктің жеңіл және орташа дәрежелі олигофрениясы бар балалар жатады. Бұл балалардың айрықша ерекшеліктері – мінез-құлқының салыстырмалы сақталуы жағдайында оларға түсінікті тапсырмалар аясында мақсатты бағытталған әрекет ету қабілеті болып табылады. Есту қабілеті қалыпты болған жағдайда және сөйлеу органдарының құрылымында айқын ауытқулар болмаған жағдайда оларда экспрессивті және импрессивті сөйлеуінің дамуы тежеледі, моториканың ең күрделі түрлері дамымай қалады. Осы топтағы балаларға психикалық процестердің бәсеңдігі және инерттілігі тән. Орташа ақыл-ой кемістігі бар балаларда психикалық, сөйлеу және моторлық дамуының анағұрлым баяу қарқыны байқалады. Олар өзіне-өзі қызмет көрсетуге кеш дағдыланады. Қарапайым мектептік білімді барлығы меңгеруге қабілетті емес, тіпті оқу, есептеу, жазудың ішінара дағдыларын игерген балалардың өзіне әлеуметтік бейімделуіне мұның көмегі аз. Дегенмен, арнайы ұйымдастырылған оқытудың нәтижесінде орташа ақыл-ой кемістігі бар балалардың көбі қажетті мінез-құлық нормаларын меңгеруге,

өзіне-өзі қызмет көрсетуге, арнайы жағдайларда өз бетімен еңбектенуге қабілетті. Мұндай адамдар әдетте қарапайым, білікті емес операцияларды қоршаған ортаның тұрақтылығы мен қойылатын талаптар өзгермейтін жағдайда, олардың жеке және тұлғалық қасиеттерін ескере отырып, тұрақты бақылау және басшылық болған жағдайда орындай алады. Олар тұрақты әлеуметтік қорғауды және көмекті қажет етеді. Ақыл-ой кемістігі бар оқушылар танымдық қызметі мен жалпы тұлғалық айқын жетілмеуі салдарынан оқыту процесінде едәуір қиындықтарға ұшырап жатады. Арнайы ұйымдастырылған оқыту мен тәрбиелеудің әсерінен балалар дамиды, белгілі бір білім, білік, дағдыларды меңгереді, алайда оқыту және дамытудағы бұл ілгерілеушіліктер әр оқушыда әр түрлі болады. Ақыл-ойы кем балаларды оқытудың алуан мүмкіндіктері даму бұзылыстарының тереңдігі мен таралуына байланысты.

В.В. Воронкованың басшылығымен КСРО Педагогикалық ғылым академиясындағы Дефектологияны ғылыми-зерттеу институты қызметкерлерінің көп жылдық зерттеулері ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың арнайы оқу бағдарламаларының материалдарын меңгеру кезінде байқалатын типологиялық ерекшеліктерін, сондай-ақ алынған білім, білік және дағдылардың сапасына әсер ететін өзіндік қиындықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Жүргізілген зерттеулер негізінде авторлар оқыту мүмкіндіктері бойынша оқушылардың 4 типологиялық топтарын айқындайтын оқушылардың педагогикалық классификациясын жасады. Бірінші типологиялық топқа фронталды оқыту үдерісінде бағдарламалық материалдарды ойдағыдай табысты игерген оқушылар жатады. Олар оқу тапсырмасын өз бетінше орындауға қабілетті. Өзгертілген тапсырманы орындау кезінде көп қиындықтарды бастан кешірмейді, негізінен жаңа жұмысты жасау барысында бар тәжірибені дұрыс қолданады. Бұл балалар есептеу тәсілдерін, есепті шешу амалдарын тез есте қабылдап алады, пәндік көрнекіліктерді сирек қажет етеді. Әдетте оларға белгілі бақылауларға, құбылыстарға сөздік нұсқаулар жеткілікті. Олардың білімдерінің салыстырмалы беріктігі мен икемділігін айтуға болады. Оқушылар пайымдаулардың кері барысын меңгеруге қабілетті. Олар фразалық сөйлеуді қолданады, өз әрекеттерін еркін түсіндіреді, жұмысты, тапсырмаларды орындау тәсілдерін алдын ала жоспарлай алады. Екінші типологиялық топ оқушылары да сыныпта айтарлықтай табысты оқиды. Олар негізінен мұғалімнің жаппай түсіндірмесін түсінеді, оқылатын материалды естеріне жақсы сақтайды, бірақ педагогтың көмегінсіз қарапайым қорытындылар мен жалпылаулар жасауға қабілетті емес. Олардың ерекшелігі – жұмыстың барлық түрлерін орындау кезінде дербестігінің аз болуы, олар мұғалімнің ынталандырушы және ұйымдастырушы көмегін қажет етеді. Бұл оқушылар оларға айтылған құбылыстар, заттар, оқиғаларды елестете алмайды.

Олар зерттелетін нысандардың, құбылыстардың, заңдылықтардың тікелей бақылауын ұйымдастыруды қажет етеді. Заттардың көмегімен көрнекіленген жағдайда ғана тапсырманы саналы түрде орындайды. Сөздік тұжырымдалған мәліметтер оларда қажетті түсінікті қалыптастыра алмайды. Бұл балалар бірінші топтың оқушыларына қарағанда білімдерін баяуырақ жинақтайды, жұмыс істеу тәсілдерін, оқу іс-әрекеттер алгоритмдерін баяуырақ меңгереді. Үшінші типологиялық топқа әр түрлі көмек түрлерін қажет ете отырып, бағдарламалық материалды қиындықпен меңгертін оқушылар жатады. Бұл оқушылар үшін қайта түсіндірілген материалды жеткіліксіз түсіну тән. Оларға ең бастысын анықтау, бөліктердің қисынды байланысын орнату, екінші кезектегі қосымша бөліктерді бөліп көрсету қиынға соғады. Жаппай сабақтар кезінде олар материалды түсінбейді, қосымша түсіндіруді керек етеді. Олардың ерекшелігі – төмен дербестігі. Пәндік-практикалық қызметті ұйымдастыру, көрнекі құралдарды пайдалану оларда толыққанды білім қалыптастыруға кепіл бола алмайды. Байланыстарды, қарым-қатынастарды, себеп-салдарлық тәуелділікті олар түсінбейді. Олар тапсырмаларды орындауда жекелеген фактілерді, талаптар мен ұсынымдарды жадында ұстап тұрады, бірақ бұл саналы түрде мағынасын түсініп, есте сақталмағандықтан, балалар ой әрекеттерінің және тіпті шынайы іс-әрекеттердің де реттілігін бұзады, оқытылатын фактілердің мәнді және мәнсіз белгілерін шатастырады. Үшінші типологиялық топ оқушылары фразалық сөйлеуді меңгеруде үлкен қиыншылықтарға ұшырайды, сөздік қоры аз, терминологияны меңгеру өте баяу жүреді. Бұл оқушыларды оқыту мұғалім оларды пәндік-практикалық іс-әрекеттерге үнемі үйретіп отырған жағдайда ғана, жасалатын нақты ісқимылдардың, болып жатқан өзгерістердің мәнін, маңызын үнемі оларға түсінікті түрде айтып отырған жағдайда ғана табысты өтуі мүмкін. Төртінші типологиялық топқа оқу материалдарын өте үлкен қиындықпен меңгертін оқушылар жатады. Бұл ретте оларға тек фронталды оқыту жеткіліксіз. Олар көп мөлшердегі жаттығуларды орындауды, қосымша оқыту әдістерін енгізуді, жұмыстарды орындау кезінде тұрақты бақылап тұруды және бағыттап отыруды қажет етеді. Белгілі бір шамада өз бетінше қорытынды жасау, өткен тәжірибесін пайдалану оларға қол жетімді емес. Кез келген тапсырманы орындау кезінде мұғалімнің оқушыларға бірнеше рет анық түсіндірмесі керек. Мұғалімнің тікелей кеңестер түріндегі көмегін кей оқушылар дұрыс пайдаланады, кейбіреулері мұндай жағдайларда да қателіктер жібереді. Бұл оқушылар өз жұмысындағы қателерді көрмейді, оларға қателіктерін анықтап көрсетіп, қалай түзету керектігін түсіндіру қажет. Әрбір келесі тапсырманы олар жаңа тапсырма ретінде қабылдайды. Білімді механикалық түрде қабылдап, тез ұмытып кетеді. Төртінші типологиялық топ балалары үшін, әдетте, әрбір

оқу пәні бойынша жеке оқу бағдарламасы жасалынады. Ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқытудың арнайы жағдайлары Ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқытудың негізгі міндеттері оқушылардың танымдық қызметіндегі және эмоциялық-ерік өрісіндегі кемшіліктерді барынша еңсеру, оларды өздігінше өмір сүруге, өндірістік еңбекке қатысуға, қазіргі заманғы қоғам жағдайында әлеуметтік бейімделуге дайындау болып табылады. Жалпы білім беретін мектепте ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқытудың анағұрлым дәл келетін жағдайлары арнайы сынып жағдайы болып табылады. Арнайы сыныптар жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылар үшін жеке сынып және орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушылар үшін бөлек сынып құрылуы мүмкін. Бұл оқушыларды бір сыныпта біріктіріп оқытуға да болады. Арнайы сыныпта «Олигофренопедагогика» мамандығы бар жоғары білімді дефектолог мұғалім жұмыс істеуі қажет. Арнайы сынып жағдайында ақыл-ой кемістігі бар балаларды мектепте оқытудың ұзақтығы: - бірінші сатысы – 0 (даярлық), 1-4-сыныптар; - екінші сатысы – 5-9-сыныптар. Егер мектепте бастауыш кәсіптік еңбекке дайындау үшін жағдай болса, онда 10-кәсіптік сынып ұйымдастырылуы мүмкін. Даярлық сыныбына ұйымдастырылған мектепке дейінгі даярлықтан өтпеген 7-9 жастағы балалар қабылданады. Даярлық сынып белгілері жағынан ақыл-ой кемістігіне ұқсас басқа да бұзылыстары бар (психикалық дамуының тежелуі, әлеуметтік-педагогикалық қараусыз қалған, сөйлеудің ауыр бұзылыстары) балаларды қате қабылдаудың алдын алу мақсатындағы диагностикалық сынып ретінде де қызмет етеді. Едәуір даярланған оқушылардың оқуды 1-сыныптан бастауына болады. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған сыныптардың бірінші сатысында ақыл-ой кем оқушының тұлғасын жан-жақты психологиялық-медициналық-педагогикалық зерттеу, білім беру процесін ұйымдастырудың түрлері мен әдістерін әзірлеу мақсатында оның мүмкіндіктері мен жеке ерекшеліктерін анықтау жүзеге асырылады. Екінші сатысында балалар жалпы білім беретін практикалық бағыты бар пәндер бойынша білім, әр түрлі бейіндегі еңбек дағдыларын алады. Әлеуметтік бейімдеуге және кәсіптік еңбекке даярлауға назар аударылады. Оқу процесі оқушыларға сараланған және жеке тәсілдемені қолдана отырып, жүзеге асырылады. Саралау тәсілінің негізіне ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың педагогикалық жіктелуі (В.В. Воронкова бойынша) алынған. Бірінші, екінші, үшінші типологиялық топқа жататын оқушылар бір тақырып көлемінде оқиды, бұл ретте оқыту процесінде оларға сараланған тәсілдеме қолданылады. Ол, мысалы, вариативтілігінен көрінуі мүмкін:

- оқушылардың өзіндік дәрежесі;
- мұғалім көмегінің түрлері;
- көрнекілік-дидактикалық материалдың түрлері;

- орындалатын жұмыстың көлемі; - оқу тапсырмаларының күрделілігі және т.с.с. 4-ші типологиялық топтың оқушылары көбінесе оқытудың жеке бағдарламасына сәйкес басқа оқу тақырыбының аясында жұмыс жасайды. Педагог жеке-дара сипаттағы тапсырманы және жеке көмек шарасын ойластырады. Төрт типологиялық топтардың оқушыларын оқытудың маңызды тұсы оқу жетістіктерінің әркелкі болу фактісі болып табылады, яғни әр баланың оқытудағы өз ісі болады. Мұны мұғалім оң нәтиже ретінде бағалауы тиіс. Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды оқыту жеке оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады. Олар баланы кешенді психологиялық-педагогикалық зерттеу негізінде сынып педагогімен және мектеп консилиумының мамандарымен жартыжылдықтан аспайтын мерзімге жасалады. Оқытудың жеке бағдарламасын іске асыру уақыты өткеннен кейін әрбір оқушының жетістіктеріне талдау жүргізіледі және келесі жартыжылдыққа арналған жоспарлау орындалады.

Педагог әрбір оқушының жеке мүмкіндіктерін және оқу жетістіктері мен жеке жетістіктерінің мониторинг нәтижелерін ескере отырып, оқытудың мазмұнын, әдістерін, түрлерін, дидактикалық құралдарын өз бетінше таңдайды. Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды оқытудың мазмұны мыналарды: өзі туралы түсініктерді; өзіне өзі қызмет көрсету және өз тыныстіршілігін қамтамасыз ету дағдыларын; қоршаған орта туралы және ортаға бейімделу туралы қолжетімді түсініктерді; коммуникативтік икемділіктерді; заттық-тәжірибелік және қолжетімді еңбек қызметін; практикалық бағыттылығы бар және тәрбиеленушілердің психофизикалық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін жалпы білім беретін пәндер бойынша білімді қалыптастыруға бағытталған. Бірінші сатыда оқу процесі пәндік емес оқыту негізінде ұйымдастырылады: барлық сабақтар біріктірілген сипатта болады және оқушыларды жалпы дамытуға бағытталған (коммуникативтік, қимылдық, сөйлеу, сенсорлық). Оқушылардың жеке дамуындағы алға жылжуына қарай пәндік оқытуға көшу жүзеге асырылады. Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың жетістіктерін бағалау кезінде білім беру процесін дараландырудың негізі болып табылатын сипаттамалық бағалау қолданылады (Ақыл-ойы кем оқушыларды критериалды бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдарды Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА сайтынан қараңыз (www.nao.kz)). Орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған сыныптарда білім алушылардың психофизикалық даму ерекшеліктерін және мектеп ресурстарын ескере отырып, қарапайым еңбек түрлеріне (қолөнер) оқыту ұйымдастырылады. Еңбекке баулудың бейіні баланың психофизикалық ерекшеліктерін, дәрігердің ұсынымдарын және мектептің мүмкіндіктерін ескере отырып, жекедара анықталады. Қажет болған жағдайда еңбекке баулудың бейіні өзгеруі мүмкін. Контингенттің

жеткіліксіздігінен арнайы сыныптарды құру қиындықтары бар өңірлерде 1-2 жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыны жалпы білім беретін мектептің қалыпты сынып құрамына қосуға болады. Бұл балаларды аудандық психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті мамандарының немесе психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мамандарының түзету арқылы қолдаумен қамтамасыз ету керек. Оқытудың кез келген ұйымдастырушылық түрінде, ең алдымен, баланың мүдделері ескеріледі. Ол арнайы педагогтің (олигофренопедагог) көмегін алуы керек, оқытудың арнайы әдістері мен оқулықтары пайдаланылған арнайы бағдарламалар бойынша оқуы керек. Ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған арнайы сыныптың оқушылары екінші жылға қалдырылмайды. Ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған арнайы сыныптардың түлектері мемлекеттік үлгідегі арнайы куәлік алады. Арнайы оқу-әдістемелік қамтамасыз ету Жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған арнайы сыныптардағы білім беру процесі Үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларының екі түрімен қамтылған. Олардың мазмұны ҚР МЖБС талаптарының орындалуына бағытталмаған. Оқу жоспары мен бағдарламаларының бірінші түрі жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға бағдарланған. Оқу жоспары мен бағдарламаларының екінші түрі – орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға бағдарланған. Оқытудың орташа ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған оқу бағдарламалары ұсынымдық сипатта болады. Оқу процесі барлық оқу жылдарында орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымдануымен болған танымдық қызметтің тұрақты бұзылуын ескере отырып, құрастырылған арнайы оқу-әдістемелік кешендер (оқулықтар, жұмыс дәптері, әдістемелік ұсыныстар, арнайы АКТ) көмегімен жүзеге асырылады. Ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру Мектеп өз түлектерін өмірге, еңбек қызметіне тікелей қосылуға дайындайды. Ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды оқытудың өзіндік ерекшелігі әрбір оқу пәнінің мазмұнына пропедевтикалық (дайындық) оқу материалын қосу болып табылады. Бұл материалдар оқу бағдарламаларының мазмұнын меңгеруге даярлауға бағытталған. Барлық оқу пәндері бойынша оқыту мазмұнының практикалық бағыттылығы бар және ол оқушыларға олардың өзіндік заттық-практикалық әрекетіне, қоршаған өмірдің нысандары мен құбылыстарды бақылауларына сүйене отырып, ұсынылады. Ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың өзіндік оқу-танымдық ісәрекеттері қиын болғандықтан, мұғалім оқушылардың танымдық ісәрекеттерін ұйымдастырады және бағыттайды, оқу тапсырмасының ойдағыдай орындалуын қамтамасыз ету үшін оқушы әрекетінің жетілмеген бөлігінің қызметтерін өзіне алады.

2. Ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды оқыту процесін арнайы педагогикалық басшылыққа алудың психологиялық негізі

П. Я. Гальпериннің ақыл-ой әрекеттерін кезең-кезеңімен қалыптастыру теориясы болып табылады. Оқушылардың психофизикалық даму бұзылыстарын, өмірлік қажетті білім, білік, дағдыларды қалыптастыру қиындықтарын түзетудің арнайы міндеті арнайы түзету сабақтарында жүзеге асырылады:

1) «Түзету ырғағы». Бұл курс бойынша оқытудың мазмұны оқушылардың қозғалыс аясын жетілдіруге, олардың сөйлеуін дамытуға және эстетикалық сезімдерін қалыптастыруға бағытталған. Балалар музыка тыңдауды, ән айтуды, билеуді, белгілі бір ырғақпен қимылдарды орындауды үйренеді. Қарапайым музыкалық аспаптарда ойнауды үйренеді.

2) «Танымдық іс-әрекетін түзету». Осы курс бойынша сабақтар жеке және оқушылар тобымен жүргізілуі мүмкін. Олар ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың бұзылған функцияларын дамытуға, олардың оқу және практикалық қызметке дайындығын қалыптастыруға бағытталған.

3) «Сөйлеу тілі дамуының кемістіктерін түзеу». Логопед өткізетін сабақтар ақыл-ой кемістігі бар балалардың дамуындағы бұзылыстарды түзету процесінде маңызды орын алады. Бұл балаларда сөйлеу тілінің бұзылуы өте кең таралған болып табылады және тұрақты сипатқа ие. Бұл сөйлеу бұзылулары баланың психикалық дамуына, оны оқытудың тиімділігіне кері әсерін тигізеді. Ақыл-ой кемістігі бар оқушылармен жүргізілетін логопедиялық жұмыстың ерекшелігі жоғары жүйке қызметінің бұзылыстарының сипатына, ең алдымен аналитикалық-синтетикалық қызметінің төмендеуі деңгейіне негізделген. Логопедиялық жұмыс сөйлеу тілі дамуының жеке кемшіліктерін жоюға ғана емес, сондай-ақ ақыл-ойы кем оқушылардың жалпы сөйлеу тілін дамытуға, сауат ашу, ана тілі, математика және басқа пәндер бойынша бағдарламаларды меңгеруде сөйлеудің алғышарттарын қалыптастыруға бағытталған.

4) «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау». Бұл сабақтарда оқушылардың өз бетінше өмір сүруіне практикалық дайындық, әлеуметтік нормалар мен ережелерге сәйкес өз тұрмысын құру дағдыларын, қоғамның әлеуметтік және мәдени өміріне араласу дағдыларын қалыптастыру жүзеге асырылады. Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау бойынша сабақтарда сынып 2 топқа бөлінеді.

5) «Психомоторика мен сенсорлық үдерістерді дамыту» (орташа ақыл ой кемістігі бар оқушылар үшін).

Бұл сабақтарда оқушылардың сенсорлық аясын байыту және сенсорлық-естілім қызметін дамыту бойынша жұмыстар жүзеге асырылады: әр түрлі модальдық түйсінуді белсендіру; қабылдаудың барлық түрлерін дамыту; кеңістіктік-уақыттық бағдарлауларын қалыптастыру және графикалық

дағдыларын дамыту; танымдық белсенділігін және дербестігін арттыру. Білімді балдық бағалау түзету циклінің пәндері бойынша жүзеге асырылмайды. Оқушылардың жетістіктерін сипаттық бағалау пайдаланылады. Ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың еңбек дайындығына ерекше мән беріледі. Еңбекке баулу баланың ақыл-ой дамуын және оның адамгершілік тәрбиесін түзетудің қуатты құралы ретінде қарастырылады. Еңбекке дайындау түлектерге мектеп бітіргеннен кейін өндіргіш еңбекке тікелей кірісуге мүмкіндік береді. Бастауыш сыныптардағы еңбекке баулу балаларда қарапайым еңбек тәсілдерін, жалпы еңбектік іскерліктер мен дағдыларды қалыптастырады, өз беттілігін және еңбек қызметіне деген оң уәждемесін дамытады. 4-6-сыныптарда алдағы уақытта оқытылатын кәсіптік-еңбектік оқыту үшін пропедевтикалық, кәсіптік диагностикалық және кәсіптік бағдарлық болып табылатын «Жалпы еңбектік дайындық» курсы енгізіледі. Бұл курс сондай-ақ табысты әлеуметтік бейімдеу мақсатында енгізіледі. Жалпы еңбектік дайындық процесінде оқушылар тұрмыста әрбір адамға қажетті еңбек әрекетінің әр түрін меңгереді. 7-сыныптан 9-сыныпқа дейін еңбекке баулу кәсіби бағыттылықпен жүзеге асырылады. Еңбекке оқытудың бейіндерін өңірдің ерекшеліктерін және түлектерді жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін ескере отырып, мектеп әкімшілігі анықтайды. Еңбекке баулу бойынша сабақтарда сынып оқушылары 2 топқа бөлінеді. Топтарды жинақтау оқушылардың танымдық және психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып, дәрігердің ұсынысы бойынша жүзеге асырылады. Еңбекке оқытудың бейіні баланың психофизикалық ерекшеліктерін, дәрігердің ұсынысын және мектептің мүмкіндіктерін ескере отырып, жеке анықталады. Қажет болған жағдайда еңбекке оқытудың бейіні өзгеруі мүмкін. 5-6-сыныптарда еңбек тәжірибесі мектеп базасында, 7-9-сыныптарда мектеп шеберханаларының базасында жүзеге асырылады. Еңбек тәжірибесін өтудің мерзімі мен тәртібін жергілікті жағдайларды негізге ала отырып, мектептің педагогикалық кеңесі белгілейді. Мектепте оқыту еңбекке баулу бойынша емтиханмен аяқталады. Білім алушылар бітіру емтихандарынан белгіленген тәртіппен босатылуы мүмкін. Еңбек дайындығы пәндері бойынша бітіру емтиханын орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушылар тапсырмайды.

Бақылау сұрақтары:

1. Арнайы түзету сабақтары
2. Ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру жолдары
3. Пәндік-практикалық қызметті ұйымдастыру

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Ерекше оқыту қажеттіліктеріне қарай қысқа мерзімдік, орташа мерзімдік және ұзақ мерзімдік негізде оқушыларға психологиялық-

педагогикалық қолдау көрсету. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 80 б.

2. З.Ү.Адилъшинова, А.М.Сугуралиева. Инклюзивті оқыту. (Дәрістер жинағы). Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2017.- 93 бет.

3. Рсалдинова А.К., Денисова И.А. Повышения квалификации педагогических педагогических кадров в условиях становления инклюзивного образования в РК. Хабаршы / Арнайы педагогика сериясы, №2(37), 2014 ж.

4. Оразаева Г.С. Включения детей с ОВ в общеобразовательный процесс. Хабаршы / Арнайы педагогика сериясы, №2(37), 2014 ж.

5. Муминова Л.Р. Концепция инклюзивного образования в Узбекистане. Хабаршы / Арнайы педагогика сериясы, №2(37), 2014 ж.

6. Нургалиева У.О. К вопросу об организации службу психологического сопровождения инклюзивного образования. Хабаршы / Арнайы педагогика сериясы, №1(40), 2015 ж.

6-дәріс. Эмоционалды-ерік сферасы зақымдалған балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосу

Жоспар:

- 1.Эмоционалды-ерік сферасы зақымдалған балаларға жалпы сипаттама
- 2.Эмоционалды-ерік сферасы зақымдалған балалардың танымдық ерекшеліктері
- 3.Эмоционалды-ерік сферасы зақымдалған балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосу

1.Эмоционалды-ерік сферасы зақымдалған балаларға жалпы сипаттама

Қазіргі заманда бүкіл әлемде аутистік бұзылыстары бар балалардың саны өсуде. Бұдан 10-20 жыл бұрын бала аутизмның 10000 баланың 3 пайызында байқалса, қазір оның саны 20 пайызға дейін көбейді.

Қазақстанда да аутизммен ауыратын балалар жиі кездеседі. 2002 жылғы мәліметтер бойынша олардың саны 93 болса, 2009 жылы ол 326 -ға жетті.

Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың статистикалық мәліметтері бойынша Каннер синдромы бар балаларды жынысына қарай бөлгенде, ұл балалар қыз балаларға қарағанда 3-4 есе көп.

Аутизмі бар балалар санының өсуі оларға түзету көмегінің дұрыс және дер кезінде көрсетілуінің қажеттілігін білдіреді. Яғни олардың жанұясының қажеттілігіне, талабына деген қоғам мен әр түрлі қоғамдық орындар жағынан түсінушілікті қажет етеді.Қоғам жағынан осындай түсінушілікті қамтамасыз ету үшін аутист балаларды оқыту мен әлеуметтік дамыту саласында ағарту жұмысын жүргізу және оның құзіреттілігін арттыру өте маңызды. Бірақ Қазақстан аймақтарындағы әлеуметтік-қоғамдық институттар аутист балаларға сапалы көмек көрсете алмайды.

Педагогтардың аутист балалармен жұмыс жүргізулерінің мамадандырылған біліктіліктері болмағандықтан, олар аутист балаларда арнайы білім беру ұйымдарында оқытудан бас тартады. Көптеген аутист балалар үйде оқытылады, ал бұл оларды құрдастарынан және әдеттегі қалыпты өмірден оқшаулайды.

Аутизмнің анықтамасы

1943 жылы доктор Л.Каннер алғаш рет бала аутизмін психикалық дамудың жеке бұзылысы ретінде ерекшеленеді. Ол бала дамуындағы ауытқушылықтың ерекше түрін сипаттап, оны ерте жастағы бала аутизмі деп аталды. Қазір оны Каннер синдромы деп те атайды.

Л.Каннер бұл бұзылыстар ерте жастан екі жарым жасқа дейін байқалады деп есептеді, бұл кейіннен аутизмнің балалардың психикалық дамуының туа біткен және ерекше бұзылыстары деп айтуға мүмкіндік туғызды.

Бала аутизмі – бұл сан қырлы бұзылыстарға жататын, психологиялық дамудың өзіндік бұзылысы. Аутизмдегі әр түрлі ауытқушылықтардың арасынан бала аутизмі синдромының негізгі және міндетті үш белгісін ерекшелейді:

- 1.Қарым-қатынастың сапалы бұзылыстары;
- 2.Әлеуметтік өзара әрекеттестіктің сапалы бұзылуы;
- 3.Тәртіптің стереотиптік түрлері.

Сәби жастағы немесе ерте жастағы бұзылыстарда биологиялық шығу тегіне және психикалық бұзылыстарға тән ремиссиясыз және асқынусыз тұрақты ағымы көрсетіледі.

Бала аутизмі психиканың барлық жақтарындағы: танымдық және эмоциялық аймақтағы, сенсорлық және моторлық дамудағы, сондай-ақ жоғары психикалық қызметтердің, еркін тәртіптің, сананың және тұлғалық қалыптасуындағы бұзылыстарда байқалады дизонтогенезді білдіреді.

Балалардағы аутизм бұрмаланған (асинхрондық) даму ретінде сипатталады, бұнда психикалық дамудың жеке жақтарының бірі уақытында, екіншісі алға кетіп, ал үшіншісі дөрекі тежеліспен даму мүмкін, сонымен бірге олардың дамуы қалыптыларға да, тежелген онтогенезге де дәл келмейді.

Психолог О.С.Никольскаяның пікірі бойынша, аутистік дамудың бұрмалаушылығы қабылдаудың күрделі формалары, қимылдағы икемділік, сөйлей білу мен көп нәрсені түсіну қабілеті кездейсоқ байқалған кезде де, бала өзінің мүмкіндігін шынайы өмірде, қоршағандармен өзара іс-әрекетте пайдалануға тырыспайтындығынан да байқалады. Бала аутизмінде дамудың қалыпты даму жолы жәй ғана бұзылмайды, ол қатты бұрмаланып басқа жаққа кетеді. Аутист балалардың әр түрлі әлеуметтік қызметтен алынған ақпарат пен дағдыларын үйлесімді түрде пайдалана білмеулері олардың ең негізгі проблемаларының бірі болып табылады. Сонымен бірге мұнда егер аутистік өзіндік бұзылыстар баланың жасы келе тегістеле бастаса, ал әлеуметтік іс-әрекет, оның икемсіздігі, жағдайды түсінбеуі, еркін тәртіппен қызметтің жоғары түрінің бұзылыстары айқын байқала бастайды.

Аутизмнің этиологиясы(туындаудың себептері) мен патогенезі

Бала аутизмін қазіргі кезде зерттеу бала аутизмінің туындауының көптеген себептері мен оның әр түрлі патологиялыр аяасында пайда болу дәлелдейді. Аутистік бұзылыстар әр түрлі туындаудың себептерінен болуы мүмкін

1. Эндогендік-тұқым қуалаушылық.
2. Хромосомдық абберрация және зат алмасудың туа біткен аурулары.

3. Экзогенді- органикалық этиологиясы орталық жүйке жүйесінің органикалық зақымдалуы.

Аутизм классификациясы

Ауруларды **халықаралық** жіктеуде бала аутизмін және оған ұқсас бұзылыстарды жалпы психикалық бұзылыстарға жатқызады және олар төменде берілген үлгі бойынша жіктеледі:

F84.0. Бала аутизмі(аутистік бұзылыстар, бала аутизмі, бала психозы, Каннер синдромы)

F84.1. Атиптік аутизм(атиптік бала психозы, аутизм белгілері бар ақыл-ой дамуының кешеуілденуі енеді).

F84.2. Ретта синдромы.

F84.3. Бала жастағы басқа да дезинтегративтік бұзылыстар (бала деменциясы, дезинтеграциялық психоз, Геллер синдромы, симбиоткалық психоз).

F84.4. Ақыл-ой дамуының кешеуілденуімен және стереотиптік қимылдармен үйлескен гипербелсенді бұзылыс.

F84.5. Аспергер синдромы(аутистік психоопатия, бала жастағы шизоидтік бұзылыстары).

F84.8. Дамудың басқа да бұзылыстары.

О.С.Никольскаяның бала аутизмін негізгі топтарға жіктейтін психологиялық классификациясы.

2. Эмоционалды-ерік сферасы зақымдалған балалардың танымдық ерекшеліктері

1-топ. Сыртқы дүниемен қатынастан толық бас тарту

Бұл топ балаларында жайсыздық пен белсенділіктің бұзылуы ерте жастан байқалады, бала кейіннен бұдан өзі үшін ең тиімді қорғаныс тәсілінің көмегімен өтеді(сыртқы дүниемен қатынастан толық бас тарту). Мұндай балалар өз есімін айтқанда бұрылмайды, басқалардың өтінішіне жауап бермейді, сонымен бірге өздері де ештеңе сұрамайды. Оларда, ереже бойынша мақсатты түрде бағытталған тәртіп қалыптаспайды, керісінше алаңдық бір объектіден екінші объектіге ауысуы, заттарға қол тигізу, оларды қолдарында ұстау, бір затқа өрмелеу, шеңбер бойымен жүгіру, объектілерді ұзақ уақыт енжар бақылау байқалады. Балаларда сөйлеу тілі болмайды, алайда олардың кейбіреулері кейде коммуникативті бағытталмаған жеке сөздерді немесе тіптен сөз тіркестерін де айтулары мүмкін. Балалар қоршаған ортамен қатынас үшін сөйлеу тілін, мимикамен ишаратты пайдаланбайды, жақын адамдарына деген бауыр басушылықты білдірмейді. Қоршағандарға енжарлық білдіре отырып, олар тактильді қатынасқа қарсылық білдірмейді, ол өзін тамақтандыруға,

киіндіруге және басқа да іс-әрекеттерге енжар қатысады. Бұл аутизмнің ең терең түрі.

2-топ. Бұл топтың балалары ортамен қатынаста белсенділеу, тез ренжімейді, қоршаған ортамен таңдап қатынасқа түсе алады, бірақ оларға қоршаған әлемді тануға деген ұмтылыс пен қызығушылыққа қарағанда оны қабылдамау тән болады. Балалар қорғаныс тәсілі ретінде жайсыздық пен қорқыныш тудыратындардың бәрінен белсенді түрде бас тартуды пайдаланады. Сондықтан қоршаған ортамен қатынас баланың бекіткен және бұлжытпай орындайтын тәртібі бойынша ғана жүреді. Мұндай балалар үшін қалыптасқан өмірлік стереотиптерді, белгілі бір әдеттерді қатал сақтау өте маңызды. Олар таныс еместердің барлығын жаратпайды. Ұнату оларда өте тар және қатал қалыптасады, баланың тәртібін қалыптасқан әдеттің аясынан шығаруға ұмтылу, балада қарама-қарсылық реакциясын тудырады (айқайлау, жылау, агрессия). Бұл топ балаларда қолдарын сермеу, қол бастарын айналдыру, секіру, таяқшаларды және жіптерді сілкілеу сияқты қимыл-қозғалыс стереотиптері байқалады. Олар өзінің қажеттілігін білдіру үшін сөйлеу тілін пайдалана алады, бірақ олардың сөйлеу тілінің дамуы ерекше. Бұл топ балалары анасынан бір минут та ажырамайды себебі қатты қорқыныштарға беріліп кетеді.

3-топ: Балалар қатынасқа оның ішінде сөйлеу тілдік қатынасқа түсе және оны қолдай алады, бірақ оны орнату айрықша жан-жалдықпен ерекшеленеді. Олар қырсық, қыңыр болып, басқалардың пікірлерін есепке алмай, сөйлесіп тұрған адамның сөзіне және одан алған әсеріне мән бермей барлық жерде өздерінің айтқандарын істеткілері келеді. Олар үшін басқа адамдардың сезімін түсіну олардың басқалардың ісіне жауап беру, жол беріп, жаны ашу қиындық туғызады.

Бұл балалардың жоғарыдағы топтармен салыстырғандағы психикалық белсенділігінің жоғары болғандарына қарамастан, оларда басқа аутистер сияқты өте сезімтал, тез ренжігіш болып келеді. Олар жайсыздық пен қорқынышты жеңу үшін аутистік қызығушылықтары басым болып келетін психологиялық қорғаныш тәсілін пайдаланады. Балалар қандай да бір интеллектуалды түрдегі сабақтармен және қызығушылықтармен айлап айналысуы мүмкін.

Бұл топ балалары іс-әрекеттерін жоспарға сәйкес қатал дәйектілікпен орындауға тырысады; егер оны іс жүзіне асыру бұрмаланса, онда ол тәртіптің бұзылуына : қырсықтыққа, агрессияға , керісінше істеуге ұмтылуға әкеліп соқтырады.

4 топ. Бұл балалардағы аутизм қарым-қатынас пен өзара әрекеттестікті ұйымдастырудағы қиындық ретінде жеңіл түрде байқалады. Бұл балалар жоғары сезімталдығы мен және тез ренжігіштігімен, сын мен қолдамауды

жаратпайтындығымен ерекшеленеді. Олар жақындарына бауыр басқан, олардан үнемі көңіл мен эмоциялық қолдауды талап етеді. Бұл топ балалары жасық, ұялшақ және қорқақ балалар сияқты әсер қалдырады. Оларда басқа адамдардың сезімдерін, тәртібін және олармен белсенді және икемді әрекеттес болу ұғымы, түсіну мүмкіндігі төмендеген; олар қарапайым әлеуметтік жағдайларда естері шығып кетуі мүмкін. Бұл топ балалары үшін тәртіп пен қызметтің стереотиптік формаларына ұмтылу тән. Әдеттегі стереотиптің сәл болса да өзгерген кезінде оларда бірден қорқыныш пен ыңғайсыздықтың жоғарлауы байқалады. Қимыл-қозғалыстың тежелуі мен сенімсіздігі тән. Оларда жиі жағдайда психикалық және сөйлеу тіл дамуының тежелуі байқалады. Сөйлеу тілі байланысқан, бірақ кедей, көмескі.

3. Эмоционалды-ерік сферасы зақымдалған балаларды жалпы білім беру үрдісіне қосу

Аутист балаларға арнайы көмек көрсету жүйесі өткен ғасырдың 60 жылдарында алғаш рет АҚШ пен Батыс Еуропа елдерінде қалыптасуын бастаған. Еуропада ең бірінші аутист балаларға арналған мектеп Данияда 1920 жылы ашылған. Кейін кейбір жеке меншік мекемелер аутист балаларға көмек көрсеткен, бірақ ол кезде, нақты оқыту мен түзетудің әдістемелік, ғылыми негіздемесі болмаған.

Ресей ғалымдарының мәліметтері бойынша уақытымен түзетушілік көмек көрсетілген жағдайда аутист балалардың 60 пайызы жалпы білім беру бағдарламалары бойынша, 30 пайызы арнайы білім беру бағдарлама бойынша оқуға қабілетті, ал 10 пайызы отбасында әлеуметтенуге мүмкіндіктері бар. Бірақ түзетушілік көмексіз қалған жағдайдағы балалардың 75 пайызы әлеуметтік ортаға бейімделе алмайды, 22 -23 пайызы шамалы бейімделеді, тек 2-3 пайызы әлеуметтік бейімделудің жеткілікті деңгейіне жетеді.

Аутист балаларға арнайы көмек көрсету жүйесі өткен ғасырдың 60 жылдарында алғаш рет АҚШ пен Батыс Еуропа елдерінде қалыптасуын бастаған. Еуропада ең бірінші аутист балаларға арналған мектеп Данияда 1920 жылы ашылған. Кейін кейбір жеке меншік мекемелер аутист балаларға көмек көрсетуді бастаған, бірақ ол кезде нақты оқыту мен түзетудің әдіснамалық, ғылыми негіздемесі болмаған.

Қазіргі уақытта балалық ерте шақтағы аутизмді түзетудің әдістемелік негіздері әр түрлі. Жиі кездесетін бихевиористік психологияның негізінде операнттық оқыту (мінез-құлықтық емдеу).

Бұл түзету әдісі АҚШ-та және басқа да елдерде кеңінен тараған. Әдістің негізі қажетті қылықты, әрекетті қалыптастыру үшін сыртқы жағдайларды арнайы қамтамсыз ету, әлеуметтік-тұрмыстық бейімделу, сөйлеу тілін дамыту, оқу немесе еңбек ету дағдыларына үйрету. Бұл әдіс бойынша оқытылған

балалардың 50-60 пайызы жалпы мектеп бағдарламасын меңгере алады, кейін орта, жоғары оқу орындарында оқуын жалғастыра алады.

Ресейлік тәжірибеде ең танымал К.С.Лебединская мен О.С.Никольскаяның аутизмді түзетудің кешенді медициналық-психологиялық-педагогикалық әдістемесі. Бұл әдістеменің негізгі ерекшелігі дәрігер, педагог пен психологтардың бірлесе, тығыз байланыста жұмыс жасау. Өткен ғасырдың ортасынан бастап балалық ерте жастағы аутизмді зерттеулер басталуына қарамастан, қазіргі уақытқа дейін арнайы кешенді көмек көрсету жүйесі құрастырылмаған. Бұл жерде кейбір балаларды жалпы мектептегі арнайы сыныптарда оқыту тәжірибесі бар екенін айту керек. Бірақ сол балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қажеттілігі негізгі талап. Л.Каннер бойынша ерте балалық шақтағы аутизм синдромы келесі үш көрсеткішті біріктіреді: аутистикалық уайымдар, стеротипі, үйреншікті, бір қалыпты мінез-құлық, сөйлеу тілінде ерекше сипаттағы кемістіктер.

Емдеу

Бұл қатерлі кеселді емдейтін психиатрлар тапшы. Кейбір дәрігерлер оны қатерлі ауру ретінде қарастырмай, жай ғана психологиялық дерттің түріне жатқызады, сөйтіп, психикалық ауруларға тек кеңес берумен шектеледі. Мұның соңы балалардың өсе келе әлеуметтік ортаға бейімделуін қиындатады, айналадағы адамдардың өзіне деген түсінбеушілігін тудырады. Аутизмге шалдыққан балалардың мінезі басқа қатарластарына қарағанда өзгеше болады. Олар қоғамға араласқысы келмейді емес, дұрыс араласа алмайды. Оның себебі, орталық жүйке жүйесі бұзылған. Бала аутизіміне шалдыққан балаларды неғұрлым ертерек анықтап, ем алса, медициналық, әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық түзеу көмектерді дер кезінде беруге болады. Ата-аналар балаларының қылығында өзгешелік, яғни сөйлесудегі қиындықтар, тіке қарамау, адамдармен араласа алмау және қайталана беретін қимыл-қозғалыс, баланың ұзақ уақыт бойы тек бір нәрсемен айналысып отыра беруі, өзімшіл әрекет жасауын байқаса, бірден бала дәрігеріне тексеруден өткізгендері дұрыс. Бала дәрігерлері ата-аналарға түсіндіріп айтып, психиатр дәрігерге көріну қажеттігін ұғындырулары керек

Аутист балалар суды өте жақсы көреді. Сондықтан оларды «жаңбыр балалары» деп атайды. Бұл балалар суды көргенде ғана эмоциялық әрекет жасауы мүмкін. Дамыған елдерде арнайы терапия бар. Ол дельфиндермен емдеу. Дельфинотерапия аутист балаларға оң әсерін тигізеді.

Бақылау сұрақтары:

1. Аутизмнің этиологиясы(туындаудың себептері) мен патогенезі
2. Педагогтардың аутист балалармен жұмыс жүргізу ерекшелігі
3. Аутизм классификациясы

4. Қазіргі уақытта балалық ерте шақтағы аутизмді түзетудің әдістемелік негіздері қандай?

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Инклюзивтік білім беру жағдайында 8 санат бойынша ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балалардың оқытуын ұйымдастыру. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 64 б.

2. Ерекше оқыту қажеттіліктеріне қарай қысқа мерзімдік, орташа мерзімдік және ұзақ мерзімдік негізде оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 80 б.

3. З.Ү.Адилышинова, А.М.Сугуралиева. Инклюзивті оқыту. (Дәрістер жинағы). Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2017.- 93 бет.

4. К.Жарықбаев. Инклюзивті білім берудің мазмұны қандай? // Мектептегі психология, 2010, №5,18-20 б.

5. Мангутова Б.Б. Мүмкіндігі шектеулі адамдар және олардың сипаттамасы. // Психология, социология, дефектология, 2009, №4, 23-26 б.

7-дәріс. Жалпы білім беру мектептерінде мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету

Жоспар:

1. Жалпы білім беру ұйымдарында білім беруге ерекше қажеттілігі бар оқушыларды оқытуды әдістемелік ұйымдастыру

2. Жалпы және ерекше білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыратын шарттар

1. Жалпы білім беру ұйымдарында білім беруге ерекше қажеттілігі бар оқушыларды оқытуды әдістемелік ұйымдастыру.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар баланың сапалы білім алу құқығын қамтамасыз ету үшін оның арнайы білім алуға ерекше қажеттіліктерін, медициналық және әлеуметтік қызметке мұқтаждығын нақты және жанжақты зерттеу керек. Бұл оның оқу процесіне қосылуына барынша тиімді жағдай жасауға мүмкіндік береді. Баланың білім алуға ерекше қажеттілігін бағалау мамандардың кешенді тексеруінің нәтижесінде, диагнозы анықталғаннан кейін, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияда (ПМПК) жүзеге асырылады. Бұл жұмыс келесі бағытта жүргізіледі:

1) медициналық, әлеуметтік қызмет көрсету мен білім алуға қажеттіліктерін анықтау және растау;

2) баланы оңалтудың кешенді бағдарламасын жасау және жеке даралап оқыту бағдарын (маршрут) белгілеу.

Оның құрамында:

- білім қызметі (оқу бағдарламасының типін және психологиялық-педагогикалық қолдау мазмұнын анықтау);
- әлеуметтік қызмет (жәрдемақылар және жеңілдіктер, техникалық көмекші құралдар мен өмір сүру ортасын бейімдеу, үйде қызмет көрсету және т.б.);
- медициналық қызмет (әртүрлі мамандарға тексерілу және емделу қажеттілігі, стационарда және т.б.)
- отбасына қаржылай, құқықтық, әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету;

3) кеңес беру, үйрету және ата-аналарды педагогикалық түзету процесіне қатыстыру;

4) педагогтарға, психологтарға және мектеп ұйымының басқа да мамандарына ерекше қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеуде кеңестік-әдістемелік көмек көрсету;

5) психикалық даму мониторингі және білім беруде ерекше қажеттілігі бар балаларды медициналық-әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық тұрақты қолдау.

Арнайы қызмет түріне қажеттіліктерін анықтау барысында алдымен, оқыту және тәрбиелеу мәселелерін шешу барысында баланың қызығушылығына басымдылық беретін ізгілік қағидасы басшылыққа алынады. Сонымен қатар, бұл қағида, әр баланың өз қабілетін барынша дамытуына уақытында қажетті жағдай жасау керектігін білдіреді. Бұл жағдайлар инклюзивтілік принципінің негізінде дамып келе жатқан жалпы білім беру ұйымдарында жасалады. Ерекше жағдайлар қызметкерлермен, қаржылай, материалды-техникалық және басқалай мектептегі білім беру процесін қамтамасыз етуге қойылатын жалпы талаптар жүйесі дегенді білдіреді.

2. Жалпы және ерекше білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыратын шарттар

Аталған талаптарды іске асырудағы кіріктіру нәтижесі болып табылатын орта: жалпы және ерекше білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыратын, арнайы қажеттілігі бар оқушыларды қосқанда барлық білім алушыларға бідей физикалық және эмоционалдық тұрғыдан жайлы, атааналарға (олардың заңды өкілдеріне) ашық, балалардың физикалық және психологиялық денсаулықтарын сақтап және нығайтуға кепілдік беретін болуы қажет. Оларға келесі шарттарды жатқызуға болады:

Бірінші шарт – оқыту процесін дараландыру және саралау Арнайы білім беру қажеттіліктері бар оқушыларда біліктілікті, дағдыларды және денсаулықтың психо-совматикалық резервін меңгерудің түрлі мүмкіндіктері

бар. Жалпы білім беретін мектептер осы айырмашылықтарды ескеру керек. Атап айтқанда, жалпы білім беретін ортаға балаларды енгізудің түрлі нысандарын қамтамасыз етуге қажетті: а) қалыпты сыныпта оқыту - танымдық қабілеттері сақталған оқушыларға арналған. Олар үшін арнайы білім беру бағдарламаларының қажеттілігі жоқ, тек мұғалімнің жеке көмегі керек болуы мүмкін. Осы сыныпқа ерекше қажеттіліктері бар 1-2 оқушыны оқытуға болады. Мұндай сыныпта, ауытқуы жоқ оқушыларды оқытатын білім беру саласындағы педагог мамандар сабақ бере алады. Қажет болған жағдайда, мұғалім, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарынан, ресурс орталықтарынан қосымша кәсіби ақпараттар ала алады. б) арнайы сыныпта оқыту – арнайы жағдайлар талап етілетін (арнайы бағдарламалар, арнайы әдістер мен оқыту тәсілдері, арнайы жабдықтар мен дидактикалық құралдар, психологиялық-педагогикалық үздіксіз қамқорлық) оқушыларға арналған. Бұл сыныптарда арнайы педагогикалық білімі бар немесе курстық даярлаудан өткен мұғалімдер жұмыс істеуі тиіс. Оқытуды ұйымдастыру арнайы білім беру ұйымдарына қойылатын барлық талаптарға сәйкес арнайы оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша жүргізіледі. Арнайы сыныптар бұзылыс түрлері бойынша сараланады – есту, көру, ақыл-ой дамуы, сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстары, психикалық дамуының тежелуі бар, тірек-қозғалыс аппаратының бұзылыстары. Олар контингент болған жағдайда, сонымен қатар ата-аналардың балаларын арнайы сыныптарда оқытуға ниеті болғанда ашылады. Бұл жағдайда барлық сабақтан тыс іс-шаралар (үйірмелер, факультативтер, спорттық, тәрбиелік), қалыпты сынып оқушыларымен бірлесе отырып жүзеге асырылады. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар оқушыларды жалпы білім беру ұйымына қосу мүмкіндіктері (түрлері) білім беру жүйесінің қолданыстағы нормативтік құжаттарымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген жалпы білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидаларының 18-тармағында белгіленген: «Ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің мүдделерін ескере отырып, жергілікті білім беруді басқару органдарымен келісім бойынша білім беру ұйымдарында даму мүмкіндігі шектеулі балалармен дені сау балалардың бірлесіп оқитын сыныптары (бір сыныпта даму мүмкіндігі шектеулі екі баладан артық оқытылмауы тиіс) немесе арнайы білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларында көрсетілген 8 толымдылыққа сәйкес бұзушылық түрлері бойынша арнайы сыныптар ашылуы мүмкін. Инклюзивтік және арнайы сыныптардағы даму мүмкіндігі шектеулі барлық білім алушыларға арналған түзету сабақтарын арнайы педагогтер (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, логопед) жүзеге асырады.

Жалпы сыныптарға қосылған даму мүмкіндігі шектеулі балалар жалпы білім беретін бағдарламалар бойынша білім алады» .

Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға кіріктірілген (инклюзивті) білім беруді ұйымдастыру туралы әдістемелік ұсынымдарға сәйкес (2009 ж. 16 наурыздағы БҒМ №4-02-4/450 хаты) білім беруге ерекше қажеттіліктері бар балалардың жалпы білім беру процесіне ішінара интеграциялануын арнайы сыныптар жүзеге асырады. Осы санаттағы оқушылар үшін арнайы сыныптардың негізгі функциясы, олардың танымдық қабілеттері мен ерекше қажеттіліктеріне сәйкес, тұрғылықты жері бойынша өзінің білім алу құқығын іске асыру болып табылады. Бұл жерде ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды қоғамға әлеуметтік бейімдеу мен интеграциялауға, өз баласының тәрбиесі мен дамуындағы отбасының рөлін арттыруға мүмкіндік жасалады. Жалпы білім беру ұйымында арнайы сыныптар ерекше қажеттілігі бар оқушылар үшін дамуындағы бұзылыс түріне қарай және оқу үдерісін барынша дараландыруға мүмкіндік беретіндей толымдылықпен ашылады:

-естімейтін балаларға арналған - 8 адамнан артық емес;

-нашар еститін және кейіннен естімей қалған балаларға арналған - 10 адамнан артық емес;

-зағип балаларға арналған - 8 адамнан артық емес;

-көзі нашар көретін және кейін келе көрмей қалған балаларға арналған – 12 адамнан аспайтын;

-сөйлеу тілінің ауыр бұзылыстары бар балаларға арналған – 12 адамнан аспайтын;

-тірек-қозғалыс аппараты бұзылған балаларға арналған – 12 адамнан аспайтын;

-психикалық дамуы тежелген балаларға арналған – 12 адамнан артық емес; -

жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған – 12 адамнан артық емес; -

орташа ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған – 6 адамнан артық емес .

Орта мектептерде бұзылыс түрі бойынша білім беруге ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға арналған арнайы сыныптар ашу туралы шешімді білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдар қабылдайды. Арнайы сыныпқа баланы қабылдау ата-анасының (заңды өкілінің) жазбаша өтінішімен және оқыту бағдарламасы көрсетілген психологиялық медициналық-педагогикалық консультация (ПМПК) қорытындысы негізінде білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен жүзеге асырылады. 9 Арнайы сыныптар қажетті жағдай жасалғанда (материалдық, кадрмен қамту, оқу-әдістемелік) ашылады. Арнайы сыныптардағы оқу процесі, есту қабілеті, көру, сөйлеу, тірекқозғалыс аппаратының бұзылыстары, психикалық дамуы тежелген білім алушылар үшін ҚР МЖБС талаптарына сәйкес үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларының мазмұны бойынша жалпы білім беру нәтижелеріне қол жеткізу үшін, ал жеңіл

және орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылар үшін қолжетімді білім, білік, дағдыларын қалыптастыру үшін, МЖМБС талаптарынсыз қоғамдағы жеке және тәуелсіз өмір салтын қалыптастыруға қажетті бастапқы кәсіби-еңбек дағдыларын меңгерту арқылы жүзеге асырылады. Білім беру мерзімі арнайы сынып жағдайында бастауыш деңгейінде, нөлдік сыныпты енгізу арқылы 1 жылға ұзартылды және оқу-танымдық әрекеттердің баяу қарқынын ескере отырып, сонымен бірге түзете-дамыту және оңалту шараларын іске асыру мақсатында негізгі орта білім беру сатысына 10 сыныпты енгізу есебінен 1 жылға ұзартылды.

Екінші шарт – білім беру процесінің барлық қатысушыларын (балалар, ата-аналар, мұғалімдер, білім жүйесінің басшыларын) дамуында шектеуі бар оқушылармен өзара қарым-қатынаста қатар өмір сүруге дайындау. Қалыпты білім беру кеңістігіне арнайы оқу қажеттіліктері бар балалардың енгізілуі, ұжымдағы құрдастарымен тең жағдайда білім алуын көздейді. Сондықтан да балалардың арасындағы өзара қарым-қатынас жағдайларының барлық көріністерін болжау қиын, әсіресе оның нәтижесін. Инклюзивті білім беру саласындағы кедергі, ерекше қажеттіліктері бар балаларға қатысты қалыптасқан теріс көзқарас. Жалпы білім беретін мектеп оқушылары жанында даму ерекшеліктерінде ауытқуы бар, өздерін басқаша ұстайтын қатарластарын көрмеген, үйренбеген. Сондай-ақ ата-аналар да ерекше қажеттіліктері бар балаларды қалыпты сыныпқа енгізу, «стандарттың төмендеуіне» әкеледі деп ойлайды, осыдан қобалжу туындауы мүмкін. Мұғалімдер ерекше қажеттіліктері бар балалар мен мектеп оқушыларының, олардың ата-аналарының, басқа да мұғалімдердің арасында оң көзқарас қалыптастыруда жетекші рөл атқаруы тиіс. Нормативті дамыған оқушыларда осы балалардың ерекшеліктері, олар пайдаланатын арнайы құрылғылар туралы сұрақтар туындауы мүмкін. Дамуында ауытқулары бар баланы қалыпты дамыған құрдастарының оң қабылдауына қоршаған ортасындағы ересектердің әсері бар. Мұғалімдер осындай оқушыларды барлық жағдайларда қолдауға және көмек беруге дайын болуы тиіс. Салауатты оқушыларға құрдастарының дұрыс сөйлей алмауын, дұрыс қимылдай алмауын, өздерін басқаша ұстау себептерін түсіндіруі қажет және т.б. Айырмашылықтар орын алады және басқалар оған құрметпен қарауы керек. Мұндай жұмыстар ата-аналар жиналыстарында да жүргізілуі тиіс. Мүмкіндіктері шектеулі адамдарға ықпалды (толерантты) көзқарас қалыптастыру мақсатында көзделуі тиіс:

- білім беру ұйымдарының жұмыс жоспарына мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың ерекшеліктері мен қажеттіліктері туралы мектеп қызметкерлеріне, ата-аналарға, балаларға қажетті ақпаратты беретін ісшараларды қосу, оның

ішінде өмірде табысты, құрметтеу және жоғары қоғамдық мәртебеге ие адамдармен кездесулер ұйымдастыру;

- мүмкіндігі ерекше қажеттіліктерді керек ететін оқушыларға олар пайдаланатын көмекші құралдар (мысалы, есту аппараттары) туралы айту және оларды қалай пайдалануға болатынын көрсету;

- ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға қалыпты дамушы құрдастарымен бірдей тең табысты болуға мүмкіндік беретін ойынның және пәндік іс-әрекеттердің ұжымдық түрлерін ұйымдастыру;

- ерекше қажеттіліктері бар оқушыларға нормативтік дамушы құрдастарының тарапынан оқу процесінде, сондай-ақ үзіліс кезінде бір сыныптан екінші сыныпқа көшу барысында көмек көрсетуі;

- ерекше қажеттіліктері бар барлық оқушылардың сыныпта және мектепте мәртебесін арттыруға ықпал ету үшін олардың мектепте және мектептен тыс үйірмелерде, спорт секцияларына қатысуын қолдай отырып, дарындылығын ашуға жағдай жасау .

Үшінші шарт – ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша мұғалімдер және ата-аналарды арнайы дайындықтан өткізу және оларға уақытылы кеңес беру. Жаппай білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар балаларды табысты оқыту, тәрбиелеу және әлеуметтік бейімдеу көбінесе барлық деңгейдегі басқару буынының біліктілігі және ынталылығына, сонымен қатар жалпы білім беретін мектептердің басшылары мен педагог кадрлардың кәсіби даярлығына байланысты. Бірінші кезекте арнайы курстан жалпы білім беретін мектептердің басшылары өтуі тиіс, өйткені ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқытуға ең басты жауапкершілік директорға жүктеледі. Мектепте арнайы сыныптардың немесе ерекше қажеттіліктері бар балалардың жалпы сыныптарда болуы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға маңызды өзгерістер енгізеді. Басқару құрылымы өзгереді – күн тәртібі, сабақ кестесі, мектептегі сабақтың ұзақтығы, жоспарлау, реттеу жұмысының тиімділігін және сапасын бақылау, түзету, мектепте міндетті түрде психологиялық-медициналықпедагогикалық сүйемелдеу қызметінің құрылу және т. б. Әкімшіліктен арнайы жағдай жасау, ғана сондай-ақ мейірімді қабылдау, қатаң емес педагогикалық режимі, оқу-тәрбие үдерісінің ең жоғарғы түзету бағытына да байланысты. Сондықтан біліктілікті арттыру жүйесінде мектеп басшыларын, сондай-ақ, аудан, қала және облыстық білім департаменттерінің қызметкерлерін оқытуды жүзеге асыруы өте маңызды. Жалпы білім беретін мектептерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арнайы көмектің тұтас жүйесін жасауда маңызды қадам ол осы балалармен жұмыс жасайтын мұғалімдерді даярлау және қайта даярлау болып табылады.

Мұғалім ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың даму ерекшеліктері туралы кешенді пәнаралық білімді, дамуындағы ауытқуларды тудыратын себептер туралы, сондай-ақ жалпы білім беретін әр түрлі пәндерді оқытудың арнайы әдістемесін меңгеру қажет. Мұғалімдерді оқыту тұрақты болуы тиіс – курстық дайындау (модульдік) түрінде және біліктілікті арттыру институттар базасында ғана емес сонымен қатар мектептерде де жүргізілуі керек. Теориялық дайындықпен қатар оқыту орнында практикалық оқытуды қарастыру қажет, мұғалімдерге өз мәселелерін талқылауға үнемі кездесуге, тәжірибесімен бөлісуге мүмкіндік жасау қажет. Ұқсас жағдайларда мұғалімдердің қалай жұмыс жасап жатқаны туралы ақпарат басқа педагогтарға өзіндік ісәрекеттерін талдауға, жаңа идеяларды жүзеге асыруда сенімділік пен алға ұмтылуға көмектеседі. Тұрақты қолдау мен кеңес беруді мұғалімдер түзету-дамыту жұмысын жүргізетін арнайы педагогтардан алуға тиіс. Олар психологиялықпедагогикалық сүйемелдейтін мектептегі қызметтің немесе психологиялықпедагогикалық түзеу кабинеттерінің мамандары. Білім беру үдерісінде ерекше орынды ата-аналар алады. Олар білім беру және түзете-дамыту үдерісінің белсенді қатысушылары болуы керек. Ата-аналарға арнайы педагогпен балаларының түзету және консультативтік сабақтарына қатысуға мүмкіндік жасалуы тиіс. Арнайы педагог баланы оқыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналарға ұсыныстар жасайды. Бала үйде оқыған материалмен сабаққа келгенде бірін бірі қайталайтын оқытуды болдырмау өте маңызды. Егер табысты оқыту үшін бұл жалғыз мүмкіндік болса, баланы жалпы мектепте оқыту туралы мәселе туындайды. Бұл оқушыға дені сау балалармен сабақтан тыс жұмыстарды, мерекелер және спорттық іс-шараларды бірге өткізуді ұйымдастыру пайдалы.

Төртінші шарт – ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды арнайы психологиялық-медициналық-педагогикалық сүйемелдеу. Бала дамуындағы бұзылыс оның оқу материалын меңгеруіне және қоршаған адамдармен (кұрдастарымен, үлкендермен) жеке дара қарым-қатынас жасауына әсер етеді. Сондықтан жалпы білім беретін ортада мұндай оқушыны табысты бейімдеу және оқытудың маңызды шарттарының бірі психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу болып табылады. Психологиялықпедагогикалық сүйемелдеу мамандардың біртұтас, жүйелі ұйымдасқан қызметін білдіретін білім беру-тәрбие процесінде балаға көмектің (немесе қолдаудың) ерекше түрі ретінде қарастырылады. Оның барысында баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқыту мен дамуы үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық шарттар жасалады. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің нысаны ретінде білім беру (оқу-тәрбиелік) үдерісі қарастырылады. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің тақырыбы -

баланың әлеммен, айналасындағылармен (ересектер, құрбылар), өз-өзімен қарым-қатынасының жүйесі ретінде оның даму жағдайы. Ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды сүйемелдеу 12 командалық жұмыс стилін, әр түрлі мамандардың (психолог, логопед, арнайы педагог, әлеуметтік педагог), мұғалімдер мен ата-аналардың өзара тығыз байланысын көздейді. Арнаулы сүйемелдеу ішкі және сыртқы (мектепте қажетті мамандар болмаған жағдайда штатында, мысалы, сурдопедагог, тифлопедагог, емдік дене шынықтыру жөніндегі маман) болуы мүмкін. Іштей сүйемелдеу командалық жұмыс ретінде консилиумді пайдаланатын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің мамандарымен жүзеге асырылады. Сыртқы сүйемелдеу аудандық психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерінің мамандарымен жүзеге асырылады.

Бесінші шарт – ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерінің мониторингі және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке бағдарламасын толықтыру. Жалпы білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар баланың оқу үрдісі мен әлеуметтік бейімдеуінің табыстылығы таңдап алған оқу бағдарламаның оқушының танымдық және функционалдық мүмкіндіктеріне сәйкестігіне және нақты оқу жетістіктерін тұрақты бақылау арқылы қол жеткізіледі. Көрсетілген бақылау білім беру ұйымдарында жүзеге асырылуы үшін тиісті білім беру мониторингі жүзеге асырылуы керек. Білім беру мониторингінің мәліметтері мұғалімге оқыту барысында балаларда туындайтын қиындықтарға дер кезінде араласуға және оларды жоюға, білімін толықтыру бойынша қажетті іс-шаралар ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Оқу бағдарламаларын меңгерудегі туындайтын қиындықтарды талқылауға сүйемелдеу қызметінің мамандары (психолог, логопед, мұғалім-дефектолог) қатысады, олар қиындықтардың себептері мен жою жолдарын анықтауға көмектеседі. Егер қажет болса, жеке түзету сабақтарының мазмұнына өзгерістер енгізеді. Осылайша, жалпы білім беру процесіне енгізілген ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың жоғары білім сапасын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасалады. Білім беру мониторингінің көмегімен педагог оқушыда қалыптастырылған дағдылар деңгейін анықтайды және оған сүйеніп, баланы табысты оқытуға жағдай жасайтын жеке білім беру бағдарын жасайды. Әр оқу жылының соңында оқушылардың оқу жетістіктері оқушылардың психологиялық-педагогикалық карталарында сақталатын арнайы жетістіктер карталарында тіркеледі.

Басым бөлігін мүмкіндіктері шектеулі балалар құрайтын білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды мамандардың командасы мектептің педагогтық ұжымымен серіктестікте жүзеге асырады. Мамандар командасының жұмысын үйлестіру

мақсатында мектепте жалпы білім беру мектебінің толыққанды құрылымдық бөлімі болуға міндетті психологиялық-педагогикалық қызметі қолдау (ППҚК) құрылады. Бұл үшін мектеп басшысы қызметтің құрылғаны және оның қызметінің ережелері туралы бұйрық шығарады (А қосымшасы). Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құрамына мектеп директоры, оқу-тәрбие жұмысы бойынша директордың орынбасары, логопед мұғалім, педагог-психолог, дефектолог мұғалім, әлеуметтік педагог, ЕДШ нұсқаушысы және т.б. кіреді. Жалпы білім беру мектебінің жұмыс құрылымына өзінің кәсіптік әрекетінің белгілі бір алгоритмі бар психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ендіру қажеттілігі мектепті басқару жүйесіне өзгерістер енгізуді талап етеді. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға қатысты мектеп үшін жаңа ақпараттар мен қызметтер пайда болады. Басқару кадрларына қолдау мамандары мен педагогтардың өзара әрекеттенуін реттеу; олардың қатар бағыну иерархиясын және өзара әрекеттену қағидаларын құру қажеттілігі; басқарудың әрбір деңгейінде ақпараттарды жинау және өңдеу формасын анықтау; балалар ұжымының жіктелуіне жол бермейтін жағдай тудыру; пәнаралық негізде мұғалімдер мен мамандардың кәсіптік өсуіне жағдай тудыру мәселелері жүктеледі. Директор мен директордың орынбасарының атқарымдық міндеттемелеріне өзгерістер енгізіледі. Директор оқу-тәрбиелеу үдерісін ғана емес, сондай-ақ ол психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін де біліп, басқаруға және өтіп жатқан үдеріс туралы ақпаратты жинау және өңдеу тәсілдерін де меңгеруге міндетті. Директордың оқу жұмысы бойынша орынбасары балаларды қолдау үдерісін басқаруға, психологпен, дефектологпен, логопедпен және т.б. мамандармен өзара әрекеттенуге, оқушыны қолдаудың жеке бағдарламасын құруға қатысуға, балаларды сүйемелдеу жүйесін дамыту және жетілдіруге бағытталған әр түрлі шараларды, формаларды, тәсілдерді әзірлеу үшін мұғалімдер мен мамандардың уақытша ұжымын ұйымдаструға міндетті. Директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасары күннің екінші жартысында сыныптан тыс және демалыс шараларын ұйымдастырған кезде әр түрлі сыныптардың (арнайы және әдеттегі) оқушыларын біріктіруге қатысты жауапкершілікті өзіне алуға міндетті. Сонымен бірге оқушылардың мүмкіндіктерінің бірдей еместігін есепке алып, балалар арасындағы бәсекелестік жағдайын жайластыруға міндетті. Оқудан тыс әрекеттерде оқуда 8 жоғары нәтижелерді көрсете алмайтын оқушылар үшін өздерінің қабілеттерін барынша жүзеге асыра алуға мүмкін болатындай қажетті жағдай тудырылу керек. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін мектеп қызметінің құрылымына қосу жағдайында мектептің әдеттегі басқару органдарының (педагогикалық кеңес, пән мұғалімдердің әдістемелік бірлестігі) жұмысын

өзгерту қажеттілігі туады. Педагогикалық кеңес құрамына мұғалімдерден басқа психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары да кіруге міндетті. Олардың педагогикалық кеңес жұмысына қатысуы оқушылардың үлгермеушіліктері мен тәртіп бұзуларының себептерін талқылауға мүмкіндік тудырады. Қолдау мамандары оқушылардың оқу нәтижелерін педагогикалық кеңес отырысында талқылай отырып, педагогтардың жұмысына қатысты ұсынымдарды тұжырымдауға, ал әдістемелік бірлестіктердің отырысында мұғалімдерді оқытудың арнайы әдіс-тәсілдерімен, оқушыға сараланған және дараланған тәсілдемені қолдануды жүзеге асыру технологиясымен таныстыруға мүмкіндіктері болады. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру материалдық, кадрлық және ғылыми-практикалық жағдайлардың болуын талап етеді. Білім беру ұйымдарында мүмкіндіктері әр түрлі балалардың торлық құнды жеке бастық өзін-өзі танытуына және олардың жалпы білім беру ұйымдарындағы бағдарламаларды толық құнды меңгерулеріне мүмкіндік беретін бейімдеуіш ортаны құру қажет. Мектепте мүмкіндіктері шектеулі балалардың оқуына және дене тұрғысынан қолжетімділікке арналған қажетті техникалық жағдай құрылуға міндетті: қимыл-қозғалыс бұзылыстары бар оқушыларға арналған арнайы құралдар, құрылғылар, мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту үдерісін материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік жарақтандырудың ең төменгі нормативтік талаптарына сәйкес заманауи көмекші құралдар, көрнекі дидактикалық материалдар. Балаларды психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз ететін дефектолог мұғалімнің, педагог-психологтың, логопед мұғалімнің және басқа да мамандардың кабинеттері түзете дамыту құралдарымен, оқыту құралдарымен (оның ішінде техникалық), арнайы оқу-әдістемелік және дидактикалық әдебиеттермен жабдықталуға міндетті. Мүмкіндігі шектеулі білім алуда ерекше қажеттіліктері бар баланы оқыту мазмұнын қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымының кітапханасы арнайы білім беру және түзете дамыту бағдарламаларымен, арнайы әдістемелік және оқу әдебиетімен жабдықталады. Қолдау қызметінің жұмыс істеуі және дамуы үшін балаларды сүйемелдеу тұжырымдамасын және кәсіптік реттелген өзара әрекеттенуді қамтамасыз ететін ұймдасқан құрылымды құру қажет болады. Бұндай құрылымға мектептік психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум жатады.

Бақылау сұрақтары:

1. Жалпы білім беру ұйымдарында білім беруге ерекше қажеттілігі бар оқушыларды оқытуды ұйымдастыру жолдары
2. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар баланың сапалы білім алу құқығын қамтамасыз ету жолдары қандай?

3. Мұғалім ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың даму ерекшеліктері туралы нені білуі керек
4. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ерекшелігі
5. Баланың жеке дара қасиеттерін, ескере білу, оқыту, тәрбиелеу, еңбекке және мамандыққа даярлау?
6. Инклюзивті оқытудың базалық құқық құжаты дамуында қандай да бір ауытқуы бар балаларға нәтижелі көмек құру?

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Инклюзивтік білім беру жағдайында 8 санат бойынша ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балалардың оқытуын ұйымдастыру. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 64 б.

2. Ерекше оқыту қажеттіліктеріне қарай қысқа мерзімдік, орташа мерзімдік және ұзақ мерзімдік негізде оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 80 б.

3. З.Ү.Адилышинова, А.М.Сугуралиева. Инклюзивті оқыту. (Дәрістер жинағы). Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2017.- 93 бет.

4. К.Жарықбаев. Инклюзивті білім берудің мазмұны қандай? // Мектептегі психология, 2010, №5,18-20 б.

5. Мангутова Б.Б. Мүмкіндігі шектеулі адамдар және олардың сипаттамасы. // Психология, социология, дефектология, 2009, №4, 23-26 б.

8-дәріс. Мүмкіндігі шектеулі балалармен, олардың ата-аналарымен, оқушылармен жүргізілетін жұмыстар

Жоспар:

1. Жалпы білім беру жағдайындағы оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау
2. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі қағидалары

1. Жалпы білім беру жағдайындағы оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау

Психологиялық-педагогикалық қолдау мүмкіндіктері шектеулі оқушылардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған және арнайы білім беру жүйесінде әзірленген және жүзеге асырылған технология болып табылады. Жалпы білім беру жағдайындағы оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау арнайы білім беру ұйымдарының тәжірибелерін пайдалану негізінде құрылуға міндетті. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алудағы ерекше қажеттіліктері:

- психологиялық-педагогикалық қолдауға қажеттілік анықтала салысымен бірден онымен қамтамасыз ету;
- қалыпты дамыған балаларды оқытуға қатысты қолданылмайтын оқытудың арнайы құралдары мен тәсілдерін пайдалану;
- оқытудың таңдалған бағдарламасының баланың даму деңгейіне, шынайы жетістіктеріне (білім беру мониторингісі) сәйкестігін үнемі бақылау;
- балалардың психосоматикалық ерекшеліктеріне сәйкес келетін кеңістіктік және мезгілдік білім беру ортасын ұйымдастыру;
- баланы қоршаған барлық ересектердің оның білім алудағы ерекше қажеттіліктерін шешуге қатысуы.

Жоғарыда аталғандарға негізделе отырып, психологиялық-педагогикалық қолдау (педагогикалық қолдау) бағытталуға тиістілер:

- баланың денсаулығын және дене күшін қолдау: бала өмірінің денсаулық-сақтау түзімін ұйымдастыру, оларды жеке таңдалған қимылдық белсенділіктерге, денсаулықты нығайтатын сабақтарға қатыстыру;
- балалардың зерде дамуын қолдау: әрбір баланың танымдық ерекшелігін анықтау және дамыту, оқу әрекетінің табысты болуы үшін жағдай тудыру;
- баланы қарым-қатынас саласында қолдау: балаларға гуманистік өзара әрекеттенуіне жағдай тудыру, балалардың қолы бос кезіндегі әрекеттерде жеке қабілеттерін байқатуларын қолдау, тәртіп түрін саналы түрде таңдауына көмектесу;

- баланың жанұясын қолдау: жанұялық қатынасты зерттеу, олардың үйлесімді болуына көмек көрсету.

Педагогикалық қолдау ерекше шығармашылық ахуалды құру мен балаларға жағдайды таңдауды ұсынуды білдіреді. Бұндай жағдайлар оқушылардан білімді, икемділікті ғана емес, сондай-ақ рефлексия тәжірибесін, шешімді өздігінен қабылдауды, ерік пен мінезін байқатуды талап етеді. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі қағидалары:

1) бала дамуындағы кез келген мәселені шешудің кешенді, пәнаралық тәсілдемелері. Кәсіпаралық серіктестік баланың мектепте және жанұяда дамуының, мамандар (психолог, логопед, дефектолог, әлеуметтік педагог) мен мұғалімдердің іргелес ғылымның білімін, әдістемелерін меңгерудің бірыңғай стратегиясын әзірлеуге және жүзеге асыруға бағытталған.

2) Білім беру үдеріндегі баланың дамуын қолдаудың үзіліссіздігі. Балада тұлғалық, танымдық және әлеуметтік мүмкіндікті арттыру міндетін табысты шешу үшін мектепте оқытудың барлық сатыларында жүзеге асырылатын мамандар мен педагогтардың командасының ұзақ та күрделі жұмысы қажет болады.

3) Қолдау үдерісін ақпараттық-әдістемелік қамсыздандыру. Білім беру ұйымындағы оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша мамандардың командасының жұмысын реттемелеу үшін жергілікті нормативтік актілерді әзірлеу. Психологиялық-педагогикалық қолдау үдерісін оқу-әдістемелік қамсыздандыру.

4) Қолдау әрекетін әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық жобалау. Мамандардың келісілген әрекеттерін бекітуге арналған мамандардың құжаттарының пакетін әзірлеу үшін олардың бағыты мен мазмұнын алдын ала анықтау.

5) Мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша шараларға ата-аналарды, педагогикалық және балалар ұжымын белсенді тарту.

2. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі қағидалары

Педагогикалық қолдаудың қажетті жағдайы ретінде тәртіптің толерантты мәдениеттілігін қоса отырып, жайлы және кедергісіз ортаны құру. Құрамына ең алдымен мүмкіндіктері шектеулі балалар кіретін білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау білім берудің әрбір сатыларында төмендегі міндеттерді шеше отырып, жүзеге асырылады: бастауыш мектеп – мектепте оқуға дайындығын анықтау, мектепке бейімделуін қамтамасыз ету, оқушылардың оқу әрекетіне деген қызығушылығын арттыру, танымдық және оқу уәждерін дамыту, дербестік пен өзін реттеу қабілетін дамыту, «оқи білу» және қалауын қалыптастыруда қолдау,

әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін және әлеуеттік мүмкіндіктерін есепке ала отырып шығармашылық қабілеттерін дамыту; негізгі мектеп – оқушының негізгі мектепке көшуде қолдау, оқытудың жаңа талаптарына бейімделу, жеке тұлғалық және құндылықты-мағыналық өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамыту міндеттерін шешуде қолдау, жеке тұлғалық мәселелері мен әлеуметтендіру мәселелерін шешуде, өмірдік дағдыларын қалыптасыруда көмектесу, неврозды алдын ала емдеуде, ата-анасымен және құрдастарымен құрылымды қатынасты құрастыруда көмектесу; орта мектеп – оқушыға бейінді бағдарлауда және кәсіптік тұрғыда өзін-өзі анықтауда, экзистенциалдық мәселелерді (өзін-өзі тану, өмірдің мәнін іздеу, жеке бірдейлікке жету) шешуде қолдау, уақытша келешекті, мақсатты тұжырымдау қабілетін дамыту, психоәлеуметтік құзыреттілікті дамыту.

Қолдаудың бірізділігін құру барынша икемділікті және вариативтілікті, баланың дамуындағы әрбір кезеңдегі оның психофизиологиялық жас ерекшеліктерін есепке алуды білдіреді. Оқытудың әр түрлі сатыларында қолдау қызметінің кейде бір, кейде басқа мүшелері басқаларын шетке ығыстырмай, білім алуда ерекше қажеттіліктері бар оқушының жеке тұлғалық қалыптасуының осы сатысында өзінің ерекше жауапкершілігін түсіне отырып, бірінші қатарға шығады. Сонымен оқушыны оқытудың бастапқы сатысында олардың оқудағы қиындықтарының туындау себептерін анықтауда, оқушылармен жеке және топтық сабақтарда жұмыс істей отырып, оларды жою мәселелері бойынша педагогтарға кеңес беруде дефектолог пен логопедтің рөлі өте үлкен. Негізгі мектепке көшкенде негізгі жүктеме күрделі жасөспірімдік кезеңді бастан өткізетін жасөспірімдердің жеке тұлғалық мәселелерін шешетін психологқа артылады, әлеуметтік педагогтың да шаруасы көбейе түседі. Бұл сенситивтік кезеңдегі жаста түзете дамыту жұмысының тиімділігімен қамтамасыз ететін логопед пен дефектологтың жұмыстары аяқталады. Жеке тұлғалық мәселелер басым болатын жоғары мектепте психолог рөлінің маңыздылығы сақталады.

Бақылау сұрақтары:

1. Ерекше мүмкіндігі бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау
2. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың қағидаларын атаңыз
3. Мектепке бейімделуін қамтамасыз ету жолдары
4. Оқытудың жаңа талаптарына бейімделу ерекшелігі
5. Дамуында мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алуына жағдай жасау мақсатында қызметті кадрлармен тиімді қамтамасыз ету?
6. Арнайы білім беру бағдарламалары бойынша мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту?

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Инклюзивтік білім беру жағдайында 8 санат бойынша ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балалардың оқытуын ұйымдастыру. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 64 б.
2. Ерекше оқыту қажеттіліктеріне қарай қысқа мерзімдік, орташа мерзімдік және ұзақ мезімдік негізде оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 80 б.
3. З.Ү.Адилъшинова, А.М.Сугуралиева. Инклюзивті оқыту. (Дәрістер жинағы). Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2017.- 93 бет.
4. К.Жарықбаев. Инклюзивті білім берудің мазмұны қандай? // Мектептегі психология, 2010, №5,18-20 б.
5. Мангутова Б.Б. Мүмкіндігі шектеулі адамдар және олардың сипаттамасы. // Психология, социология, дефектология, 2009, №4, 23-26 б.
6. <http://www.stat.kz/digital/Pages/default.aspx>

9-дәріс. Білім берудегі инклюзивті үрдісті басқару

Жоспар:

1. Инклюзивтік оқыту негізінде балалар құқығы
2. Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру кезеңдері
3. Инклюзивті білім беру саласын дамытуға арналған бағыттар
4. Инклюзивтік білім беруді шешу жолдары

1. Инклюзивтік оқыту негізінде балалар құқығы

Инклюзивтік білім беру – барлық балаларды және білім үрдісінде толық енгізу әлеуметтік бейімдеуге жынысына, шығу тегіне қарамай балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарды белсенділікке шақыруға, балаларды түзету-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдану, қоршаған ортаның балалардың жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімдеріне жағдай туғызу, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға арналған мемлекеттік саясат.

Инклюзивтік оқыту негізінде балалар құқығын кемсітпеу, адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, оларға арнайы жағдай қалыптастыру негізі жатыр. Бала – біздің болашағымыз. Балаларға бәріміз жауаптымыз. Ата-аналардың басым бөлігі балаларының оқу-тәрбие мәселесіне келгенде жайбарақаттығы, салғырттығы басым. Көптеген ата-аналар балаларының тілі жай шыққанына, есте сақтау қабілетінің нашарлығына дер кезінде мән бермейді, білікті маманға апарып көрсетпейді. Тіпті баласының болашағына алаңдайды дегеннің өзінде қаражат жоқтығын сылтауратып қозғала қоймайды. Олардың көбі психологиялық-медициналық-педагогикалық көмектің қызметі тегін екенін логопедтен, дефектологтан, психологтан тегін кеңес алуға болатынын білмейді. Соның кесірінен баланың ақыл-ой дамуы нашар деңгейде екенін мектепке барғанда белгілі болады.

Елімізде инклюзивті білімнің нашар дамуы ҚР-да білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған мемлекеттік білім бағдарламасында сипатталып, оның жоспарлы дамуына әсер ететін қауіп-қатер ретінде елімізде мүмкіндігі шектеулі балалар мен мүгедек балалардың көбеюі атап көрсетілді және екі кезеңге белгіленген инклюзивті білімді жүзеге асыруға мақсаттары мен міндеттері айқындалды. Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде ҚР-да 2015 жылға қарай инклюзивті білім беру мен мүмкіндігі шектеулі балалардың 25% қамту көзделсе, инклюзивтік білім беруге жағдай жасау 30%, 2020 жылға қарай 70% ұлғаяды. Инклюзивті біліммен қамтылған балалар үлесі даму мүмкіндігі шектеулі балалардың 50% құрайтын болады.

Инклюзивті білім берудің мақсаты: Мүмкіндігі шектеулі балаларды психологтық-дәрігерлік-педагогикалық қолдауды іске асыру және инклюзивті білім беруді орындау арқылы тең құқылы тұлға болуға мүмкіндік жасау.

Міндеті: әлеуметтік бейімделу, тәрбиелеу, білім беру үрдісіне барлық қатысушылармен ерекше сұранысқа ие балалардың жағымды, өзара қарым-қатынасын қалыптастыру;

- олардың сұраныстары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, жан-жақты дамуына жағдай туғызу керек және әлеуметтік тұрғыда дұрыс мінез-құлық қалыптастыру;

- мүмкіндігі шектеулі балаларға бөбекжайда қажетті құралдармен қамтамасыз ету;

- балалардың денсаулықтарына, жүйке жүйесінің дамуына жүйелік бақылау ұйымдастыру;

- баланың даму деңгейіне таңдап алынған бағдарламаның жеткен жетістіктеріне үнемі бақылау жүргізіп отыру;

- көңіл – күйі және тұлғалық дамуының кемшіліктеріне, жоғары деңгейдегі түзетулер жасау.

2. Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру кезеңдері

Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру 4 кезеңде жүргізіледі:

1. Мектепке дейінгі ұйымда балаға консилиум мамандары кешенді динамикалық бақылау жасау арқылы қамтамасыз етіледі. Консилиум құрамына директордың бұйрығымен дефектолог, логопед, әлеуметтік педагог, психолог, медбике, дене шынықтыру нұсқаушысы, топ тәрбиешісі енгізіледі. Мамандар бөбекжайға қабылданған мүмкіндігі шектеулі балаларға 2 апта мерзімінде жеке бақылау жүргізеді.

2. Жұмыстың түзетушілік-дамытушылық кезеңінде балаға әсер ететін шаралар кешенін қарастырады. Жетекші әрекет түрін қалыпқа келтіру және жетілдіру, жеке даму кемшіліктерін түзету, яғни мүмкіндігі шектеулі баламен жеке дамыту, түзету жұмыстарын жүргізу.

3. Жұмыстың мектепке дейінгі білім берушілік кезеңі. Балаларды мектепке дейінгі ұйымда оқу іс-әрекетін меңгеру тәсілдеріне үйретуді, әрбір жас кезеңіне тән олардың танымдық белсенділігін дамытуды, сондай-ақ баланың жеке басының мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, топ тәрбиешілері мектепке оқуға даярлауды қарастырады.

4. Әлеуметтік тәрбие жұмысы. Әлеуметтік педагог мүмкіндігі шектеулі балалардың үйіне барып, ата-анасымен пікірлесіп отбасының әлеуметтік жағдайын анықтайды, яғни бала мен отбасының дербестігін арттыруға, дамуында ауытқушылығы бар тәрбиеленушілердің қалыпты дамыған құрдастары арасында ерте, толыққанды әлеуметтік кіріктіруге,

мектепалды баланың әрекеті мен мінезіндегі адамгершілік бағыттарының қалыптасуына, мүмкіндігі шектеулі баланың жеке басының қасиеттеріне бақылау жүргізеді.

3.Инклюзивті білім беру саласын дамытуға арналған бағыттар

- Қоғамның, жалпы білім беретін мектепке дейінгі ұйымдардың мүмкіндігі шектеулі балаларды қабылдауына дайын болуы.

- Инклюзивті білім беру идеясын таратуда, шектеулі мүмкіндіктері бар балаларға толерантты, дұрыс қарым-қатынастың қалыптасуына бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуын қамтамасыз ету.

- Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін мамандар арасында тәжірибе алмасушылықты қамтамасыз ету, дұрыс тәжірибелерді баспалар, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тарату.

- Аймақтарда инклюзивті білім беру мәселесі бойынша Үйлестіру кеңесін құру.

- Ата-аналар қоғамдастығының мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуға құқығын және мүдделерін іске асыруға және оны қорғауға қатысуы, оқыту үрдісінің өзіне және түзету көмегін іске асыруға қатысуы;

- Инклюзивті білім берудің көпаспектілік мәселесіне ғылыми зерттеулер өткізу.

- Инклюзивті мектепке дейінгі ұйымда жұмыс істеу мақсатында педагогика қызметкерлерін даярлау;

- Педагогикалық ЖОО және медициналық колледждерде кіші жастағы балалармен жұмыс істеу мақсатында мамандарды даярлау жүйесін жасау.

- Арнайы (түзету) мекемелері мен жалпы білім беру мекемелері өзара сабақтастықта жұмыс жасау.

- Мүмкіндігі шектеулі балаларды ерте кезден бастап түзетуді қолға алу жүйесінің басымдылығын қолдау.

- Кіші жастағы балаларды дамыту қызметі жүйесінің жұмысының нормативті-құқықтық және ғылыми-практикалық негізін жасау.

- Мектепке дейінгі мекемелерде мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту үрдісінің мониторингін жасау.

- Жүйке және дене дамуы бұзылған тәрбиеленушілерге, жанұясына кеңестік көмек көрсету, баласының оқу және тәрбие үрдісіне ата - анасын қатыстыру, өйткені, оларда даму ерекшелігіне деген оң қарым - қатынас қалыптастыру.

Қазіргі уақытта инклюзивті білім беруді дамытудағы нақты факторлар: объективті және субъективті қиындықтар болып бөлінеді.

Субъективті қиындықтар: стандарттық процедуралардың әзірленбегендігі мүмкіндігі шектеулі балалардың оқу дәрежесін үнемі

қадағалау мақсатында білімді мониторинг жүргізу үшін индикаторлардың жоқтығы және қазақ тілінде оқу әдістемелік құралдардың аздығы. Оқу тәрбие процесін ұйымдастыруда тәрбиеші педагогтардың арнайы білімдерінің болмауы және мамандар тарапынан тұрақты кеңестің аздығы. Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымға келетін мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы көліктің болмауы. Мүмкіндігі шектеулі балалардың жеке проблемаларының болуы, яғни олардың ауырып қалуы, мектепке дейінгі ұйымға тұрақты қатыспауы.

Объективті қиындықтар: материалдық техникалық базаның төмен болуы. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту процесінде жеке дара тіл табудың қиындығы. Мамандарға арналған кабинеттердің жетіспеушілігі. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін тәрбиешілерге біліктілігін арттыру курстарының ұдайы жүргізілмеуі. Қазақ тілінде оқытатын педагог-дефектологтардың жетіспеушілігі, ауылдық аймақтарда арнайы мекемелер үшін тифлопедагогтар мен сурдопедагогтар, логопедтер санының жетіспеушілігі күрделі мәселе болып қалады.

4.Инклюзивтік білім беруді шешу жолдары

-Мүгедектік мәселені қоғамда түсіну;

-Қатарластарымен қарым- қатынас;

-Толыққанды білім беру;

-Қоғамға кіріктіру және бейімделу;

Мүгедек емес балаларды түсінуге, пікірлесуге тәрбиелеу.

-Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды ерте тексеру және түзету-педагогикалық қолдау көрсету мекемелерінің көптеп ашылуы;

-Балаға міндетті психологтық- педагогикалық жетелеу жүргізіп, жалпы білім беру үрдісімен кіріктіру;

-Әр бала үшін кіріктірудің мүмкін және қажетті түрін анықтау.

-Даму мүмкіндігі шектеулі жандарды ерте анықтап, кешенді көмек көрсету.

-Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды мектепке даярлау.

-Ерекше сұранысқа ие балаларды қанағаттандыру мақсатында жалпы типте білім беру мекемелерін техникалық құрал- жабдықтармен толықтыру.

-Инклюзивті білім беруді дамыту үрдісінде қоғамдық мекемелерде ата-аналарды қатыстыру.

Мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру ортасы баланың білім беру үрдісіне қосылуын және әр тәрбиеленушінің мүмкіндігіне қарай пайдалы таңдауына мүмкіндік жасайды.

1 нұсқау: Мүмкіндігі шектеулі балалар инклюзивтік білім алуда логопед, дефектолог, дене шынықтыру нұсқаушысы, психологтан жылдық

жоспарларына сәйкес күннің ІІ жартысында өзімен жасты балалармен қатынасады (сурет салу, жапсыру т.б.). және мамандардан оқу-тәрбие және танымдық-педагогикалық көмек алады.

ІІ нұсқау: Даму мүмкіндігі шектеулі балалар жалпы топта тәрбиешілердің ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне қатынасып «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» бағдарламалары бойынша білім алады.

ІІІ нұсқау: Даму мүмкіндігі шектеулі балалар бөбекжайдың өміріне белсене қатысады: іс-шаралар мен ойын-сауықтарға өзге балалармен бірігіп қатысуы, ертегілер мен концерттерді ұжыммен көруі олар үшін шынайы мереке.

Осындай шараларға қатыстыру арқылы балалар ұжымда өмір сүріп, құрбыларымен қарым-қатынасқа түсуге үйренеді. Егер бала осы сатыдан өтсе, мектепте оған едәуір оңайырақ болады. Ең бастысы, бұл балалар болашақта жалғызсырамай, өздерімен жасты балалармен бірге тәлім-тәрбие алуды жалғастырады.

Бір нәрсені дұрыс жасау үшін, бірнеше рет қайталап көрсетуге болады, бірақ ол мұны өзімен жасты балалар жасағанын бір рет көріп, есіне сақтап, көргенін қайталап жасай алады.

Өмірдегі түрлі жағдайларға даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың физикалық және әлеуметтік бейімделуіне, өмірге деген құштарлығы және дертпен күресуі - қоршаған ортаға меншікті қажеттілік түйсігімен байланысты.

Балаларды сапалы біліммен қамтамасыз ету- әлеммен байланыстағы бөгеттердің жойылуына және қоғамда шоғырлануына себепкер болады.

Мемлекеттік бағдарламалардың мақсаты біріншіден, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың түрлі бағдарламаларына тең рұқсат алуын қамтамасыз ету, екіншіден, даму мүмкіндіктері шектелген балаларға тең қол жетімділігіне жағдайлар жасау.

- Мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеуде қоғамның оң көзқарасын қалыптастыру;

- Мектепке дейінгі ұйымға қатынасуға мүмкіндігі шектеулі балаларды жеткізетін көліктің болмауы;

- Оларға оқыту мен тәрбие беру үрдісі арқылы қол жетімді білім берілуде, алайда мемлекеттік тілде оқу әдістемелік құралдардың жетіспейтіндігі өзекті мәселелердің бірі болып отыр;

Біздің мүмкіндігі шектеулі балалар да өзге балалардай балабақшаларға қатысуы керектігіне көзіміз жетті. Олар өзге балалардай балабақшаға толығымен төселіп кетуі мүмкін емес шығар. Ол оқып немесе санап үйренбес, дегенмен ол өмірдегі басқа да маңызды дербес дағдыларды иемденеді. Біз, балалар үшін, бала өз әрекетінің қатысы мен керектігін сезінетіндей, жағдай жасауымыз керек.

Мемлекетіміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылықтарымыз, әр баласы еліміздің ертеңі екенін ескерсек әрбір мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау біздің міндетіміз.

Мүмкіндігі шектеулі жандарға деген мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек етек жинап, ел болғалы толастамақ емес. Дегенмен бұл әрине мұндай жағдайда аздық, әлі де болса ойланарлық жағдай. Десек те, даму мүмкіндігі шектеулі жандар үшін ел тарапынан бөлінетін көмек пен қамқорлық шектелмесе екен деген ойдамын. Бұл жандар ондай өмірді таңдап алмаса керек. Мүмкіндігі шектеулі балалардан болашақта қолдарынан іс келетін саналы азаматтар мен азаматшалар шықпасына кім кепіл?

Мүмкіндігі шектеулі жандардың қозғалыс мүмкіндігі шектелгенімен, жан - дүние кеңістігі аясының тарылып, күйзеліске ұшырауына жол бермеу - белгілі бір ұйымдардың міндеті ғана емес, қоршаған ортаның, қалың бұқараның басты парызы.

Бақылау сұрақтары:

1. Инклюзивтік оқыту негізінде балалардың қандай құқығы бар?
2. Инклюзивті білім беруді ұйымдастыру кезеңдерін атаңыз
3. Инклюзивті білім беру саласын дамытуға арналған бағыттарға тоқталыңыз
4. Инклюзивтік білім беруді шешу жолдарын көрсетіңіз

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Инклюзивтік білім беру жағдайында 8 санат бойынша ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балалардың оқытуын ұйымдастыру. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 64 б.
2. Ерекше оқыту қажеттіліктеріне қарай қысқа мерзімдік, орташа мерзімдік және ұзақ мерзімдік негізде оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 80 б.
3. З.Ү.Адилышинова, А.М.Сугуралиева. Инклюзивті оқыту. (Дәрістер жинағы). Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2017.- 93 бет.
4. К.Жарықбаев. Инклюзивті білім берудің мазмұны қандай? // Мектептегі психология, 2010, №5,18-20 б.
5. Мангутова Б.Б. Мүмкіндігі шектеулі адамдар және олардың сипаттамасы. // Психология, социология, дефектология, 2009, №4, 23-26 б.
6. <http://www.stat.kz/digital/Pages/default.aspx>

10-дәріс. Инклюзивті тәжірибедегі педагогикалық техника

Жоспар:

1. Педагогикалық техника туралы түсінік
2. Педагогикалық техниканың құралдары

1. Педагогикалық техника туралы түсінік

Инклюзивті білім берудің мақсаты: Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен бірге білім беру. Яғни, адамның жынысына, дініне, шығу тегіне, денсаулығына қарамастан өмір сүруге құқылы жеке тұлға ретінде білім беру үрдісіне араластыру болып табылады. Барлық балалардың тек қана ерекше білім беруді қажетсінетін балалардың ғана емес, әр баланың қажетсінулерін қанағаттандырады. Инклюзивті білім беру балалардың дамуындағы ауытқуларға қарамастан шынайы ортада бірдей бағдарламамен оқып, білім алуын қамтамасыз ететін тәсіл.

Білім беру жүйесіне баланың интеллектуалдық мүмкіндігіне денсаулық жағдайына, отбасындағы материалдық баршылығына қатысты, толық білім базасын тең жеткізуді қамтамасыз етеді. Білім беру жүйесінде мемлекеттік құқықтық пен азаматтық қоғамда адамдарды тек қана өмір сүру үшін дайындау емес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мүмкіндігі шектеулі балалары үшін сапалы базалық білім беруді ұйымдастыра отырып, қазіргі кезеңде арнайы білім беру ретінде педагогикалық үрдісті қайта құруды талап етеді. Инклюзивті білім берудегі түрлі мамандардың ынтымақтастығы қажет: мұғалімдер, балабақшадағы тәрбиешілер, мұғалім- логопедтер, мұғалім- дефектологтар, педагог-психолог, әлеуметтік- педагог, дәрігер. Инклюзивті білім беру - мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы.

Педагогикалық техника — жеке балаға, сондай-ақ тұтас ұжымға тәрбиелік әсер етуге таңдаған әдістемелерді жүзеге асыратын білім, шеберлік, дағдылардың жиынтығы.

Педагогикалық техника – мұғалім іс-әрекетінің ішкі мазмұны мен сыртқы әрекетінің көрінісі.

Сонымен бірге әртүрлі қалыптасқан көзқарастар бойынша;

- педагогикалық шеберлікті меңгерген мұғалімнің интуициясы мен білімі,
- ғылыми жағынан беделі, педагогикалық қиындықтарды жеңе білу,
- басшылыққа икемді болу,
- баланың жан дүниесін түсінетін дарынды қабілеті,
- оқушы тұлғасына нәзік және жекелей ықпал етіп, даналық пен шығармашылық тұрғыдан ойына түрткі туғызатын, ғылыми талдауға қабілетті, қиялы жетік болуы жатады.

Қ. Қалдарова: « Педагогикалық техника педагогикалық шеберліктің басты көрінісі»деп педагогикалық техниканың құрылымдық элементтеріне тоқталады.

А. Гин өзінің «Приемы педагогической техники» еңбегінде педагогтардың педагогикалық техника тәсілдерін қолоданған педагогтардың іс тәжірибелерінен мысалдар келтіріп, ұсынады.

2.Педагогикалық техниканың құралдары

А.С.Макаренко былай деген болатын:"Тәрбиеленушілер сенің ойыңды, жүрек сезіміңді ұққандықтан құрметтейді, сенімі артады»

1) өз денесін басқара алу - физикалық денсаулық, мимика, пантомимика, жестті қолдана алу икемділігі. Адам қозғалысының мәні туралы кинетика ғылымы зерттейді.

Вербальды емес мәнерлік- табысты педагогикалық үрдістің бір бөлігі. Адамдар арасындағы өзара әрекеттестік 60 тан 80 % дейін вербальды емес құралдар арқылы жүзеге асырылатынын психологтар анықтаған, ал вербальды жолдар арқылы ақпараттық 20-40 % ғана беріледі екен.

Келбет - бет пішінді байқатады. Мұғалімнің келбеті -көзқарасы, қас-қабағы ашық болуы тиіс.Оқушы мұғалімнің бет-пішінінен, көзқарасынан сенің айтайын деген ойыңды, мақұлдауыңды ұғынады. Кәсібі көпшілік алдында сөйлеумен байланысты болғандықтан мұғалім қол қимылдары мен мимиканы қолдануды, оқушылардың көңіл-күйіне назар аударып,олардың жан дүниесін, ойларын түсінуі керек.

Мимика - өз ойын, сезімін, көңіл-күйін бет қимылдары арқылы таныта білу өнері. Сөзге қарағанда бет әлпет, көзқарас адамдарға көп әсер береді. Мимика ақпараттарды жақсы қабылдануға көмектеседі. Оқушылар мұғалімнің «бетінен»-ақ оқиды» Мұғалім әрқашан балаларға қарап тұруы тиіс, қабырғаға, терезеге, төбеге қарап сөйлеуден қашу керек.

Мимика деталдары: қас пен көз. Қасты көтеру таң қалуды білдірсе, түю-бір ойға, бір мәселеге келуді, қозғалыссыз болуы- жайлылықты, үнемі қозғалыста болу- таңдануды туғызады. Ал көзі арқылы барлығын көріп, назарда ұстап тұру қажет.

Пантомимика – дене, аяқ, қолдың қозғалысы. Ол бастыны анықтауға көмектеседі. Адамның қимылына қарап, айтайын деген ойын ұғынуға болады. Аяқтың арақашықтығы 13-15 см болу керек. Алдыға қарай қозғалып айту айтылатын мәселенің маңызды екенін білдірсе, ал артқа қарай кету тыңдаушыларға еркін отыруға мүмкіндік беретін поза.

Педагогтың жүзі жайдарлы, қозғалыстары жинақы болғаны дұрыс. Педагог өзіне-өзі сенімді болуы керек. Педагог қолдарының қимылы үйлесімді және жинақы болуы керек.

Жест – қол сермеуі. Қол сермеудің 2 түрі бар:

1. Қол сермеудің бейнелеу түрі- ой тізгінімен байланысты, оны адам жиі қолданады..

2. Қол сермеудің психологиялық түрі- адам сезімімен байланысты.

Қол қимылдары дененің басқа қозғалыстары сияқты ақпаратпен қоса жүреді.

2) өзінің эмоциональды жағдайын басқара алу - өзінің психикалық жағдайын, сезімдерін, көңіл-күйін басқара алу икемділігі .

Мұғалімнің өзін-өзі басқара білуі. Оған мынадай тәсілдерді жатқызуға болады:

- қайырымдылық пен оптимизмге тәрбиелеу

- өз тәртібіне бақылау жасау / сөйлеу, тыныс алу т.б./

- пед.қызметте жақсарту ісінде қолдану (еңбек терапиясы, музыкотерапия, библиотерапия, әзіл, имитациялық ойын);

- өзін-өзі сендіру.

Осы бағытта В. А. Сухомлинский: ішкі жан дүние гармониясын сақтау үшін қайырымды, оптимист бол, әзілмен шешуді ұсынады.

3. Әлеуметтік перцепция - зейін, өзін-өзі сырттай көре алу икемділігі т.б.

Педагогқа адам психикасы үшін маңызы зор-кері байланыс механизмін қолдана алу икемділігі керек. Өйткені, мінез-құлық та, дауыс та, мимика да, қол сілтеу де біздің ішкі дүниемізге, көңіл-күйімізге әсерін тигізеді.

4) сөйлеу техникасы – сөйлеу мәдениет, эмоциясы, дауысты қою, дем алу, интонация, сөйлеу темпі, сенім туғызуы

Мұғалімнің сөйлеу техникасы- дауыс ырғағы, тоны. Оны реттеу үшін өзімен жұмыс жасауы керек.

Сөйлеу мәдениеті дегеніміз — әр дыбысты анық айту, дауыс екпінін таңдау, дұрыс тыныс алып, бет әлпеті мен қимылын үлесімді пайдалану шеберлігі.

Сөйлесу кезінде қолыңызды айқастырмаңыз, аудиторияға бетіңізбен бұрылып тұрыңыз, араларыңыздағы қашықтық үлкен болмауы керек. Сөйлеу кезінде оңға, солға емес, керісінше алдыға, артқа қозғалған дұрыс. Алдыға қозғалғанда айтып тұрған ақпаратыңыздың маңыздылығы күшейеді, ал артқа қозғалсаңыз тыңдаушыларға кішкене дем алуға мүмкіндік бересіз.

Тыныс алу ағзаға ауаны қамтамасыз ететін физиологиялық қызмет атқарады, сондай-ақ ол сөйлеудің энергетикалық базасы болып та саналады. Тілдік тыныс алу- фоноционды /грекш phono - дыбыс) дегенді білдіреді. Күнделікті өмірде адамдар көбінесе диалогтық тілдесімге түсетіндіктен тыныс алу қиындық туғызбайды. Ал сабақ барысында мұғалім ұзақ уақыт сөйлеуі үшін: түсіндіру, дәріс оқу барысында тыныс алуды жаттықтырмаса онда бет қызарады, демікпе пайда болады, қан тамырлары жылдам соғуы мүмкін.

Тыныс алудың техникасы бойынша жаттығу жасау.

1. жоғары тыныс алу: иықты көтеру, түсіру, кеудені көтеру.
2. кеуде қуысының көтерілуі
3. ішпен тыныс алу

Дауыс. Дауыс аппараты үш бөлімнен тұрады: генераторлық, энергетикалық, резонаторлық. Дыбыс генерациясы дауыс жарғағында, ауыз қуысында болады, ол дыбыстардың тонын, шуын қамтамасыз реттейді.

Резонаторлық жүйе- жұтқыншақ, мұрын қуысы, ауыз қуысы- сөздің қозғалысы мен қойылуын реттейді. Дауыс қозғалысы оның жоғарығымен анықталады. Жоғарылық-дауыс тонының деңгейі. Диапазон- дауыс көлемі. Дауыс диапазонының төмендеуі монотонды сөйлеуге әкеледі. Дауыстың бір тонды дыбысталуы адамды басады, қажытады. Мұғалім сыныпты ұстап тұруы үшін дауысты жоғары көтеріп айтады, яғни әр педагог жұмыста болған уақытының 50 %-да жоғары дауыспен сөйлейді екен. Дауыс жоғарылығының себебі-сыныпты шулатпау екендігі түсінікті. Сынып шуы орта есеппен алғанда 55-72 децибелді құрайды екен, ал сау адамның дауысының жылдамдығы 65-74 децибель шамасында болады.

Сондықтан, мұғалім кәсібіне байланысты тамақ ауруларына ұшырамас үшін күнделікті жұмыстан кейін мүмкіндігінше 2-3 сағат сөйлемегені жөн, ал сөйлеген күнде де баяу сөйлегені дұрыс.

Ритмика – белгілі бір сөздерді, сөйлемдерді ұзақ айту жылдамдығы және пауза жасау. Бұл сөйлеудің маңызды элементі болып табылады. Ол тыңдаушыларға ықпал ету көзі деп санайды К. С. Станиславский. Сөйлеу жылдамдығы педагогтың жеке қасиетіне байланысты. Қазақтар, орыстар 1 минутта- 120 сөйлемге дейін айтады екен, ал ағылшындар болса – 120-150. Эксперименттік мәліметтерге сүйенсек, 5-6 сыныптарда мұғалім минутына 60 сөйлем, 10 сыныптарда 75 сөйлемнен артық айтпауы тиіс. айтылатын сөйлем, мәтіні неғұрлым маңызды болса, соғұрлым сөз ақырын болады.

Мұғалімнің дене бітімі, өзін-өзі ұстауы

Педагог пен оқушылар арасындағы ара қашықтық

1. Тікелей жақындықтың арақашықтығы

- Жанасудан 0,5 метрге дейін
- Ең жақын арақашықтық
- Оқыту үшін кейде ыңғайсыз

2. Жеке кеңістік

- 0,5 метрден басталады
- Жақын, бірақ тым жақын емес
- Оқыту үшін қолайлы

3. Әлеуметтік тілдесудің арақашықтығы:

- 1 метрден 3,5 метрге дейін
- Топпен тілдесу
- Оқыту аймағы

4. Көпшіліктің алдында тұрып сөйлеудегі арақашықтық:

- 3,5 метрден 7,5 метрге дейін
- Сахнада тұрып сөйлеу аймағы
- Оқыту үшін ыңғайсыз

Педагогтың дене күйі, тұрған тұрысы

- Түзу дене күй-сенімділік, зеректік, сенімділік
- Оқушыларға теріс қарап тұрып сөйлеу-қызығушылықтың жоқтығы
- Қырымен тұру-теріс, негативті қарым-қатынас
- Сұрақ қойғанда алдыға қарай еңкею- дұрыс, оң қарым-қатынас

Сабақты жүргізуге кедергі жасайтын әдеттер

- Бір сөзді қайталай беру
- Затты қолда айналдырып ұстап тұру
- Дененің артық қозғалыстары
- Аудиторияның назарын басқа жаққа аударатын және ашуландыратын

әдеттерден құтылу керек

Педагог имиджі – (ағылшынша «бейне») оқушылар, әріптестер, әлеуметтік орта, жаппай санада қабылданған мұғалім бейнесі.

Имидж құрамы: (В. М. Шепель)

1. Визуалды бейне:

- Физиологиялық белгілер- шаш, бойы, дене бітімі үйлесімділігі / 85% әсер етеді
- өзіне сай стильді анықтайтын элементтер: киім, аяқ киім, аксессуарлар

Педагог киімі эстетикалық жағынан әсерлі, әдемі, жарасымды болуы керек. Өзі-өзіне сенімді, жинақы болуы керек.

- Шешен сөйлеу, тіл табыса білу қабілеті
- Вербальды емес құралдар
- өзін-өзі бағалау /зіне сенімі, талаптану/
- кәсіби және құзырлық /кәсіби дағды, қабілеттер/
- жеке –іскерлік қасиеттер /эмоционалды байсалдылық, креативтілік,

белсенділік/

- Көшбасшылық

Жаңа қоғам педагогтың имиджіне жаңа талаптар қояды, бірақ қай заманда болысн ұстаз үшін өзгермейтін қасиеттер бар:

- балаларды жақсы көру

- мейірімділік
- шынайылық
- тілдесе алу икемділігі.

Бақылау сұрақтары:

1. Педагогикалық техника дегеніміз не?
2. Педагогикалық техниканың құралдары
3. Тыныс алудың техникасы бойынша жаттығу жасау жолдары
4. Сабақты жүргізуге кедергі жасайтын әдеттер

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Инклюзивтік білім беру жағдайында 8 санат бойынша ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балалардың оқытуын ұйымдастыру. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 64 б.

2. Ерекше оқыту қажеттіліктеріне қарай қысқа мерзімдік, орташа мерзімдік және ұзақ мерзімдік негізде оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 80 б.

3. З.Ү.Адилышинова, А.М.Сугуралиева. Инклюзивті оқыту. (Дәрістер жинағы). Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2017.- 93 бет.

4. К.Жарықбаев. Инклюзивті білім берудің мазмұны қандай? // Мектептегі психология, 2010, №5,18-20 б.

5. Мангутова Б.Б. Мүмкіндігі шектеулі адамдар және олардың сипаттамасы. // Психология, социология, дефектология, 2009, №4, 23-26 б.

6. <http://www.stat.kz/digital/Pages/default.aspx>

Тест тапсырмалары

I-Нұсқа

1. Инклюзивті (қосылған) білім беру қандай мүмкіндіктер береді?

- А) оқу іс-әрекетінде жетістіктерге жетуге
- Б) өз мүмкіндіктерін іске асыруға
- В) эмоциялардың көпқырлығын сезінуге
- Г) еңбектік іс-әрекетте жетістіктерге жетуге
- Д) барлық балаларға толық мөлшерде қоғамның өміріне қатысуға

2. Инклюзивті (қосылған) білім беру қандай мүмкіндіктерге ие?

- А) барлық оқушылардың қабілеттерін дамыту мүмкіндігіне
- Б) білім алушылардың тең құқылығын орнатуға және олардың ұжымның барлық іс-әрекеттеріне қатысуына бағытталған ресурстарға ие
- В) балалар мен ата-аналардың қарым-қатынастарына әсер ету мүмкіндігіне
- Г) балалардың физикалық дамуына әсер ететін ресурстарға
- Д) интеллекттің деңгейін арттыру мүмкіндіктеріне

3. Инклюзивті (қосылған) білім беру неге бағытталған?

- А) қарым-қатынасқа түсуге қажетті қабілеттерді барлық адамдарда дамытуға
- Б) интеллектуалдық қабілеттерді дамытуға
- В) арнайы қабілеттерді қалыптастыруға
- Г) патриоттық сезімді тәрбиелеуге
- Д) өзіндік ой-пікірді қалыптастыруға

4. Инклюзивті (қосылған) білім беру қанша принципке негізделеді?

- А) 2
- Б) 20
- В) 3
- Г) 10
- Д) 8

5. «Адамның құндылығы оның қабілеттері мен жетістіктерімен анықталмайды» принципі қай бағытқа тиесілі?

- А) философияға
- Б) арнайы білім беруге
- В) инклюзивті білім беруге
- Г) әлеуметтануға
- Д) психологияға

6. Принциптерде сипатталған инклюзивті білім берудің негізгі идеяларының бірін белгілеңіз.

А) әрбір адам сезуге, ойлауға қабілетті, қарым-қатынасқа түсуге, нақты өзара байланыстарда білім алуға құқылы

Б) тек материалдық қолдау ғана дамуға негіз бола алады

В) түрлілік дамуға кедергі болады

Г) біріктіріп оқытуды тек кіші топтарда ғана іске асыруға болады

Д) барлық оқушылар жасаған іс-әрекеттерінде прогреске жете алад

7. Инклюзивті білім беру – бұл ...

А) жалпыға білім беру мекеме жағдайында іске асырылатын білім беру қызметтерінің жүйесі;

Б) арнайы мекемелерде білім беру жүйесі;

В) ерекше балаларды үйде оқыту;

Г) оқу бағдарламасын меңгере алатындарға арналған білім беру қызметтерінің жүйесі;

Д) балаларды жеңілдетілген бағдарлама бойынша оқыту.

8. Принциптерде сипатталған инклюзивті білім берудің негізгі идеяларының бірін белгілеңіз.

А) білім беруде үйде оқыту басты приоритеттердің бірі болып саналады;

Б) тек материалдық қолдау ғана дамуға негіз бола алады;

В) физикалық ортаны тиісті ұйымдастыру ғана дамуға негіз болады;

Г) барлық адамдарға құрбыларының қолдауы мен достық қарым-қатынасы керек;

Д) прогресс деп білім алудағы жетістікті болуды санау қажет;

9. Принциптерде сипатталған инклюзивті білім берудің негізгі идеяларының бірін белгілеңіз.

А) барлық оқушылар білім алуда жетістікті болуы тиіс;

Б) түрлілік адам өмірінің барлық жақтарын күшейтеді;

В) білім беруде нақты өзара байланыстар маңызды емес;

Г) денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалар өз іс-әрекеттерінде жетістіктерге жете алмайды;

Д) инклюзивті білім беруде басты көрсеткіш болып жетістілік саналады.

10. Инклюзивті болу дегеніміз ...

А) мүгедектігі бар балаларға мәліметтік көмек көрсету;

Б) талап ету сәтінде әр балаға көмек көрсету;

В) мүгедектігі бар балаларға материалдық көмек беру;

Г) денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық қолдау көрсету;

Д) білім алуда барлық балалардың бірге болуына тиімді жолдар іздеу;

11. Инклюзия дегеніміз – ...

А) қауымдастыққа қатысты болу (достарының тобына, мектепке, тұратын мекен жайына);

Б) мекен жайы бойынша білім алуға құқылы болу туралы ереже қабылдау;

В) «ұқсас» балаларды бірге оқыту;

Г) денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған тәрбиелік шараларды өткізу;

Д) денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалардың қабілеттерін ашу.

12. Инклюзия дегеніміз – ...

А) баланың қабілеттеріне сай білім беру бағдарламасының көмегімен әр оқушыны тану, ашу;

Б) күрделі білім беру бағдарламаның көмегімен балалардың қабілеттерін дамыту;

В) толеранттылықты тәрбиелеу;

Г) ерекше балаларға қамқорлық көрсету;

Д) баланың қабілеттерін ескерусіз білім беру бағдарламасының көмегімен әр оқушыны тану, ашу.

13. Инклюзия нені ескереді?

А) оқушы мен мұғалімдерге қажетті материалдық қажеттіліктерді;

Б) оқушы мен мұғалімдерге жетістіктерге жету үшін керек қажеттіліктер, арнайы жағдайлар мен қолдауды;

В) оқушыға білім алу үшін керек қабілеттерді дамыту ерекшеліктерді;

Г) мұғалімнің кәсіби іс-әрекетін атқаруға қажетті жағдайларды;

Д) оқушының қабілеттерін ескерусіз білім беру бағдарламасын қолдану жолдарын.

14. Инклюзивті мектепте ...

А) «қалыпты» деңгейден минималды төмен деңгейдегі балалар оқиды

Б) балалардың қабілеттерінің даму деңгейін ескереді;

В) бағдарламаны меңгере алатын балалар ғана оқиды;

Г) әр баланы қабылдап, ұжымның маңызды мүшесі деп санайды;

Д) денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалар тек тәрбиелік шараларға қатысады.

15. Инклюзивті мектепте ерекше қажеттіліктері бар оқушыны ...

А) оның ерекше қажеттіліктерін қамту үшін құрдастары және қауымдастықтың басқа да мүшелері қолдайды;

Б) тәрбиелік шараларды өткізуде ғана біріккен іс-әрекетке қосады;

В) аптасына бір рет сабақтан тыс шараларға шақырады;

Г) индивидуалды сабақтарда бөлек оқытады;

Д) индивидуалды түрде демалыс кезеңінде оқытады.

16. Инклюзивті білім беруді іске асырудағы кедергілерге жатқызылады:

А) денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалардың оқу жетістіктерінің төмен деңгейлігі;

Б) ерекше қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарының материалдық қиындықтары;

В) денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалар білім беру бағдарламасын меңгере алмайды;

Г) мектептің баланың үйінен алыс орналасуы;

Д) мектептердің архитектуралық қол жетімсіздігі, «ерекше» балалар жиі «оқи алмайтындар» деп саналады;

17. Инклюзивті білім беруді іске асырудағы кедергілерге жатқызылады:

А) мүгедек балаларды оқыту барлығына білім беру бағдарламасын қайта қарастыруды талап етеді;

Б) денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалар құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе алмайды;

В) біреулерінің төмен деңгейлі оқу жетістіктері басқаларының оқуына кедергі болады;

Г) жалпы мектептердің мұғалімдерінің көпшілігі мүгедек балаларды сыныптың оқу процесіне қосуға дайын емес;

Д) ерекше қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарының материалдық қиындықтары.

18. Инклюзивті білім беруді іске асырудағы кедергілерге жатқызылады:

А) денсаулығының мүмкіндігі шектеулі балалар құрдастарымен қарым-қатынасқа түсе алмайды;

Б) мүгедек балалардың ата-аналары балаларының білім алуға құқықтарын қорғай алмайды;

В) біреулерінің төмен деңгейлі оқу жетістіктері басқаларының оқуына кедергі болады;

Г) мүгедек балаларды оқыту барлығына білім беру бағдарламасын қайта қарастыруды талап етеді;

Д) ерекше қажеттіліктері бар балалардың ата-аналарының материалдық қиындықтары.

19. Инклюзивті мектептің ережелеріне жатқызылады:

А) әлеуметтік байланыстарды орнатуда оқушылардың мүмкіндіктері әртүрлі;

Б) мектептік қауымдастықтағы барлық оқушылар тең құқылы, оқу процесінде олардың барлық қажеттіліктері қамтылады;

В) балаларды қарым-қатынасқа итермелудің қажеті жоқ;

Г) әр бала өз мүмкіндіктерін білуі тиіс;

Д) әр баланың жетістіктерінің деңгейі жайлы басқаларға мәлім етіп отыру керек.

20. Инклюзивті мектептің ережелеріне жатқызылады:

- А)маңызды әлеуметтік байланыстарды орнату мен дамытуда барлық оқушылардың мүмкіндіктері бірдей болуы керек;
- Б)әлеуметтік байланыстарды орнатуда оқушылардың мүмкіндіктері әртүрлі;
- В)балаларды қарым-қатынасқа итермелудің қажеті жоқ;
- Г)әр бала өз жетістіктерін талдай білуі тиіс;
- Д)әр баланың жетістіктерінің деңгейі жайлы басқаларға мәлім етіп отыру керек.

21.Инклюзивті мектептің ережелеріне жатқызылады:

- А)білім беру процесіне қосылған қызметкерлер енгізу процесін жеңілдететін стратегиялар мен шараларды меңгерген;
- Б)білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жетістіктерін бақылап отыру қажет емес;
- В)білім алуда балалардың жетістіктері басты көрсеткіш;
- Г)енгізу процесі ата-аналардың араласуын қажет етпейді;
- Д)енгізу процесі мамандардың араласуын қажет етпейді.

22.Инклюзивті мектептің ережелеріне жатқызылады:

- А)бағдарлама мен оқыту процесі әр баланың қажеттіліктерін ескереді;
- Б)балаларды оқыту процесіне ата-аналар араласпауы керек;
- В)балалар барлығына арналған білім беру бағдарламасын меңгерулері тиіс;
- Г)үлгермейтін балаларды екінші жылға қалдыру керек;
- Д)оқыту бағдарламасында әр баланың қажеттіліктерін ескеру қажет емес.

23.Инклюзивті мектептің ережелеріне жатқызылады:

- А)үлгермейтін балаларды екінші жылға қалдыру керек;
- Б)балаларды оқыту процесіне ата-аналар араласпауы керек;
- В) отбасылар мектептің өміріне белсенді қатысады;
- Г)барлық балалардың жетістіктері бірдей бағаланады;
- Д)оқыту бағдарламасында әр баланың қажеттіліктерін ескеру қажет емес.

24.«Инклюзия» (inclusif) терминін Француз тілінен аударғанда қандай мағына береді?

- А) барлығына түсінікті;
- Б)қатарынан алып тасталған;
- В)жеке тұлғаны ашатын;
- Г)қоршаған ортада ерекшеленетін;
- Д) өзіне қосып алған (енгізілген);

25.Жалпыға білім беру мектептерінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту процесін сипаттауда қолданылатын термин.

- А) индивидуалды білім беру;
- Б)эксклюзивті білім беру;
- В)альтернативті білім беру;
- Г) инклюзивті немесе қосылған білім беру;

Д)құрдастарының арасында оқыту.

II-нұсқа

1. «Инклюзия» (include) термині латын тілінен аударғанда қандай мағына береді?

- А) бөліп аламын;
- Б)қорытынды жасаймын;
- В)мүқият қарастырамын;
- Г) біріктіремін, енгіземін, қосамын;
- Д)ұқсастарды біріктіремін

2.Инклюзивті білім беруде жалпыға білім беру процесі қалай іске асырылады?

- А)ерекше балаларға да, олардың қажеттіліктерін ескерумен, қолжетімді орта жасалады;
- Б)жоғары деңгейлі қабілеттері бар балалар оқу процесіне қосылады, оларға қолжетімді орта жасалады;
- В)жалпы бағдарламаны меңгере алатындар оқу процесіне қосылады;
- Г)жеңіл деңгейлі бұзылыстары бар балалар оқу процесіне қосылады;
- Д)тиісті сараптаудан өткен балаларға қолжетімді орта жасалады.

3.Ақыл ой дамуында кемістіктері бар адамдарды оқыту мен тәрбиелеу қажеттілігі туралы ойды айтқан ғалым.

- А) Ж.Руссо;
- Б)И.Песталоцци;
- В)Дж.Дьюи;
- Г)Л.Выготский;
- Д) Я.Коменский;

4.Қай патша кезінде 1551 жылы «Стоглавый Судебник» кітабына кедей, ауру, ақыл ойы кем адамдарға қамқорлық көрсету қажеттілігі жайлы бап енгізілді?

- А) Петр I;
- Б) Иван Грозный;
- В)Алексей I;
- Г)Николай I;
- Д)Александр I.

5.1677 жылы патша Федор Алексеевич қабылдаған ақыл ойы кемдердің құқықтық жағдайы туралы заңы оларға неге тиым салды?

- А) шарап ішу құқығына;
- Б)шылым тартуға;
- В)қоғамдық мекемелерге бару құқықығына;
- Г) керең, соқыр, ішімдікке салынғандар мен ақымақтарға өз мүлкін басқаруға;
- Д)сақалын алу құқығына.

6.Петр I «ақымақтар туралы» жарлығын шығарғанда қандай мақсатты көздеді?

- А) парақорлықтың алдын алу;
- Б) ішімдікке салынудың алдын алу;
- В) нашақорлықтың алдын алу;
- Г) монастырлерде ақыл ойы кемдерге қамқорлық көрсету жүйесін өз пайдасына қолданудың алдын алу;
- Д) ұрлықтың алдын алу.

7. Ақылы кем болып алдап, әскерде қызмет етуден қашқан «ақымақтарға» Петр I қандай тиым салған?

- А) сақал-мұрт алуға;
- Б) шарап ішуге;
- В) қоғамдық мекемелерге баруға;
- Г) балалы болуға;
- Д) мүлікті мұра ету мен үйленуге

8. «Ақыл ойы кем адамдарды оқыту мен тәрбиелеу қажет» - деп санаған танымал швейцариялық педагог.

- А) И. Песталоцци;
- Б) Я. Коменский;
- В) Дж. Дьюи;
- Г) Ж. Руссо;
- Д) К. Дэвидсон;

9. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту-тәрбиелеу жұмысын нәтижелі атқаратын үлкен мекеме қай ғасырда ашылды?

- А) 20 ғасырдың 40-шы жылдары;
- Б) 18 ғасырдың соңы – 19 ғасырдың басы;
- В) 20 ғасырдың 20-шы жылдары;
- Г) 15 ғасырдың соңы – 16 ғасырдың басы;
- Д) 19 ғасырдың соңы – 20 ғасырдың басы;

10. Биологиядағы материалистік көзқарастардың дамуын жылдамдатуға әсер еткен ғылыми еңбектердің авторлары.

- А) Т. Гоббс және И. Галле;
- Б) Платон және Аристотель;
- В) Аристотель және И. Галле;
- Г) Ч. Дарвин және И. Сеченов;
- Д) Дж. Дьюи және И. Песталоцци;

12. Психиатр Э. Крепелин кем ақылдықтың барлық түрлерін қандай бір топқа біріктірді.

- А) топастық.
- Б) психикалық жетілмеу;
- В) аномалиялар;

Г) психиканың бұзылуы;

Д) психикалық дамудың тежелуі;

13. «Қалыпты да, аутқушылығы бар баланың да даму заңдылықтары бірдей» - деп айтқан ғалым.

А) С.Аукс;

Б) М.Моруа;

В) Э.Крепелин;

Г) Г.Трошин;

Д) И.Галле;

14. Қай уақыттан бері ақыл ой кемісітігін анықтауда психометриялық бағыт тиімді деп санала бастады.

А) 19 ғасырдың 10 жылдарынан;

Б) 20 ғасырдың 20 жылдарынан;

В) 19 ғасырдың 20 жылдарынан;

Г) 18 ғасырдың 20 жылдарынан;

Д) 20 ғасырдың 10 жылдарынан.

15. 1871 жылы терең бұзылыстары бар адамдарға арналған бірінші мекеме қайда ашылды?

А) Парижде;

Б) Прагада;

В) Лондонда;

Г) Леонда;

Д) Стокгольмде;

16. А.Бинэнің бірінші тесті қай жылы жарық көрді?

А) 1900 жылы;

Б) 1890 жылы;

В) 1920 жылы;

Г) 1820 жылы;

Д) 1896 жылы;

17. Тестілеу әдісін қолдану қандай қажеттіліктен туындады?

А) жазуға үйрету;

Б) ақыл ойы кем балаларды оқыту;

В) балаларды физикалық дамыту;

Г) балаларды көмекші мектепке сараптау;

Д) сөйлеу тілінің даму ерекшеліктерін анықтау.

18. Практикада тестілеуді алғаш рет қолдану қандай жағдаймен байланысты болды?

А) интернаттардың ашылуымен;

Б) көптеген жеке меншік мектептердің ашылуымен;

В) оқушыларды көмекші мектепке сараптаудан өткізумен;

Г) коммунисттік өндірістің қарқынды дамуымен;

Д) жаратылыстану ғылымдарының дамуымен.

19. А.Бинэ и Т.Симон бірінші болып нені ұсынды?

А) өздерінің ақыл ой кемістігіне байланысты концепциясын;

Б) тәрбиелеу әдістерін қолдану ережелерін;

В) өздерінің физикалық жетілмеу мәселесіне байланысты концепциясын;

Г) дамытушылық әдістерін қолдану ережелерін;

Д) сабақтың құрылымын, жүргізу ережелерін.

20. 1904 жылы А.Бинэ мен Т.Симон қай мәселені зерттей бастады?

А) ақыл ой кемістігін анықтау әдістері мен тәсілдерін;

Б) жұмысшылардың кәсіби өсу деңгейін;

В) педагогтарды сараптаудан өткізу әдістері мен тәсілдерін;

Г) арнайы мектептердің құрылымын;

Д) арнайы мекемеде тәрбиелеу әдістерін.

21. Ақыл ой дамуы терең бұзылған адамдарға арналған мекеме Прага қаласында қай жылы ашылды?

А) 1840 жылы.

Б) 1971 жылы;

В) 1787 жылы;

Г) 1900 жылы;

Д) 1871 жылы;

22. Қай жылы Италияда «Ақыл ойы кем балаларды қорғауға бағытталған ұлттық одақ» құрылды?

А) 1900 жылы;

Б) 1971 жылы;

В) 1787 жылы;

Г) 1898 жылы;

Д) 1840 жылы

23. Жеке тұлғаның әлеуметтік қасиеттерін «өлшеу» жүйесі қалай аталады?

А) тестология;

Б) социометрия;

В) сұрақтама;

Г) сұрақнама;

Д) интервью

24. 1954 жылы көмекші мектептерге арналған қандай құжат құрастырылды?

А) заңдар жинағы;

Б) әдістемелік нұсқау;

В) оқыту бағдарламасы;

- Г)ережелер;
 - Д)құқықтар мен міндеттер.
- 25.Көмекші мектептің басты міндеті.
- А)тәрбиелеу;
 - Б)жеке тұлғалық қасиеттерді дамыту;
 - В)сурет салуға үйрету;
 - Г)жазуға үйрету;
 - Д)оқуға үйрету.

III-нұсқа

- 1.Мәскеуде аутқушылығы бар балаларға арналған «Мектеп-санаторий» қай жылы ашылды?
- А) 1908 жылы;
 - Б) 1930 жылы;
 - В) 1879 жылы;
 - Г) 1895 жылы;
 - Д) 1940 жылы.
2. В.Кашенконың «Мектеп-санаторийінде» қандай балалар оқыды?
- А) аномальді;
 - Б)соқыр;
 - В)саңырау;
 - Г) үлгермейтін;
 - Д)параличке шалдыққан.
3. Инклюзивті білім беру негізделетін принциптердің бірі.
- А) мектептік бағдарламаны мегере алатындарды оқыту;
 - Б)балалардың білім алу мен мекен жайы бойынша оқуға құқықтарын қамту;
 - В)балалардың өзіндік анықтауға мүмкіндіктерін қамту;
 - Г)ерекше балаларды мектептен тыс жағдайда минималды дағдыларға оқыту;
 - Д)ерекше балалардың физикалық қалыптасуын, дамуын ұйымдастыру.
- 4.ЮНЕСКО инклюзивті білім беруді қандай процесс деп анықтайды?
- А)барлық білім алушылардың түрлі қажеттіліктерін ескеру;
 - Б)дамуға мүмкіндігі бар балаларды оқыту;
 - В)қабілеттері тең балаларды біріктіріп оқыту;

- Г) ерекше балаларға медициналық көмек көрсету;
Д) арнайы білім беру мекемесінің іс-әрекетінің нәтижелерін жақсарту.
5. Интеграция дегеніміз – бұл ...
- А) балаларды күнделікті білім беру кеңістігіне енгізу;
Б) кіші кеңістіктен үлкен кеңістікке көшіру;
В) балаларды мүмкіндіктеріне сай оқыту;
Г) балаларды оқудағы жетістіктеріне сәйкес жалпыға білім беру кеңістігіне енгізу;
Д) қабілеттері тең келетін балаларды біріктіріп оқыту.
6. Инклюзивті білім беру дегеніміз – ...
- А) балаларды білім беру кеңістігіне енгізу;
Б) барлық балаларға барлық бағдарламаларға қатысуға мүмкіндік беретін процесс пен саясат;
В) қабілеттері тең келетін балаларды біріктіріп оқыту;
Г) балаларды мүмкіндіктеріне сай оқыту;
Д) оқуда ең жоғары жетістіктерге жеткен балаларды жалпыға білім беру кеңістігіне енгізу.
7. Интеграциялық білім берудің модельдерін белгілеңіз.
- А) жартылай және уақытша;
Б) айлық; үш айлық; тоғыз айлық; жартыжылдық; жылдық;
В) толық; тұрақты, толық емес; уақытша, жартылай; эпизодтық;
Г) толық және толық емес;
Д) жылдық; уақытша; жартылай; семестрлік; триместрлік.
8. Түрлі мүмкіндіктері бар балаларды мектептік өмірдің барлық бағыттарына қосу қалай аталады?
- А) эксклюзивті білім беру;
Б) білім алу барлығы үшін;
В) мектептік бағдарламаны іске асыру;
Г) деңгейге сай оқыту;
Д) инклюзивті білім беру;
9. Инклюзивті білім берудің негізгі идеясы.
- А) білім беру жүйесіне қосылуға бала емес, жүйе дайын болуы тиіс;
Б) арнайы мекемеде бала оқуға жағдайдың жасалуы;
В) білім алушылардың оқуда талаптарды орындауға дайын болуы;
Г) «ерекше» бала түсінігін қабылдамау;
Д) баланың оқу процесіне қосылмас бұрын талаптарға сай деңгейде болуын тексеру.
10. Идеологиялық бағытта шетелде инклюзивті білім беру неге негізделеді?
- А) қалыптандыру концепциясына;

- Б)көпшіліктің идеяларына;
- В)өзіндік даму концепциясына;
- Г)философиялық идеяларға;
- Д)тарихи мәліметтерге

11.Инклюзивті білім беру мәселесінің негізін қалаушы батыстық психологиялық теориялар.

- А)әлеуметтік үйрету теориялары;
- Б)интеллектуалды даму теориялары;
- В)әрекет теориясы;
- Г)өзін белсендендіру теориясы;
- Д)өзін дамыту теориясы.

12.Отандық ғалымдардың позициясынан инклюзивті білім беру мәселесінің негізін қалаушы теория.

- А) интеллектуалды даму теориялары;
- Б) іс-әрекеттік бағыттылық теориясы;
- В)әрекет теориясы;
- Г)өзін белсендендіру теориясы;
- Д)өзін дамыту теориясы.

13.Ерекше балалардың интеграциясына әсер ететін сыртқы жағдайлар.

- А) түзету жұмысының уақыты, мөлшері;
- Б)дер кезіндегі медициналық көмек, ақылы көмек түрлерінің көлемі;
- В)ата-аналарға, әкімшілікке, қосымша педагогтарға берілетін пайдалы кеңес, ағарту жұмыстары;
- Г)маманның бұзылыстардың ерекшеліктерін ажырата алуы;
- Д) бұзылыстарды ерте анықтау, түзету, ата-аналардың көмек беруі, нәтижелі көмек;

14.Ерекше балалардың интеграциясына әсер ететін ішкі жағдайлар.

- А) интеллектуалдық дамудың деңгейі;
- Б) психофизикалық даму деңгейі, оқуға психологиялық дайындығы;
- В)әлеуметтенудің ерекшеліктері;
- Г)баланың қарым-қатынасқа түсу іскерліктері мен қабілеттілігі;
- Д)ақыл ойының даму ерекшеліктері.

15.Мүгедектікті «күнәлары үшін жаза» деп қарастыратын модель.

- А) моральдық (діни);
- Б)медициналық;
- В)дәстүрлі;
- Г) «жана»;
- Д)дәстүріден соңғы.

16. Медициналық модельге сай психофизикалық және интеллектуалдық дамуында бұзылыстары бар адамдар қандай деп саналады?

- А) ауру;
- Б) жарамсыз;
- В) іс-әрекетке уақытша жарамсыз;
- С) жетілмеген;
- Д) ақыл ойы кем.

17. Мүгедектіктің әлеуметтік моделі қашан, қайда пайда болды?

- А) 20 ғасырдың 80-ші жылдары, Ресейде;
- Б) 20 ғасырдың 40-шы жылдары, Францияда;
- В) 20 ғасырдың 70-ші жылдары, Скандинавияда;
- С) 20 ғасырдың 20-шы жылдары, АҚШ;
- Д) 20 ғасырдың 90-шы жылдары, Испанияда.

18. Мүгедектіктің әлеуметтік моделі қандай модельге альтернативті болып табылады?

- А) «жаңа»;
- Б) моральдық (діни);
- В) дәстүрлі;
- Г) медициналық;
- Д) дәстүріден соңғы.

19. Британдық мүгедектіктің материалистік моделіне сәйкес мүмкіндігі шектеулі адамдар ...

- А) кемістілген әлеуметтік топ;
- Б) қамтылған әлеуметтік топ;
- В) қоғам үшін жабық топ;
- Г) ерекше талаптары бар топ;
- Д) медициналық көмекті талап ететін топ.

20. «Мүгедектік» түсінігінің мағынасы.

- А) шаршаған;
- Б) ауру;
- В) жарамсыз;
- Г) дамымаған;
- Д) ешнәрсеге сай емес.

21. «Handicap» түсінігінің мағынасы.

- А) «ауыстыруға келетін»;
- Б)«қабылданбаған адам»;
- В) «қалпақтағы қол»;
- Г)«ауру қол»;
- Д)«қолға үйренген».

22.Мүгедектерді, құқықтары мен бостандықтары сыртқы кедергілер арқылы шектелетін топ, деп қарастыратын модель.

- А) материалисттік модель;
- Б)«nandіcar» моделі;
- В)медициналық модель;
- Г) кіші топтар Концепциясы;
- Д) «тәуелсіз өмір» моделі.

23.Бұл модельге сәйкес кез келген адамға «таңба басылған».

- А) мәдени модель;
- Б) психоәлеуметтік модель;
- В)адамзат түрлілігі моделі;
- Г)кіші топтар Концепциясы;
- Д)материалисттік модель.

24.Мүгедектіктің мәдени моделінің негізінде не жатыр?

- А) өзіндік даму;
- Б)өздерінің жарамсыздығын түсінулері;
- В)өздерінің кемістіктерін қабылдаулары мен түсінуі;
- Г) мүгедектердің өздерінің маңыздылығын түсінулері;
- Д)мүгедектердің өздерінің келешегі жайлы ойлануы.

25.Адамзаттың түрлілігі моделінде басты назар неге аударылады?

- А)теңдік түсінігіне;
- Б)мүгедектердің өмірлерінің қиындығына;
- В)қарым-қатынастағы кедергілерге;
- Г)әлеуметтенудегі ерекшеліктерге;
- Д)медициналық көмек көрсету қажеттілігіне.

Кілті:

I-нұсқа		II-нұсқа		III-нұсқа	
1	Д	1	Г	1	А
2	Б	2	А	2	Г

3	А	3	Д	3	Б
4	Д	4	Б	4	А
5	В	5	Г	5	А
6	А	6	Г	6	Б
7	А	7	Д	7	В
8	Г	8	А	8	Д
9	Б	9	Д	9	А
10	Д	10	Г	10	А
11	А	11	А	11	А
12	А	12	Г	12	Б
13	Б	13	Г	13	Д
14	Г	14	Б	14	Б
15	А	15	Б	15	А
16	Д	16	Д	16	А
17	Г	17	Г	17	В
18	Б	18	В	18	Г
19	Б	19	А	19	А
20	А	20	А	20	В
21	А	21	Д	21	В
22	А	22	Г	22	Г
23	В	23	Б	23	Б
24	Д	24	В	24	Г
25	Г	25	А	25	А

© Мардан Сапарбаев институты, 2020.